

Л. А. Бимендиева

# РЫНОКТЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Оқу құралы



Алматы 2015

Л. А. Бимендиева

РЫНОКТЫҚ  
ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

*Оқу құралы*

Алматы  
«Қазак университеті»  
2015

35727

ӘОЖ 330 (075.8)

КБЖ 65.01 я 73

Б 54

*Баспаға Экономика және бизнес Жоғары мектебі  
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі  
шешімімен ұсынылған*

**Пікір жазғандар:**

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент *Ф.Р. Даулиева*  
экономика ғылымдарының кандидаты, доцент *А.Н. Байгелова*

**Бимендиева Л.А.**

Б 54 Рыноктық инфрақұрылым: оқу құралы / Л.А. Бимендиева.  
– Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 186 б.

**ISBN 978-601-04-1106-7**

Оқу құралында әр тақырып бойынша дәрістің тезісі берілген және бақылау тапсырмаларымен қамтамасыз етілген. Оқу құралында тест тапсырмалары, студенттің өзіндік жұмысының тақырыптары, бақылау сұрақтары берілген.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының экономика факультетінің студенттеріне, оқытушыларына және де мүдделі аудиторияға ұсынылады.

**ӘОЖ 330 (075.8)**

**КБЖ 65.01 я 73**

## АЛҒЫ СӨЗ

Білім берудің кредиттік технологиясы оқу үдерісін заманауи ұйымдастыруда жаңа талаптар қойып отыр. Жоғары білімді маман дайындаудағы қазіргі уақыттың басты міндеті – ізденімпаз, өзін дамытуға құштар, өз бетінше білімді игеруге, өз еңбегін дербес ұйымдастыруға қабілетті, шығармашыл әрі шешім қабылдай білетін тұлғаларды қалыптастыру. Оқу үдерісін заман талабына сәйкес сапалы оқулықтармен, оқу құралдарымен қамтамасыз етуде және жоғары оқу орындарында экономикалық білім беруде қазақ тілінде жазылған оқу құралдарына сұраныс жоғарылауда.

Рыноктық инфрақұрылым оқу құралын дайындауда әр тақырып бойынша жаңа ақпараттарды, қазақстандық мәліметтерді беру қажеттігі автормен ескерілді. Сонымен бірге «Рыноктық инфрақұрылым» пәнінің таңдау пәні ретінде оқу жұмыс жоспарына он жыл бұрын енгізіліп, 2006 жылы оқу құралы оқу лабораториясынан дәрістер жинағы ретінде жарыққа шығарылып мүдделі аудиторияға ұсынылған болатын. Сегіз жыл көлемінде бұл оқу құралы оқу үдерісінде студенттермен пайдаланылғандықтан әрі сынақталғандықтан аудиторияның барлық талап-тілектері оқу құралында ескерілді. Шағын оқу құралының мақсаты рыноктық инфрақұрылымның негізгі мәселелерін жеткілікті дәрежеде әрі тұтастықта ұсыну болып табылады. Студенттің шығармашылық белсенділігін арттыру мақсатында оқу құралында ел экономикасындағы жаңалықтарға және қазақстандық статистикалық мәліметтерге аса ықтияттылықпен көңіл бөлінді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың дәстүрлі жолдауында: «Әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуды біз стратегиялық міндет дәрежесіне көтеруге тиіспіз. Біз мемлекеттік – жеке меншік әріптестігінің көмегімен әлеуметтік-инфрақұрылымдық даму тетігін қалыптастыру қажеттігіне жет-

тік деп білемін» [1], – деп көрсетуі халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған шаралардың жүзеге асырылуында инфрақұрылым салалары қызметтерінің дамуы негізгі орын алатындығын білдіреді.

Сондай-ақ 2014 жылдың 11 қарашасындағы Елбасының Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» жолдауында: «Көлік-логистикалық инфрақұрылымын дамыту хабтар қағидасы бойынша макроаймақтарды қалыптастыру аясында жүзеге асырылады. Бұл жерде сәуле қағидасы бойынша инфрақұрылым жоспары Астанамен және өзара макроаймақтарды магистралды автомобиль, теміржол және әуежолдарымен байланыстырады. Сонымен бірге елдің батысында теңіз инфрақұрылымын құру қажет... Инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруда көлік-коммуникациялық, энергетикалық және тұрғын-үй коммуналдық сала үшін құрылыс материалдарына, өнімдерге және қызметтерге сұраныстың көбеюіне әкеледі. Туризм үшін инфрақұрылым – бұл бөлек бағыт. Артықшылығы қосымша жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Энергетикалық инфрақұрылымды дамыту, тұрғын-үй коммуналды шаруашылық және су мен жылу арқылы қамсыздандыру инфрақұрылымын жаңғырту қажет... Шағын және орта бизнес пен іскер белсенділікті қолдау бойынша жұмыс жалғасын табуы қажет...» [2], – деп Президент инфрақұрылымдық дамыту экономиканың барлық салаларына қан жүгіртудің, сол арқылы барша қазақстандықтардың жағдайын жақсартудың басты көзі екендігін баса айтып, алдағы кезеңдерде ел экономикасындағы инфрақұрылымдық дамытудың негізгі бағыттарын көрсетіп берді.

«Рыноктық инфрақұрылым» оқу құралының мазмұндық құрылымы оқу бағдарламасына сәйкес, рыноктық шаруашылық инфрақұрылымының қазіргі таңдағы өзекті тақырыптарын негізге ала отырып анықталды.

Оқыту үдерісін жаңашылдандыру мақсатта оқу құралында студенттердің танымдық қызығушылығын және логикалық ойлауын, дербес ғылыми ізденіс қабілетін жетілдіруге бағытталған кешенді тест тапсырмалары, бақылау ізденіс сұрақтары берілді. Сонымен бірге автор студенттердің өзіндік жұмыстарының тақырыптарын ұсыну арқылы өз бетінше тапсырма орындауды ұйымдастыруға көңіл аударды. Әр тақырыптың мазмұнына сәй-

кес пікірталас, зерттеу жүргізудің бағыттары айқын көрсететін, бағыт-бағдар беретін тапсырмалар таңдалды. Арнайы әр тақырып Қазақстан Республикасының ерекшелігін айқындайтын статистикалық мәліметтерімен толықтырылып отырды. Сондықтан осы оқу құралын студенттің өзіндік жұмысын ұйымдастыру барысында да қолдануға ұсынуға болады.

Рыноктық инфрақұрылым пәні бойынша ұсынылып отырған оқу құралы оқытушылардың, студенттердің көңілінен шығып, оқу үдерісінде кең қолданыс табады деген үміттеміз.



### **1.1. Экономиканың инфрақұрылымдық қамтамасыз етілуінің негіздері**

Рыноктық экономикалық қатынастардың жедел дамуымен байланысты рыноктық инфрақұрылымды қалыптастырып дамыту шаруашылық жүргізудің рынок шарттарын мойындаған көптеген елдердің өз дамуында алдына қойып отырған басты экономикалық мақсаты болып табылады. Рыноктық қатынаспен байланысты, яғни рыноктық ахуалды сипаттайтын және қолдау деңгейін өсіріп, бизнесті дамытуға арналған, мамандандырылған арнаулы органдардың дүниеге келуі шартты заңдылық. Рынок субъектілерінің экономикалық мүдделерін іске асыруына мүмкіншілік жасап, кәсіпкерлікке жол беретін арнаулы заңдардың шығарылуы және іске асырылуы арнаулы мамандар мен ұйымдарының жұмысы арқылы жүзеге асырылады.

Мұндай жүйе рынок инфрақұрылымын қалыптастырады, яғни рынок инфрақұрылымы – бұл мекемелер мен ұйымдардың бағалар және тауарлар мен қызмет көрсетулердің еркін қозғалысын қамтамасыз ету жүйесі.

Жалпы, инфрақұрылым термині латын тілінен аударғанда «*infra*» – төмен, және «*structura*» – орналасқан, орналасу деген мағынаны білдіреді. Алғашқыда инфрақұрылымның мәні және қоғамдағы рөлі туралы біртұтас көзқарас болмады. Алайда инфрақұрылымның дамуын кезеңге бөліп қарастыратын тұжырымдар кездеседі. Экономикалық әдебиеттерде инфрақұрылым термині алғаш XX ғасырдың 40-жылдарында көрініс тапқан. Өндірістің даму деңгейіне, түрлі сыртқы факторлардың әсерлеріне, сонымен бірге әскери әрекеттерге байланысты өзіндік ерекшеліктері



болған сол кезеңде инфрақұрылым өндірістің қажетті факторы ретінде қарастырыла бастады. Сонымен қатар инфрақұрылымның пайда болуына байланысты көптеген пікірлер тұжырымдалды.

Инфрақұрылым терминін ең алғаш айналымға Америка ғалымы П.Н. Розенштейн-Родан енгізген деп қабылданады, алайда кейбір әдебиеттерде осы терминді ең алғаш қолданған Х. Зингер деген пікірлер де кездеседі. Өйткені Х. Зингер енгізген «*overheadal capital*» термині аудармада инфрақұрылым деген мағынаны білдіреді деп көрсетеді [3].

Соған қарамастан, тікелей терминді енгізбесе де, инфрақұрылымның экономикалық мағынасы экономикалық ілімнің клас-сигі К. Маркстің еңбектерінде кеңінен көрініс тапқан. К. Маркс инфрақұрылымды қоғамдық даму процесі мен жалпы еңбек құралдарының бір бөлігі ретінде қарастырған. Инфрақұрылымның экономикалық мағынасы, түсінігі мен қоғам дамуындағы ролі туралы да шетелдік және отандық ғалымдардың пікірлері әртүрлі. Н.Ф. Голиковтың пікірінше, инфрақұрылым ең алғаш құрылыс саласында қолданыла бастады және іргетас, фундамент, негіз дегенді білдіреді [4].

Алайда кейбір экономикалық әдебиеттерде көрініс тапқан ғалымдардың тұжырымдары инфрақұрылым ең алғаш әскери салада қолданылған деген пікірді алға тартады. Әскери салада инфрақұрылыммен бірге аэродромдар, ракеталық база, радиолациялық бекет, қоймалық шаруашылықтар және басқалары түсінілген [4].

Р. Иохимсен инфрақұрылымға «материалдық, институционалды және индивидуалды құрылымдар мен жағдайлардың жиынтығы» ретінде анықтама берсе, П.Н. Розенштейн-Родан «инфрақұрылым – бұл экономиканың негізгі салаларында қызмет етуші және тұрғындардың қажеттілігін қанағаттандырушы жеке кәсіпкерліктің қолайлы дамуын қамтамасыз ететін жалпы жағдайлар мен шарттардың кешені» деген анықтама ұсынады. В.П. Красовский инфрақұрылымды қоғамдық өндіргіш күштерінің құрамды бөлігі деп санаған [3].

Кеңестік экономикада инфрақұрылымның мәнін айқындауда материалдық өндіріс процесі көбіне материалдық игіліктерді құру процесі түрінде талдана бастады, ал қызмет көрсету саласы тіптен аз қарастырылды. Ғалымдар кейіндеу инфрақұрылымды

қоғамды дамытудың маңызды әлеуметтік мәселелерін тиімді шешетін саласы ретінде айта бастады. Олардың қатарында Л. Абалкин, Г. Григорян, В. Мотылев болды және олар инфрақұрылымды жалпы қолданылатын қызмет көрсетуші салалардың (энергетика, байланыс, көлік, ғылыми мекемелер, білім беру және т.б.) жиынтығы ретінде қарастыруды ұсынды [5].

Инфрақұрылым қалыптасуының келесі кезеңі ХХ ғасырдың 80-жылдарынан бастау алып, инфрақұрылым ұлттық экономиканы тұтас жүйе ретінде қарастыратын және бәсекелестікті арттыратын факторлар қатарына жатқызылды. Бұл кезеңнің ерекшелігі 90-жылдардағы реформалар инфрақұрылымның қажеттілігін мойындап, оны экономиканы дамытудың құрамдас бөлігі ретінде қарастыра бастады.

Жалпы, экономикалық әдебиеттерде инфрақұрылымның мазмұнын екі әдістемелік көзқараста қарастырады: салалық және функционалдық. Бірінші көзқарасқа сәйкес, инфрақұрылым қоғамдық ұдайы өндірістің жалпы жағдайларын қамтамасыз ететін шаруашылық салаларының жиынтығы ретінде түсінілсе, екінші әдістемелік көзқараста инфрақұрылым ұйымдастырушылық, өндірістік және әлеуметтік функциялардың ерекше жиынтығы ретінде анықталады.

Сонымен, жоғарыда айтылған бірқатар пікірлерді саралай келе, инфрақұрылымға мынадай анықтама беруімізге болады: «Инфрақұрылым – қандай да болмасын экономикалық жүйенің міндетті әрі бөлінбейтін құрамды бөлігі болып табылады». Әрине, әртүрлі экономикалық жүйеге және әртүрлі факторларға, сондай-ақ шаруашылық жүргізудің түрлі шарттарына байланысты инфрақұрылымға түрліше анықтама берілуі заңды, алайда осы анықтамалар мен тұжырымдар экономикалық мәні жағынан ұқсас болып келуде. Мұндай ұқсастық өз кезегінде, инфрақұрылымға жоғарыдағы анықтаманы беруге мүмкіндік туғызып отыр.

Инфрақұрылым элементтерін сондай-ақ басқа белгілеріне қарай да жіктемеуге болады. Экономика салаларының иерархиялық (әрбір жеке адамның әрекеті орталық биліктің нұсқауларына бағынады) деңгейіне қарай үшке бөлінеді:

- халық-шаруашылықтық;
- аймақтық;
- кәсіпорындардың және олардың бірлестіктерінің инфрақұрылымы.

Меншіктің ішкі шаруашылықтық формасы бойынша екіге бөлінеді:

- мемлекеттік капитал өндірісінің инфрақұрылымы;
- жеке капитал өндірісінің инфрақұрылымы.

Салалық белгісіне қарай:

- ауылшаруашылық;
- өнеркәсіптік;
- құрылыс және т.с.с.

Шаруашылық қызметі саласына қарай:

- өндірістік;
- банктік;
- коммерциялық және т.с.с.

Институционалдық белгісіне қарай:

- рынок инфрақұрылымы;
- мемлекеттік қолдау инфрақұрылымы және т.с.с.

Рыноктық қатынастарға өтуде экономикалық әдебиеттерде инфрақұрылымның өндірістік, әлеуметтік түрлеріне тағы бір бөлік рыноктық инфрақұрылым қосылды. Басқаша айтсақ, инфрақұрылым өз ішінде 3 негізгі бөліктен тұрады:

- өндірістік;
- әлеуметтік;
- рыноктық.

Инфрақұрылымның рыноктық бөлігі рыноктық экономикалық қатынастардың енуімен байланысты екенін жоғарыда айтып өттік. Кейінгі жылдары отандық экономикалық әдебиеттерде негізгі бөлікке қосымша инновациялық инфрақұрылымды да қосатын пікірлер кездеседі. Мұндай тенденцияның байқалуы соңғы жылдардағы ақпараттық және телекоммуникациялық технологияның, ғарышты игерудің кең көлемді бағдарламаларының жүзеге асуымен, ғылыми қамтымдылығы жоғары тауарлардың өмірге келуімен, тұтастай алғанда, ақпараттық қоғамның кең қанат жайып, дамуымен байланысты түсіндірілсе керек.

Инфрақұрылымның жоғарыда аталған үш негізгі бөлігін талдамай, жалпы инфрақұрылымның табиғатын ашу мүмкін емес.

*Өндірістік инфрақұрылым* – ұдайы өндіріс процестерінің динамикасына қол жеткізу жолымен экономиканың тиімді қызмет етуін қамтамасыз ететін материалды өндіріс салалары мен салаішілік элементтердің кешені. Қазіргі таңда өндірістік инфрақұрылым сферасы құралдардың айналымын жеделдетуді қамта-

масыз ететін халық шаруашылығының элементтерін, салаларын, атап айтқанда, көлік, байланыс, газ, су, электр, материалдық-техникалық жабдықтарды қамтиды.

Өндірістік инфрақұрылым – өндіріс пен айырбас процестерінің сыртқы шарттарын қамтамасыз ететін еңбек қызметінің түрлері мен экономика салаларының кешені (жүк транспорты, көтерме сауда, электр, газ, сумен қамтамасыз ету, байланыс, ақпараттық қызмет көрсету, жарнама және маркетингтік қызмет көрсету, лизинг және аренда, консалтингтік қызмет).

Басқаша өндірістік инфрақұрылым – бұл тікелей өнім өндіруге қатыспайтын бірлескен бөлімше. Оның негізгі қызметі болып өндірілетін өнімдерінің техникалық қамсыздандыруы саналады. Оның құрамы – еңбек етуші құралдарды ауыстыратын демеуші цехтар мен қызмет көрсетуші кәсіпорындар, шикізатпен, энергиямен, еңбек ресурстарымен, материалдық құндылықтарды сақтайтын, тасымалдайтын өндірістің саласы. Кәсіпорын инфрақұрылымында ерекше орынды қызмет көрсету саласы алады.

Өндірістік инфрақұрылымның бәсекеге қабілеттілік заңдылықтары келесілерді сипаттайды:

- өндірістік кешен динамикасы (экономикалық даму қарқыны, өндірістің, қызмет көрсетудің жан басына шаққандағы көлемі);
- тікелей және жанама шығындар (жұмыс күшіне төленетін шығындар, кадрлардың тұрақсыздығы);
- рыноктың ауытқушылығы (қызмет көрсету көлемі, бағалы емес көрсеткіштер, сапа деңгейі және дизайн);
- қаржылық құрылымның дамуы (банктік жүйенің іс-әрекеттері, бағалы қағаздар рыногы);
- адам ресурсы (тұрғындардың өсу қарқыны, еңбек күштерінің өсуі, еңбек ресурстары);
- мемлекеттің рөлі (елдегі экономикалық саясат, салық салу деңгейі, елдің ұлттық табысындағы мемлекеттік сектордың үлесі);
- ресурстар және инфрақұрылым;
- саудалық іс-әрекетті ынталандыру дайындығы;
- жаңашылдықты енгізу;
- әлеуметтік-экономикалық жағдай (өнеркәсіптегі еңбектік қатынастар, ұлттық табыстың мөлшері және оны бөлу).

Қазақстан экономикасының негізін көлік, энергетикалық кешендер, мұнай-газ өнеркәсібі құрайтындықтан, мемлекеттің эко-

номикалық іс-әрекетінің тиімді әдістемесін, қоғамдық қызмет көрсетулерге оның қатысуының формалары мен нәтижесіндегі, сондай-ақ басқару, реттеу және қаржыландырудағы өзгерістерді анықтау өте маңызды.


1-кесте

## Өнеркәсіп өндірісінің динамикасы\*(%)

| Көрсеткіштің атауы    | 2006 | 2007 | 2008 | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013* |
|-----------------------|------|------|------|------|------|------|------|-------|
| Өнеркәсіп             | 7,2  | 5,0  | 2,1  | 2,7  | 10,0 | 3,5  | 0,5  | 2,3   |
| Кен өндіру өнеркәсібі | 7,0  | 2,6  | 5,3  | 7,2  | 5,3  | 1,3  | 0,2  | 3,1   |
| Өңдеуші өнеркәсіп     | 8,1  | 7,8  | -2,6 | -2,9 | 18,4 | 6,2  | 0,7  | 1,6   |

Дереккөзі: ҚР Статистика Агенттігінің мәліметтері негізінде //www.stat.gov.kz

1-кесте мен 1-диаграммада өнеркәсіп өндірісінің 2006 – 2013 жылдар аралығындағы динамикасы берілген. Өнеркәсіп өндірісінде, кен өндіруде және өңдеуші өнеркәсіпте 2010 жылдың көрсеткіштері жоғары мәнде екендігін көруге болады. 2012 жылғы төменгі көрсеткіштердің 2013 жылы екі есеге өскендігін байқаймыз.



Дереккөзі: ҚР Статистика агенттігі.

1-диаграмма. Өнеркәсіп өндірісінің динамикасы

Өндірістік инфрақұрылым келесі қызметтерді атқарады:


- материалдық қорлардың – табиғат ресурстарының, энергияның, дайын тауарлардың қозғалысын;
- жұмыс күшінің (еңбек ресурстарының) қозғалысын;
- өндірістік ақпараттар қозғалысын және т.б. қамтамасыз етеді.

Өндірістік инфрақұрылымның қызмет көрсетуінің сапасы тауар ретінде оның тұтыну құнының мөлшері болып көрінеді. Инфрақұрылым салаларында бәсекенің өсуімен тұтынушылардың талаптары да өседі. Яғни өндіріске көрсетілетін қызмет түрлері мен олардың сапасын жақсартуды талап етеді. Ол өз кезегінде ғылыми-техникалық прогресті жедел іске қосуға итермелейді.

Қоғамдық ұдайы өндірістің дамуында материалдық және әлеуметтік инфрақұрылымның алатын орны ерекше екендігі анық. Инфрақұрылымның даму деңгейі және салаларының қызмет көрсету сапасы, көбінесе өндірістің даму дәрежесіне және халықтың өмір сүру сапасына әсерін тигізеді. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан инфрақұрылым салаларын дамыту басымдыққа ие болып отыр.

Сонымен бірге қазір өндірістік инфрақұрылым мәселелері мемлекеттің және жеке сектордың әріптестігі негізінде өндірістік инфрақұрылымды қаржыландыру, бизнесті ынталандырумен байланысты ірі жобаларды іске асыру арқылы өз шешімін табууда.

*Әлеуметтік инфрақұрылым* түсінігі туралы пікірлер де әртүрлі болғанымен, олардың ортақ тұжырымдары да бар. Кейбір ғалымдар әлеуметтік инфрақұрылыммен бірге әлеуметтік саланың өз функциясын орындауын қамтамасыз етуге жағдай жасайтын материалды-техникалық базаны түсінеді. Алайда бұл жерде әлеуметтік инфрақұрылымның материалды-заттық элементтері ғана сөз болуда, сонымен бірге әлеуметтік инфрақұрылымның материалды емес сипаттағы мәдени, тұрмыстық және рухани элементтерінің бар екені бізге белгілі. Сондықтан да жоғарыдағы тұжырым бір жақты әрі нақты тұжырым болып табыла алмайды. Осыны ескере отырып, келесідей анықтама беруімізге болады: «*Әлеуметтік инфрақұрылым* – бұл іс-әрекеті қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыруға, өнімділіктің өсуі мен еңбектің сапасына, тұрғындардың мәдени және тұрмыстық, қызмет көрсетулер және тұлғаның жан-жақты дамуына бағытталған салалар мен объектілер кешені». Ол екі бөліктен тұрады:



Әлеуметтік инфрақұрылым адам өмірінің әртүрлі қырларына айтарлықтай ықпал етеді (білім, денсаулық сақтау, қоғамдық іс-әрекет, т.б.). Ол сонымен бірге әртүрлі жүйешілік әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, т.б. құрылымдармен байланысты. Сондықтан да осы саладағы бірқатар түйінді мәселелерді шешу үшін басқа салалардан түрлі әдіс-тәсілдер қажет етіледі. Қоғамдық өмірдің басқа салаларымен мұндай тығыз байланыс инфрақұрылымның басқа бөліктерімен салыстырғанда әлеуметтік инфрақұрылым ауқымының кең екендігімен сипатталады. Басқаша айтқанда, әлеуметтік инфрақұрылым адам өмірінің бүкіл сферасын қамтыған тұтас жүйелер кешені. Сонымен қатар әлеуметтік инфрақұрылым қоғамның басқа сфераларымен, ең алдымен, материалды өндіріс сферасымен тығыз байланыста дамиды. Бұл екі сала өзара тығыз байланысты әрі шарттасылған. Материалды өндіріс барлық инфрақұрылым салаларының негізі әрі қайнар көзі. Әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы өнімділік деңгейінің және қоғамдық еңбек сапасының, экономикалық өсу мен тұтастай елдегі шаруашылық жүйесінің қызмет ету тиімділігінің өзіндік көрсеткіші болып табылады. Қазіргі таңда әлеуметтік инфрақұрылым технологиялық байланыстардың кластерлік жүйесімен байланысты, салалық басқару органдарымен реттелетін тұрғындардың қажеттілігін қанағаттандыру бойынша жалпы мақсатты функцияларды орындайтын салалар мен ұйымдардың жиынтығын қамтиды. Әлеуметтік бағытталған қоғам құру ісін жүргізу салада күрделі қайта құрулар арқылы жүреді. Қазақстанның әлеуметтік бағытталған рыноктық экономика құру ісі, әлеуметтік инфрақұрылымды өз кезегінде адам капиталының жан-жақты белсенділендірілуі, сәйкесінше, еңбек пен тұрмыс жағдайларының жақсартылуын алға тартады. Әлеуметтік инфрақұрылымның даму деңгейін көрсететін индикаторлар келесідей көрсеткіштер топ-

тарына жіктеледі: объективті және субъективті, нормативті және фактілік, оптималды және минималды, теориялық және эмпирикалық. Әлеуметтік инфрақұрылымның ең басты әрі маңызды функциясы – тұрғындардың әртүрлі топтарын әлеуметтік-экономикалық үдеріс тұлғасы ретінде әлеуметтік қайта өндіруі. Әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына әсер ететін бірқатар факторлар бар, олардың ішінде негізгілері ретінде келесідей факторларды атауымызға болады: демографиялық, ұлттық-этникалық және психологиялық факторлар.

Әлеуметтік инфрақұрылым салалар жиынтығын қарастыратындықтан, ол халықтың толық құнды өмір сүруіне және адами әлеуетінің дамуына қажетті жағдай жасайды. Өз кезегінде, әлеуметтік инфрақұрылымның әрбір саласы күрделі әлеуметтік-экономикалық жүйені қарастырады. Оның қалыптасу және жұмыс істеу белгілері, қасиеттері, заңдылықтары және ерекшеліктері болады. Сонымен бірге әлеуметтік инфрақұрылым халықтың өмір сүруін қамтамасыз ету және әлеуметтік-экономикалық дамуға қажетті жағдайды қалыптастыру сияқты бірыңғай жалпы мақсатқа ие.

Сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылым халықтың әлеуметтік қажеттілігін қанағаттандыру, ұлттық өндірістің тиімділігін арттыру, жеке тұлғаның еңбек ету қабілеттілігін қалыптастыру үшін бөлінген ресурстарды ұтымды пайдалануға қатысты адамдар арасындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастардың жүйесін қарастырады.

Әлеуметтік инфрақұрылымның кейбір салаларын және олардың ұлттық шаруашылықтағы бәсекеге қабілетті орнын қарастырып көрейік.

Сала арасында жаңа ұрпақты тәрбиелейтін және жаңа шығармашылық пен еліміздің еңбектік әлеуетін құратын білім беру ісі ерекше орынға ие. Әлеуметтік инфрақұрылымның саласы бола отырып, білім беру, материалдық өндірістің дамуын қамтамасыз етеді, оның жетілуі, санаттылық, шығармашылық және қоғамның еңбектік әлеуетін дамыту үшін қажетті жағдайлар жасайды.

Қазіргі уақыт әлемдік бірлестікте білім беруді дамыту масштабы бойынша аса маңызды және оның еліміздің тұрақты әлеуметтік және экономикалық дамуын қамтамасыз етудегі рөлін түсіну, жергілікті және халықаралық рынокта олардың бағдарын нығайту, халықтың өмір сүру деңгейін және сапасын арттыру кезеңі болып отыр.



Әлемде бірінші кезекте мемлекеттердің экономикалық жетістіктері олардың білім беру жүйесімен, азаматтарының білімімен, барлық деңгейде жұмыс күшінің әзірлігімен анықталатындығы мойындалып отыр.

Білім және ғылым:

- экономикадағы жоғары технологияларды меңгеру мен енгізуді, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді;
- қоғамда өздігінен оқудың әлеуметтік сұранысын қалыптастырады, елді мәдени-адамгершілік дамудың жоғары деңгейіне жеткізеді;
- азаматтардың жеке басын әлеуметтендіру үшін азаматтық-патриоттық негізді құрады.

Көптеген елдер білімді жоғары ұлттық артықшылық ретінде қарастырады, өздерінің әлеуетін дамытуға ерекше көңіл бөледі. Сапалы білім беру қызметінің нәтижесіне ел болашағы ғана емес, мемлекеттің дамып гулденуі де тәуелді.

Денсаулық сақтау – әлеуметтік инфрақұрылымның ұлт денсаулығын қалыптастыратын маңызды саласы. Денсаулығы дұрыс халық қана оқуға, қарқынды еңбек етуге, материалдық және әлеуметтік жетістіктерге жете алады. Елбасы да осы қоғамның әлеуметтік экономикалық дамуы, халықтың денсаулығын сақтау қызметтерінің мүмкіндіктері мен сапасын жақсарту мәселелерін көтеріп отыр. Десе де медициналық көмек алуда тұрғындар қиындықтарға ұшырайды. Медициналық қызмет көрсетуде ауыл мен қала арасында айырмашылық байқалады. Мұның бәрі сапалы медициналық қызметті қамтамасыз ету шарттары аймақтарда бірдей еместігін көрсетеді. Елімізде әлеуметтік инфрақұрылымды, яғни инфрақұрылым объектілерін дамытпай ұлттық экономиканы дамытушы еңбек ресурстарының сапалы қызметіне қол жеткізе алмаймыз.

Тұтастай алғанда, әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы – әлеуметтік-экономикалық прогресс пен қоғамдық өндіріс тиімділігін арттырудың маңызды бағыты.

Әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне келесілер жатады:

- тұрмыстық коммуналдық жайлар;
- медициналық мекемелер;
- мектепке дейінгі балаларға арналған мекемелер;
- қоғамдық тамақтану орталықтары;
- еңбекті қорғау қызметтері;

- спорттық-денсаулық түзеу орталықтары;
- көлік;
- ақпараттық және байланыс қызметтері және т.б.

Әлеуметтік инфрақұрылымның объектілерін дамыту үшін төмендегі шараларды жүзеге асыру қажет:

- әлеуметтік саясат жүргізуде мемлекеттің маңызын күшейту;
- өндірістік және тұтыну кооперативтерін көптеп құру;
- әлеуметтік сала жаңалықтарын жергілікті билік органдарына жетуін қамтамасыз ету;
- салық салудағы жеңілдік;
- мемлекеттік меншікті пайдаланушылар үшін салық ауыртпалығын төмендету және т.б.

Инфрақұрылымдық қамтамасыз ету, соның ішінде әлеуметтік сала қызметтерін тиімді жүзеге асыру қоғамдық өндіріс нәтижелерінің жетілуіне, кәсіпкерліктің кеңеюіне ықпал етеді. Бұл қоғамдық сұраныстың толық әрі қарай қанағаттандырылуына қажетті алғышарттарды жасайды.

Инфрақұрылымның келесі негізгі бөлігінің бірі – *рыноктық инфрақұрылым*. Өтпелі кезең тұсында елімізде рыноктық қатынастардың енуімен байланысты, «рыноктық инфрақұрылым» түсінігі пайда болды. Отандық ғалым Н.К. Мамыров рыноктық инфрақұрылымға келесідей анықтама береді: «Нарықтық инфрақұрылым – бұл рынокта идеяларды, тауарлар мен қызметтерді еркін сатуға мүмкіндік беретін мекемелер мен ұйымдардың (дүкендердің, сауда үйлерінің, биржалардың, банктердің, сактандыру компаниялардың, маркетингтік фирмалардың және т.б.) жиынтығы» [6].

Е.Б. Мұқанованың пікірінше, «рыноктық инфрақұрылым түсінігі тек отандық экономикаға тән және ол батыста рыноктық инфрақұрылым түсінігінің жоқтығымен емес, осыған ұқсас үрдістердің басқаша сипатта өрбігенімен түсіндіріледі. «Рыноктық инфрақұрылым» түсінігімен «рыноктың инфрақұрылымы» түсінігі қатар қолданылады. Осы жерде аталған екі түсініктің өзара айырмашылығын білу маңызды. Рыноктық инфрақұрылым рыноктық қағидаларға негізделген экономикалық жүйенің элементтері арасындағы барлық байланысты білдірсе, рыноктың инфрақұрылымы ерекше жеке экономикалық жүйе ретінде алынған рыноктың байланыстарын білдіреді» [7].

Инфрақұрылымның тағы бір түрі *институционалды инфрақұрылымды* Киль университетінің профессоры Р. Иохимсен ұсы-

35727

нады. *Институционалды инфрақұрылым* – ұлттық шаруашылық дамуының тиімділігіне жақын макроэкономикалық пропорцияларды қолдайтын экономиканы макроэкономикалық реттеуді жүзеге асырушы қызметтер сферасы мен салалар кешенін білдіреді [3].

Жаһандану жағдайында елдің ұлттық қауіпсіздігі құрылымында экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – бүгінгі күннің басты талабы. Ел экономикасын сандық және сапалық тұрғыда дамыту тұтастай алғанда, экономикалық салада инфрақұрылымды дамыту арқылы жүзеге асатыны белгілі. Осы орайда, көптеген елдерде, сондай-ақ Қазақстанда инфрақұрылым салалары мен объектілерін, тұтас кешенді жүйені дамытуға арналған нақты шаралар қолға алынып, жүзеге асуда. Әрине, дамыған елдер қатарына қосылу үшін сол елдердің даму жолын зерттеп, саралап, олардың ұлттық экономикамызға тиімді тұстарын алуымыз керек. Алайда бұл әлемдік қолданыстағы іс-тәжірибелерді елімізге жаппай көшіру деген сөз емес. Осы орайда, біздің жағдайымызға жақын келетін инфрақұрылым жүйесін құру мен дамытуда Жапонияның ұстанған бағытын қарастырып көрейік. Соғыстан кейінгі жылдарда Жапонияда экономиканы дамытуда инфрақұрылым салаларын мемлекеттік реттеудің екі моделі қолданылған: 50-70 жылдарда инфрақұрылымды дамытуда тікелей мемлекеттік реттеу басым болса, 80-жылдары жанама мемлекеттік реттеу басым болды. Инфрақұрылымдық компанияларды мемлекеттік әкімшілік реттеу салалық сипатта болды. 50-60 жылдарда қабылданған заңдарға сәйкес, әрбір инфрақұрылым салалары орталық үкіметтік мекемелердің қатаң бақылауында болды. Мемлекеттік әкімшілік реттеу жүйесіне келесідей іс-әрекет түрлері енді: міндетті лицензиялауға жататын қызметтердің басталуы; өндіріс құрылымы мен көлемі; көрсетілетін қызметке баға шекарасын нақтылау; негізгі капиталдың құрылымы мен масштабы және оны пайдалану сипаты, қауіпсіздік техникаларының стандарты; акциялар және басқа да бағалы қағаздар шығарылымы, т.б. Инфрақұрылымды дамытуға мемлекеттік маңыз беріліп, ол үшін барлық министрліктер мен мемлекеттік басқармаларда, департаменттер мен бөлімдерде консультативті кеңестер желісі құрылған. Олардың құрамына әкімшілік аппарат өкілдері, кәсіпкерлік ұйымдар, кәсіподақтар мен ғалымдар енді. Әкімшілік реттеудің 50-70 жылдардағы басты мақсаты шағын бизнесті қолдау, жапондық фирмаларды шетелдік бәсекелестерден қорғау, экономиканың ба-

сым салаларында жұмыс істейтін компанияларды қолдау болса, 70-жылдардың ортасынан бастап, өндірістің қуат қамтымдылығы мен қоршаған ортаны ластану деңгейін төмендетуді ынталандыру болды. Инфрақұрылым салаларында шағын бизнеске басымдық берілуі тауар өндірушілердің жаппай осы салада болуымен түсіндіріледі. Шағын бизнесті қолдауда 50-60 жылдарда монополияға қарсы шаралар қолға алынып, арнайы 15 заң қабылданған. Бұл саладағы шаралар әсіресе көлік, көтерме сауда мен іскерлік қызмет сферасында кеңінен қолданылды. Мемлекет автомобиль, әуе көлігі, байланыс, электр және газбен қамтамасыз ету, ақпараттық қызмет көрсету саласында шетелдік капиталдың келуіне шектеу қойып, жаңа ғылыми техникалық ақпаратты алу мен кәсіпкерлер арасында тәжірибе алмасуды ұйымдастыруда көмек көрсетіп отырды. Алайда 80-жылдары инфрақұрылымды әкімшілік реттеу елеулі өзгерістерге ұшырады. Байланыс, ақпараттық қызмет көрсетулер, әуе көлігі саласында жаңа компанияларды құруға қойылған шектеулер алынып тасталып, автомобиль көлігі және іскерлік қызмет сферасындағы жеке компаниялардың лицензия алуы біршама жеңілдетілді. Жапония инфрақұрылымының жекелеген салалаларын дамыту бойынша, мамандандырылған халықаралық комиссияның жұмысына қатыса бастады.

АҚШ тәжірибесіне қарайтын болсақ, инфрақұрылымның жетілгенін байқаймыз. Әсіресе ақпараттық инфрақұрылым. АҚШ-та ақпараттық инфрақұрылымға, соның ішінде қауіпсіздік саласындағы кибернетикаға ерекше маңыз берілген. Сонымен қатар инфрақұрылым жүйесінде энергетикалық кешен де маңызды рөл атқарады. АҚШ-тың энергетика өндірісі Ресей мен Қытайдың жиынтық энергетикалық қуатынан әлдеқайда басым.

Қазақстан Республикасында 2014 жылғы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Президент жолдауында нақты көрсетілген инфрақұрылымды дамытудың сәуле қағидасы бойынша макроаймақтарды қалыптастыру аясында жүзеге асырылатын жобалар айқындалып, болашаққа бағыт жасалды.

Инфрақұрылымның дамуын мемлекеттік реттеу оның әлеуметтік, бюджеттік, несиелік және салықтық саясат пен елдегі жұмыссыздық мәселелерін шешу, дамудың мемлекеттік бағдарламасын құру, инфрақұрылымдық дамуды құқықтық қамтамасыз етілуінен көрінеді.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Инфрақұрылым түсінігі және түрлері.
2. Инфрақұрылымдық кешеннің құрамы. Өндірістік, әлеуметтік, рыноктық, институционалдық инфрақұрылым.
3. Инфрақұрылымның дамуын бағалау көрсеткішінің классификациясы.
4. Инфрақұрылымдық кешеннің қалыптасуын реттеу: өзіндік реттелу және мемлекеттің рөлі.

**1.2. Рыноктық шаруашылық жүйесіндегі инфрақұрылым: мәні, түрлері, элементтері және дамыту бағыттары**

Рыноктық шаруашылықта рыноктық инфрақұрылымның арнайы кіші жүйесі – рынок инфрақұрылымы бар. Ол дегеніміз рыноктың тұтас инфрақұрылымдық кешені шеңберіндегі рынок институттарының арасындағы интеграциялық байланыстарын жүзеге асырады.

*Рынок инфрақұрылымы* – рынок институттарының және ұйымдық жүйенің көмегімен қаржы және ақпарат ағымдарының үздіксіз байланысындағы сатушыдан сатып алушыға тиімді динамикалық тауар қозғалысы үшін жалпы шарттарды қамтамасыз ететін ұйымдық-экономикалық жүйе.

Рынок инфрақұрылымы бірқатар қызметтер атқарады:

- рыноктық конъюнктураның ауытқуларына сәйкес рыноктық қатынастар тұлғаларын өзіндік бағыттап отырып, тауар айналымының динамикалығын қамтамасыз етеді, тездетеді, реттейді;
- сатып алушы мен сатушының, сонымен қатар олардың ақша капиталының иелерімен өзара байланысын қамтамасыз етеді;
- келісімдер жүйесімен іскер қатынастардың ұйымдық-құқықтық құрылымын жасайды;
- рыноктық қатынастар тұлғаларының – тауар өндірушілердің, делдалдардың, сатып алушылардың мамандандырылуының дамуына себепші болады;
- ұйымдасқан тауар қозғалысын мемлекеттік реттеу және қолдау қызметінің орындалуын қамтамасыз етеді (көтерме сауда);
- тауар және қаржы ағымдарына құқықтық бақылауды жүзеге асырады;

- рынок инфрақұрылымы институттарының: ақпараттық-сауаптамалық, инновациялық, маркетингтік және басқа орталықтардың, жарнама агенттіктерінің, аудиторлық және консалтингтік фирмалардың, инвестициялық компаниялардың көмегімен ақпараттық, маркетингтік, инновациялық, консалтингтік, аудиторлық қызметтер көрсетеді.

Инфрақұрылым ұйымдарымен келесідей рынок инфрақұрылымының кіші кешендерін бөлуге болады:

1. Көтерме және бөлшек сауда буындары кіретін сауда-делдалдық: тауар қоймалары және кешендері, ұсақ көтерме базалары, дүкендер және қоймалар.

2. Делдалдық-орналастырушы (бөлуші): тауарлық, қор, валюталық, шикізаттық және басқа да биржалар, сауда үйлері, көтерме жәрмеңкелер, аукциондар, тауарларды сату көрмелері, сыртқы саудаға қызмет көрсететін делдалдық фирмалар.

3. Сервистік: сервис орталықтары, лизингтік фирмалар, пункттер, жылжымайтын мүлікті жалдау агенттіктері, транс-экспедициялық фирмалар.

4. Жарнамалық агенттіктер, аудиторлық және консалтингтік фирмалар, маркетингтік және инновациялық қызмет көрсету орталықтары.

5. Қаржылық: коммерциялық банктер және банктік емес несие ұйымдарының жүйесі, эмиссиялық банктер және синдикаттар, үлестік инвестициялық қорлар, сақтандыру қорлары.

Рыноктық инфрақұрылымның мәнін үш бағытта қарастырамыз. Рыноктық инфрақұрылымның саяси мәні мемлекеттік мекеме тұрғысынан басқаруға әсер беруші шаруашылық кешеннің тұрақты қызмет етуінен тұрады. Инфрақұрылымның институционалды бөлімін білдіретін мемлекеттік ұйымдар негізінен рыноктың барлық тұлғалары арасында өндірістік қатынастарды анықтайды және реттейді, ұлттық саясат шараларын тікелей жүргізеді.

Рыноктық инфрақұрылымның экономикалық мәні рынок тұлғаларының салыстырмалы табысты жұмысы үшін қажетті ұлттық шаруашылықтың рыноктық тетіктерін қамтамасыз етуден тұрады.

Рыноктық инфрақұрылымның әлеуметтік мәні халықтың жұмыспен қамтылуын кеңейтумен, еркін таңдаудан көрінеді.

Рыноктық инфрақұрылым келесідей негізгі элементтерді қамтиды:

- тауарлар мен қызметтер рыногы;
- өндіріс факторларының рыногы;
- қаржы рыногы.

Рыноктық инфрақұрылым элементтерінің арқасында бизнес адамдар арасындағы қатынастардың өркениетті формасы болып табылады. Қазақстан Республикасы экономикасының тұрақтандыру бағдарламасына сәйкес, толық құқықты рыноктың қалыптасуы сәйкесті инфрақұрылымның құрылуын білдіреді.

Рыноктық инфрақұрылымның аталған элементтерін кең көлемде қарастыратын болсақ, олар несиелік жүйе және коммерциялық банктер; эмиссиялық жүйе және эмиссиялық банктер; тауар, шикізат, қор және валюта биржаларындағы ұйымдастырушылық-рәсімдеу ықпалдастығы; аукцион, көрме, жәрмеңке және ұйымдастырушылық ықпалдастықтың басқа да нысандары; салық жүйесі мен салықтық қадағалау; тұрғындардың жұмысбастылығын реттеу жүйесі мен жұмыссыздықпен күрес орталықтары (еңбек биржалары); ақпараттық технология және іскерлік байланыс құралдары; шаруашылық пен коммерциялық тәуекелдерді сақтандыру жүйесі және сақтандыру компаниялары; арнайы жарнамалық агенттіктер; бұқаралық ақпарат құралдары және ақпараттық агенттік; сауда палаталары; кеден жүйесі; жалдамалы жұмысшылардың кәсіподақтары; коммерциялық-көрме кешендері; орта және жоғары экономикалық білім жүйесі; кеңес беру (консалтинг) компаниялары; аудиторлық тексеру және аудиторлық компаниялар; арнайы және еркін экономикалық аймақтар.

Инфрақұрылымның осындай элементтері өз кезегінде келесідей маңызды функцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады:

- іскерлік қатынастарды ұйымдық рәсімдеу;
- іскерлік қатынасқа қатысушылардың өз мүдделерін жүзеге асыруын жеңілдету;
- экономиканың әртүрлі субъектілерінің мамандануы, олардың жұмыс тиімділігінің артуы;
- іскерлік тәжірибені мемлекеттік және қоғамдық реттеу мен құқықтық және экономикалық қадағалауды жеңілдету.

Қаржы рыногы – тұтас рыноктық экономиканың дәстүрлі, тарихи әрі бөлінбейтін жүйеішілік құрылымы. Мемлекеттік мекемелер мен халық шаруашылығы нысандарын жекешелендіру кезінде рынок инфрақұрылымының құрамына инвестициялық же-

кешелендіру қорлары, қаржылық, лизингтік компаниялар, сонымен қатар тауар, қор және валюталық биржалар қосылды. Олар түрлі мәмілелер мен тауар, ақша операцияларын рәсімдеудің ең негізгі және қажетті құралдары болып табылады.

Құқықтық тұрғыдан алып қарайтын болсақ, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының 1-бабының 52-тармағында қаржы рыногына келесідей анықтама берілген: «Қаржы рыногы – қаржы қызметін көрсету мен тұтынуға және қаржы құралдарының айналымына байланысты қатынастардың жиынтығы» [9]. Басқаша айтқанда, қаржы рыногы – уақытша бос ақша қаражаттарын жинақтаушылар мен тұтынушылар арасындағы экономикалық қатынастар жүйесі, оның объектісі – тауар және ақшалай формадағы қаражаттар. Субъектілері – қаржы-несиелік институттар. Кез келген қаржы рыногы ақша рыногы мен капиталдар рыногынан тұрады, ақша рыногында, негізінен, қысқа мерзімді қаржылық ресурстар, капиталдар рыногында ұзақ мерзімді қаржылық ресурстар айналысқа түседі. Қаржы рыногының құрылымы келесідей:

- кредит рыногы;
- валюта рыногы;
- бағалы қағаздар (қор) рыногы;
- сақтандыру рыногы;
- инвестиция рыногы.

*Кредиттік рынок* заманауи экономикадағы қаржы рыногының барынша ірі сегменті болып табылады, себебі кредиттік қатынастар – жалпы рыноктық экономиканың қозғаушы және жеделдетуші негізгі механизмі. Кредиттік қатынастар – бұл ссуда алу, пайдалану және қайтаруға байланысты кредитор мен қарыз алушы арасындағы қатынастар.

*Сақтандыру рыногы* – сақтандыру өнімдері сатылатын және сатып алынатын қаржылық рыноктың бір бөлігі.

*Инвестиция рыногы* – болашақта пайда табу мақсатында ақша салу мүмкіндігі бар жобалар мен ұсыныстар рыногы. Инвестицияның мәні ақша ақшаны жасайды дегенге келеді.

*Валюта рыногы* – валюта рыногының қатысушылары (брокерлік компаниялар, банктер, инвестициялық қорлар) өзара сатып және сатып алатын валюта негізгі тауар ретінде шығады. Ал жүргізілетін операциялар конверсионды (валютамен сауда) және депозиттік-кредиттік болып бөлінеді.



*Бағалы қағаздар рыногы* – бұл рынокта сауда бағалы қағаздармен, акциялармен, облигациялармен, вексельдермен жүргізіледі.

Елімізде бағалы қағаздардың жекешелендіру процесімен байланысты пайда болғанын жоғарыда атап өттік. Қаржы құралдарының пайда болып, айналысқа түсуіне институционалды негіз ретінде 1995 жылғы 23 желтоқсандағы «Жекешелендіру туралы» № 2721, 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ «Бағалы қағаздар рыногы туралы», 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары мен ҚР-дың Азаматтық Кодексін айтуға болады. Алайда жекешелендіру шаруашылықты тиімді жүргізудің кепілі емес. Ол тек бәсекелік органы қалыптастыруға және өндірісті демонополизациялауға объективті негіз болып табылады. Сондықтан да жекешелендіру экономиканы қайта құрылымдау және бағалы қағаздар рыногын құрудың компоненті болып табылады. Жоғарыда аталған «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңның 45-бабында бағалы қағаздар рыногының инфрақұрылымына қатысты нормалар көрініс тапқан [9].

Рыноктың дамуы инфрақұрылымдық кешеннің қалыптасуына сандық және сапалық тұрғыдан үстемдік етеді. Инфрақұрылымдық кешен жалпы жүйенің ғана емес, сонымен қатар қаржы рыногының және оның ақша, қор рыногы, қарыз капиталы рыногының дамуы мен сенімгерлік, лизингтік, ипотекалық компаниялар іс-әрекеті ауқымының кеңеюінің негізі болып табылады.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Рыноктық инфрақұрылым: пән ерекшелігі, қызметтері.
2. Рыноктық шаруашылық жүйесіндегі инфрақұрылым.
3. Рыноктық инфрақұрылымның мәні және негізгі элементтері.
4. Рыноктық инфрақұрылымның қызметтері.
5. Рыноктық инфрақұрылым кешенді жүйе ретінде.
6. Рыноктық инфрақұрылымның даму дәрежесін бағалау негіздері.
7. Рыноктық инфрақұрылымның даму дәрежесін бағалаудың қажеттілігі.

**«Инфрақұрылымды талдаудың теориялық-әдістемелік негіздері»  
бөлімі бойынша білімді бағалау түрлері**

**СӨЖ тақырыптары**

1. Рыноктық инфрақұрылым дамуының негізгі көрсеткіштері.
2. Өндірістік инфрақұрылымның экономика үшін маңызы.
3. Әлеуметтік инфрақұрылымның маңызы мен ерекшеліктері.
4. Іскер қатынастарды ұйымдастыру жолдары.

5. Ақпараттық-коммерциялық қызмет көрсетудің ерекшеліктері.
6. Рыноктық жүйе күрделі жүйе ретінде: теңбе-теңдік, тұрақтылық.
7. Рыноктық инфрақұрылым құрамын анықтаудағы жүйелілік тәсілі.
8. Рыноктық жүйенің негізгі қасиеттері: тұтастылық, қозғалыстың үзіліссіздігі, иерархиялық, икемділік, тарихилық, толық емес бақылау, өзіндік ұйымдастырылуға қабілет.
9. Таңдау белгісіне тәуелді инфрақұрылымдық кешеннің құрамы.
10. Өндірістік, әлеуметтік, институционалдық инфрақұрылым.

### **Рефераттар мен баяндамалар тақырыптары**

1. Рыноктық инфрақұрылым элементі: тауарлар мен қызметтер рыногы.
2. Рыноктық инфрақұрылым элементі: өндіріс факторларының рыногы.
3. Рыноктық инфрақұрылым элементі: қаржы рыногы.
4. ҚР рыноктық инфрақұрылымының негізгі элементтеріне сипаттама.
5. Қазақстан Республикасында рыноктық инфрақұрылымның қалыптасуы мен дамуы.
6. Рыноктық инфрақұрылым жағдайы мен дамуының негізгі көрсеткіштері.
7. Инфрақұрылымдық кешеннің қалыптасуы мен дамуын реттеу.
8. Батыс Еуропа елдеріндегі инфрақұрылымды мемлекеттік реттеу тәжірибелері.
9. Мемлекеттік реттеудің экономикалық құралдары: бағалық реттеу, несие-ақша саясаты және салық саясаты.

### **Тест тапсырмалары**

- 1. Рыноктық инфрақұрылымның негізгі түрлеріне келесілердің қайсысы жатады?**
  - А) ақпараттық
  - Ә) әлеуметтік
  - Б) экономикалық
  - В) мемлекеттік
  - Г) инвестициялық
- 2. Экономикалық әдебиеттерде инфрақұрылымның мәнін екі әдістемелік көзқараста қарастырады:**
  - А) материалдық, заттық
  - Ә) мәдени, тұрмыстық
  - Б) салалық, функционалдық
  - В) сандық, сапалық
  - Г) институционалдық, инновациялық
- 3. Рыноктық инфрақұрылымның элементін көрсетіңіз:**
  - А) қаржы рыногы
  - Ә) шаруашылық жүргізуші субъектілер жиынтығы
  - Б) мемлекеттік кәсіпорындар
  - В) мемлекеттік басқару органдары
  - Г) интеллектуалды өнімдер рыногы

- 4. Әлеуметтік инфрақұрылым екі үлкен бөліктен тұрады:**
- А) материалдық-заттық, мәдени-тұрмыстық
  - Ә) рухани-интеллектуалды, материалдық-заттық
  - Б) мәдени-ағарту, физикалық-психологиялық
  - В) рухани-физикалық, мәдени-тұрмыстық
  - Г) мәдени-ағарту, мәдени-тұрмыстық
- 5. Институционализм тұрғысынан қарастырсақ, әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына келесідей факторлар әсер етеді:**
- А) экономикалық, экологиялық
  - Ә) демографиялық, демократиялық
  - Б) саяси, құқықтық
  - В) ұлттық, экономикалық
  - Г) демографиялық, ұлттық-этникалық, психологиялық
- 6. Инфрақұрылымның мәнін қарастыруда қанша әдістемелік көзқарас қолданылады?**
- А) 2
  - Ә) 3
  - Б) 5
  - В) 4
  - Г) 1
- 7. «Инфрақұрылым» терминін ғылыми айналымға енгізбегенімен оның экономикалық сипаттамасын берген:**
- А) Х. Зингер
  - Ә) П.Н. Розенштейн-Родан
  - Б) К. Маркс
  - В) Ф. Энгельс
  - Г) Г. Кисилев
- 8. Инфрақұрылым өз ішінде бөлінеді:**
- А) өндірістік, шаруашылықтық, әлеуметтік
  - Ә) өндірістік, әлеуметтік, рыноктық
  - Б) ауылшаруашылықтық, рыноктық, әлеуметтік
  - В) өнеркәсіптік, техникалық, коммерциялық
  - Г) рыноктық, банктік, әлеуметтік
- 9. Өндірістік инфрақұрылымға жатады:**
- А) денсаулық сақтау, білім беру, көтерме сауда
  - Ә) білім беру, бөлшек сауда, транспорт
  - Б) ақпарат, консалтингтік қызмет, инжиниринг
  - В) жол, консалтингтік қызмет, ақпараттық қызмет көрсету
  - Г) неселік-қаржы ұйымдары, сақтандыру компаниялары

**10. Инфрақұрылым меншіктің ішкі шаруашылық формасы бойынша екіге бөлінеді:**

- А) мемлекеттік және жеке капитал өндірісінің инфрақұрылымы
- Ә) шаруашылық жүргізуші субъектілердің инфрақұрылымы
- Б) жеке және заңды тұлғалардың өндіріс инфрақұрылымы
- В) мемлекеттік және шетелдік капитал өндірісінің инфрақұрылымы
- Г) өндіру және өңдеу салаларының инфрақұрылымы

**11. Инфрақұрылым дегеніміз –**

- А) экономиканың қозғаушы күші
- Ә) кез келген тұтас экономикалық жүйенің міндетті компоненті
- Б) шаруашылық жүргізудің рыноктық әдісі
- В) рыноктық экономиканың элементтер жиынтығы
- Г) қоғамдағы экономикалық және құқықтық институттар жиынтығы

**12. Кәсіпорынның қызмет етуін 4 салалық топқа бөліп қарастырамыз.****Соның бірі –**

- А) аймақтық инфрақұрылым
- Ә) ақпараттық инфрақұрылым
- Б) транспорттық инфрақұрылым
- В) әлеуметтік инфрақұрылым
- Г) рыноктық инфрақұрылым

**13. Өндіріс пен айырбас процестерінің сыртқы шарттарын қамтамасыз ететін еңбек қызметінің түрлері мен экономика салаларының кешені –**

- А) рыноктық инфрақұрылым
- Ә) әлеуметтік инфрақұрылым
- Б) өндірістік инфрақұрылым
- В) экологиялық инфрақұрылым
- Г) институционалды инфрақұрылым

**14. Экономикалық әдебиеттерде «инфрақұрылым» терминін алғаш ғылыми айналымға енгізген ... деп беріледі.**

- А) А. Смит
- Ә) Д. Рикардо
- Б) К. Маркс
- В) Х. Зингер
- Г) П.Н. Розенштейн-Родан

**15. Инфрақұрылым түсінігіне П.Н. Розенштейн-Роданның берген анықтамасы келесідей:**

- А) қоғамдық даму процесі мен жалпы еңбек құралдарының бір бөлігі
- Ә) материалдық, институционалдық және индивидуалды құрылымдар мен жағдайлардың жиынтығы
- Б) қоғамның өндіргіш күштерінің құрамды бөлігі


- В) экономиканың негізгі салаларында қызмет етуші және тұрғындардың қажеттілігін қанағаттандырушы жеке кәсіпкерліктің қолайлы дамуын қамтамасыз ететін жалпы жағдайлар мен шарттардың кешені
- Г) инфрақұрылым – қандай да болмасын экономикалық жүйенің міндетті құрамды бөлігі
- 16. Ұдайы өндіріс процестерінің динамикасына қол жеткізу жолымен экономиканың тиімді қызмет етуін қамтамасыз ететін материалды өндіріс салалары мен салаішілік элементтердің кешені ... деп аталады.**
- А) рыноктық инфрақұрылым  
Ә) әлеуметтік инфрақұрылым  
Б) өндірістік инфрақұрылым  
В) туристік инфрақұрылым  
Г) коммуникациялық инфрақұрылым
- 17. Инфрақұрылым термині латын тілінен аударғанда келесідей мағынаны білдіреді:**
- А) төмен және орналасу  
Ә) қалыптасу  
Б) құрылу  
В) іргетас, фундамент  
Г) жиынтық, кешен
- 18. Н.Ф. Голиковтың пікірінше инфрақұрылым ең алғаш қай салада қолданыс тапқан?**
- А) әскери салада  
Ә) құрылыс саласында  
Б) әлеуметтік салада  
В) білім беру саласында  
Г) басқару саласында
- 19. Жапонияда инфрақұрылымды мемлекеттік реттеудің неше моделі қолданылған?**
- А) 1  
Ә) 4  
Б) 5  
В) 3  
Г) 2
- 20. ... дегеніміз – іс-әрекеті қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыруға, өнімділіктің өсуі мен еңбектің сапасына, тұрғындардың мәдени және тұрмыстық, қызмет көрсетулер мен тұлғаны жан-жақты дамуына бағытталған салалар мен объектілер кешені.**
- А) рыноктық инфрақұрылым  
Ә) әлеуметтік инфрақұрылым  
Б) өндірістік инфрақұрылым  
В) туристік инфрақұрылым  
Г) коммуникациялық инфрақұрылым

### **2.1. Тауар рыногының инфрақұрылымы: мәні, элементтері және түрлері**

Кез келген елдің экономикасында тауар рыногы үлкен маңызға ие, себебі экономиканың басты мақсаты адам қажеттілігін қанағаттандыру болса, бұл мақсатты жүзеге асырушы – тауар рыногы. Тауар сатудың мәні, егер оны екі аспектіде қарастырсақ, толық ашылады, яғни, *біріншіден*, тауар айырбасының нысаны ретінде, *екіншіден*, инфрақұрылымдық кешеннің саласы ретінде. Мұндай әдістемелік көзқарас кез келген экономикалық категория, процесс, құбылыс үшін олардың қоғамдық ұдайы өндіріс жүйесіндегі орны мен рөліне, сол сияқты экономика салаларының жүйесінде шаруашылық бәсекелестік іс-әрекет көзқарасына да қатысты.

*Тауар рыногы* – рынокта тауарларды өткізу, оларды сатып алу бойынша экономикалық байланыстардың қалыптасуының ерекше әдісін білдіреді. Тауар рыногы өнім түріне байланысты тұтыну рыногы және өндірістік құралдар рыногына бөлінеді.

Сонымен қатар сатушы мен сатып алушы арасында еркін, тұйық, реттеуші және аралық тауар рыноктары қалыптасады. Соларға жеке-жеке тоқтала кетейік. Еркін рынокта тауарларды сату мен сатып алуда ешқандай шектеу жоқ. Тұйық рынок ішкі корпорациялық (ішкі салалық) жеткізуді қамтамасыз етеді. Реттеуші рынокта халықаралық тауарлық келісімдерге сәйкес тауарларды сату-сатып алу бойынша операциялар жүргізіледі. Тауар рыногының ішінде аралық рыноктар үлкен орын алады. Оларға тауар биржасы, аукциондар жатады. Оларға тек белгіленген, яғни биржа үшін тауардың белгілері үлкен көлемде, өзара ауыстырушы тауарлар, аукцион үшін жоғары сұранысқа ие, жеке белгілері бар тауарлар ғана жіберіледі.



1-схема. Тауар рыногының өнім түріне байланысты бөліну схемасы

Тауар рыногының инфрақұрылымына қызмет ететін элементтерді екі үлкен топқа бөліп қарастырамыз:

1. Қаржы рыногы
  - банктер;
  - аудиторлық фирмалар;
  - траст компаниялар;
  - сақтандыру компаниялары.
2. Қызмет көрсету рыногы
  - көлік ұйымдары;
  - қоймалық кешендер;
  - лизингтік компаниялар;
  - консалтингтік компаниялар;
  - маркетингтік орталықтар.

Тауарлардың тауар рыногында сатушыдан сатып алушыға қозғалысын сегментация көмегімен жүргізуге болады.

Сегментация – тұтынушыға өнімді жеткізудің формасын таңдау және өнімді өткізу тиімділігіне әсер етуші басты факторлардың бөлінуі.

Сегментацияның барынша дамыған белгілеріне:

- сегменттің сандық параметрлері (сегмент сыйымдылығы, өнім саны, олардың құны, сатып алушылардың саны, олардың тұрғылықты жері);
- нақты кәсіпорын үшін сегменттің қолжетімділігі (кәсіпорынның тауарлар өткізу, капиталдардың өсу мүмкіндігі, сақтау, транспорттық жағдайы);
- сегменттердің нақтылығы (тұтынушыларды қаншалықты рынок сегменті ретінде қарастыруға болады, олардың тұрақтылығы);
- тиімділігі (рентабельділік);
- сегменттің басқа негізгі бәсекелес рыноктармен сәйкестігі (үйлесімділік);
- таңдалған рынок сегментінде жұмыстың тиімділігі (жеткізушінің жұмыс тәжірибесін тексеру);
- таңдалған сегменттердің бәсекелестік қорғалуы, жеткізушілердің сегментация бойынша жұмысы демографиялық, психографиялық, географиялық және тұтыну факторларын игеруі жатады [12].

Тауар рыногына қатысты төмендегідей факторларды атап өткен жөн:

1. Демографиялық фактор (жасы, жынысы, отбасы жағдайы, ұлты, білімі, табыс көлемі, діні).
2. Психографиялық фактор (өмір сүру сипаты және ерекшелігі).
3. Географиялық фактор (аудан, қала, ауылдық жер, халық тығыздығы, халық саны, климат).
4. Тұтынушылық фактор (өнімнің қажеттілік дәрежесі, өнімді сатып алуда пайда іздеу).

Елдің тауар рыногының ерекшелігі өнеркәсіптік және өндірістік сфераның даму дәрежесімен, тауар түрлерінің үлес салмағымен анықталады. Нақты тауар рыногымен қатар тауарға құқық рыногы да әрекет етеді. Тауарға құқық тауардың бағасын алдын ала белгілеп, тауарларды өткізудегі сатушы мен сатып алушылар арасындағы қатынас ретінде болады. Ол алдын ала жоспарлауға мүмкіндік береді.

Тауар рыногының институционалдық инфрақұрылымы ретінде:

- Үкімет пен жергілікті басқару органдарын;
- салық жүйесі мен салық қызметін;
- кеден ұйымдарын;



– сертификаттау, стандарттау және лицензия беруге өкілетті органды атауға болады.

Тауар рыногының екі үлкен рынок түріне бөлінетінін жоғарыда атап өттік. Осы орайда тұтыну рыногының қалыптасуы келесі іс-шаралар арқылы жүзеге асады:

- өндірістік және өндірістік емес тауарларды өндіру және өткізу саласында кәсіпкерлікті дамыту;
- алдыңғы кезекте демонополизациялаудың және мемлекетсіздендірудің болуы;
- шағын және орта кәсіпорындарға қолдау көрсету;
- кең тұтынылатын тауарлардың өндірісін салықтық және кедендік ынталандыру;
- еркін баға орнату;
- шығынды кәсіпорындарды дотациялауды бірте-бірте тоқтату;
- тұтыну тауарларының импортын кеңейтуге және оларды коммерциялық негізде өткізуге ынталандыру.

Тұтыну рыногы басқа рыноктарға, ең алдымен өндіріс құралдары рыногына сұранысты қалыптастырады.

Енді соңғы статистикалық мәліметтерге көз салайық. Қазақстанда өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2014 жылдың ақпан – наурыз айларында 4502,4 млрд теңгені құрап, 2013 жылдың осы уақытымен салыстырғанда 0,3%-ға төмен екендігін көрсетті. Таукен өндіруші өнеркәсіпте физикалық көлемінің индексі 99,2%-ды құрады. Өңдеуші өнеркәсіпте есепті жылда 0,3%-ға өсу орын алды.

Металлургия өнеркәсібінде өндіріс 2014 жылда 5,9%-ға төмендеген, оның ішінде қара металлургия 12,7%-ға өссе, түсті металдар 16,3%-ға төмендеген. Мұнайды қайта өңдеу өнімдерінің өндірісі 2,0%-ға, химиялық өнеркәсіп те 11,3%-ға төмендеген. Машина құрастыруда өсім 13,9%-ды құраған [13].

Өндіріс құралдары рыногы тауарларды әрі қарай қайта өңдеу немесе қайта сату мақсатында өндірістік-техникалық қолданылатын тауарларды еркін сату-сатып алу бойынша тауарлы айналым саласындағы сатушылар мен сатып алушылар арасында пайда болатын экономикалық қатынастарды білдіреді. Бұл рынокта өндірістік құралдардың көп бөлігін өндірушілер тұтынушыларға тікелей сатады. Толыққанды өндірістік құралдар рыногын қалыптастыруда келесідей негізгі ұйымдастырушылық-экономикалық белгілерді бөліп көрсетуге болады:

- тауар өндірісі және тауар-ақша қатынастарының заңдылықтарын қолдану, бұл белгі ерекшеленген өндірушілері бар рынок үшін өнім өндіру бойынша жағдай жасауды, әрбір сатып алушыға әр көлемде сұраныс пен ұсыныс арақатынасын қалыптасқан баға және олардың көзқарасы бойынша сатуды білдіреді;
- өндіріс құралдарын сату-сатып алуда шаруашылық еркіндік пен экономикалық жауапкершілік;
- өндірістік-техникалық қолданыстағы өнімдер өндірісімен, оның рыноктағы ұсынысымен сатып алушылардың төлем қабілеті бар сұранысының арасында динамикалық тепе-теңдікке жету және ұстап тұру;
- өндіріс құралдарын сату-сатып алу бойынша контрагенттермен шаруашылық байланыстарын еркін таңдау мүмкіндігі;
- өндіріс құралдарын көтерме сатуды атқару және дамыту процестерін мемлекеттік реттеу;
- өндіріс құралдарының көтерме саудасының дамыған инфрақұрылымының болуы, оған өндірістік-техникалық тауарлардың көп арналы сату-сатып алынуы мен оның тауар қозғалысын қамтамасыз ететін материалдық-техникалық базасы бар сауда делдалдарының желісі жатады.

Қазақстан Республикасында соңғы жылдары өндірістік құралдар рыногының белсенді дамып келе жатқан инфрақұрылымдық элементтерінің бірі – тауар биржалары.

## **2.2. Тауар биржалары – рыноктық инфрақұрылымның элементі ретінде**

Тауарлар мен қызметтер рыногы тауар биржаларының, көтерме және бөлшек сауданың, маркетингтік ұйымдардың қалыптасуын талап етеді.

Тауар биржасы – биржалық сауданы ұйымдастыру мен реттеу жолымен тауарлардың көтерме рыногын қалыптастыратын рыноктың экономикалық, классикалық институты. Тауар биржасы – көбіне тауар рыногының қызмет етуі және қалыптасуымен анықталатын қызмет механизмі бар біркелкі ұйымдастырылған тауар рыногы. Өндірістік құрал-жабдықтар рыногы және тұтыну тауарларының рыногы келесі қызметтердің орындауын көздейді:

шаруашылық, экономикалық, демократиялық және басқару. Өндіріс құралдары рыногы – экономика-технологиялық негіздегі өндіріс құрал-жабдықтарын рационалды айырбастау және бөлу сферасы. Қазіргі ішкі рыноктың және өндіріс құрал-жабдықтары мен көтерме сауданың дамуымен байланысты тауар өндіруші, сатушы, делдал, сатып алушы арасындағы өзара қатынас ерекше сипат алды. Бұл қатынас рыноктың қызмет етуі жағдайында тұтынушыларды қамтамасыз етудің кешенді жүйесімен анықталады. Кешенді қамтамасыз ету көтерме сауданың түрлі қызметтерге және кепілді қамсыздандыруға, ұзақ шаруашылық байланыстардың дамуына негізделеді.

Сонымен, тауар биржасы дегеніміз – биржалық сауданың белгіленген тәртібі бойынша белгілі бір жерде және белгілі бір уақытта ұдайы көпшілік сауда өткізу арқылы биржалық тауарлардың көтерме саудасы жөніндегі ұйымдастыру және реттеу қызметін жүзеге асыратын, кез келген меншік нысанына негізделген заңды ұйым. Осы жерде жалпы биржаның түсініктемесіне тоқтала кетейік. Биржа – қызметтер көрсетуден алған табыстары оның шығыстарын өтеуге, биржа мен биржалық инфрақұрылымды ақпараттық-техникалық және әлеуметтік дамытуға пайдаланатын субъект.

Биржа француз тілінен аударғанда «*bursa*» – «әмиян» дегенді білдіреді. Тауар биржасына О. Штиллих келесідей анықтама береді: «Тауар биржасы – қауым, яғни көптеген өнеркәсіп кәсіпорындары мен мемлекет үшін үлкен ақша рыногы, тауарлар мен бағалы қағаздарды дұрыс бағалау үшін және қозғалмалы капиталдар айналымы үшін үлкен рынок». Қазіргі тауар биржасы – сауда операцияларын жүргізу үшін сатушылар мен сатып алушыларды біріктіру орны болып табылады. Тауар биржасы заңды тұлға болып табылғанымен оның басты ерекшелігі – табыссыздығы. Қызмет ету шарттары төмендегідей:

- рыноктық орта;
- кәсіпорынның жекелігі;
- биржа тауарларының жеткілікті болуы;
- қатысушылар, сатушылар мен делдалдардың шексіз саны;
- бәсекелестік орта;
- ақша жүйесінің тұрақтылығы;
- дамыған инфрақұрылым.

Ең алғашқы тауар биржасы XVI ғасырда Антверпен қаласында пайда болды. 1531 жылы Антверпен қаласында, 1567 жылы Брюг-

ге алаңында биржа саудасы жүргізілді. Қазіргі кезде әлемдегі ең ірі тауар биржасы «Chicago Board of Trade», яғни Чикаго тауар биржасы саналады [3].

Қазақстанда құрылған тауар биржалары Қазақстан Республикасының 04.05.2009 №155-IV Заңы («Тауар биржалары туралы» 07.07.1995 №2170 ҚР Заңы күшін жойды) негізінде қызмет етеді. Тауар биржасына биржалық тауар ғана жіберіледі. Биржалық тауар деп үлгі бойынша саудаға жіберілетін, үлкен көлемде, біртекті, стандартқа сай болатын тауарды айтамыз.

Биржа тауарына қойылатын талаптар:

- массалық, яғни үлкен көлемде болуы керек;
- тек бірінші саланың, яғни өндіруші саланың өнімі, шикізат немесе жартылай фабрикат;
- айқын стандартты сипаттамасы болуы керек;
- толық орнын басушы тауар болуы қажет, сол топтағы тауарлар типтері бірдей болуы керек;
- баға рыноктық конъюнктура негізінде анықталады.

|   |
|---|
| <b>БИРЖА</b>                            |
| Биржа мәжілісі (биржаның жоғары органы) |
| Биржа комитеті                          |
| Биржа декларациясы                      |
| Биржа президенті                        |

|                              |               |                              |                  |                            |                           |
|------------------------------|---------------|------------------------------|------------------|----------------------------|---------------------------|
| Котировка жөніндегі комиссия | Тіркеу бюросы | Аралық (арбитражды) комиссия | Есептеу палатасы | Ақпараттық-анықтама бөлімі | Сараптама бюросы (бөлімі) |
|------------------------------|---------------|------------------------------|------------------|----------------------------|---------------------------|

2-схема. Тауар биржасының ұйымдық құрылымы

Биржа тауарының объектісі 70 түрлі тауар саны. Олар 3 негізгі топқа топтастырылады:

1. Түсті металдар.
2. Қымбат металдар.
3. Ауылшаруашылығы және орман шаруашылығы тауарлары мен олардың өңделген өнімдері:
  - дақылдық;
  - майлы тұқым;

- тірі мал және ет;
- тоқыма тауарлары;
- тамақ өнімдері.

Жылжымайтын мүлік, зияткерлік меншік объектілері және жалғыз өндіруші бұйымдары биржалық тауар болып табылмайды. Мұндай тауарлардың бірегей қасиеттері олардың жалпы қабылданған бағасын анықтауға және анағұрлым қолайлы бағасын белгілеуге мүмкіндік бермейді, сондықтан олар биржалық сауда объектілері бола алмайды.

Биржа тауарын стандарттау биржалық тауардың басты белгісін қалыптастырады, оның көмегімен анағұрлым жоғары экономикалық нәтижеге қол жеткізуге болады. Стандарттау биржалық тауарға маңызды талаптар қатарын алдыға қояды деп айтуға болады.

Тауар биржасы келесідей негізгі функцияларды атқарады:

- сауда мәмілелерін жүргізу мен ұйымдастыру арқылы делдалдық қызмет көрсету;
- биржалық мәмілелерді дайындау;
- көтерме сауданы реттеп, сауда операцияларын және сауда дауларын реттеу, яғни биржалық арбитраж;
- ақпараттық функция, қор мен басылымда жариялау, яғни бағаға әсер ететін бағалар мен басқа факторлар (өндіріс жағдайы, өнім туралы болжам және т.б.);
- сұраныс пен ұсынысқа сәйкес бағаның құрылуы;
- бағаның котировкасы – биржалық ережелер бойынша биржалық бағаны тіркеу әдісі;
- хеджирлеу – бағаның өзгеруіне байланысты мүмкін болатын тәуекелдерден сақтандыру.

Тауар биржаларын 2 негізгі түрге бөледі:

1. Әмбебап, тауарлардың әртүрлілігіне байланысты операциялар жасалады.

2. Арнайыландырылған, нақты тауар бойынша жасалатын келісімшарттар.

Әрекет ету ауқымына қарай тауар биржалары бөлінеді:

- халықаралық;
- республикалық;
- аймақтық.

Биржа саудасы 2 түрлі жолмен жүзеге асырылады:

- жария сауда;
- «сыбыр сауда» (қимыл арқылы).

«Сыбыр саудада» берілетін тапсырма саусақ сигналдары арқылы жүзеге асырылады және олар келесідей болуы мүмкін:

- тауардың дәл сол мезеттегі барынша жоғары бағасы бойынша орындалуға тиіс тапсырма;
- алдын ала келісілген баға бойынша сату-сатып алу операциясын жүргізуге тапсырма;
- шектеулі шығындар жағдайында кез келген баға бойынша мәміле жасауға тапсырма;
- күтілетін мәмілені жасауға тапсырма.

Келісімшарт белгілі биржалық мәмілелер арқылы жасалады. Онда тауардың сапасы мен жеткізу мерзімі сипатталады. Биржада сатушы сатып алушыға тауарды емес, тауарға деген құқықтарын дәлелдейтін құжатты сатады. Мұндай құжат түрін *варрант* деп атайды. Биржалық операциялардың ерекшелігі мұнда тауар партиясының стандарттары, яғни әр тауардың түрі, сапасына келісімшарттар жасалады. Бұл тауарды көрместен, әлі жоқ тауарға операция жасауға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, тауарлық мәмілелердің келесідей түрлерін ажыратамыз:

- нақты тауарға биржалық мәміле;
- жедел (фьючерстік) мәмілелер;

Нақты тауарға байланысты мәмілелер:

- дереу жеткізумен байланысты («кэш» немесе «spot»). Бұл жағдайда тауар қоймадан келісім жасалған 1-күнінен 15 күнге дейін сатып алушыға өтуі тиіс;
- нақты тауарға және оны келешектегі жеткізумен байланысты келісім немесе форвардтық деп аталады. Форвардтық келісім бойынша тауардың жеткізілуі келісімшартына байланысты және бағасы келісім жасалған күні белгіленеді;
- жедел немесе фьючерстік мәмілелер тауарды жеткізу және қабылдап алу құқықтарын қарастырмайды, тек тауарға деген құқықтық сатып алуы мен сатылуы сипатталады.

Биржадағы алыпсатарлық операциялар әртүрлі делдалдар арқылы жүзеге асырылады. Биржалық делдалдардың 2 түрін ажыратады:

- брокерлер, бұл клиент атынан және есебінен немесе клиент атынан өз есебінен, не өз атынан және клиент есебінен мәмілелер жүргізеді;
- дилерлер, мұнда олар өз атынан және өз есебінен, келешекте қайта сату нәтижесінде пайда табу мәмілелерін жасайды;

– маклер, бұл биржада қызмет ететін, сауданы ұйымдастыратын тұлға.

«Тауар биржалары туралы» Қазақстан Республикасының 04.05.2009 №155-IV Заңының 6-бабында: «Тауар биржасы – тауар биржасының сауда жүйесін пайдалану арқылы ұйымдық және техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық формасында құрылатын заңды тұлға. Негізгі қызметі – биржа саудасын ұйымдастыру мен жүргізу. Тауар биржасы өкілетті орган беретін лицензия негізінде өз қызметін жүзеге асырады», – деп көрсетілген [14].

Тауар биржалары негізгі қызметтермен қатар қосымша бірнеше төмендегідей қызметтер атқарады.

- биржа саудасының типтік ережелері негізінде биржа саудасының ережесін әзірлеу және бекіту;
- тауар биржасында өтетін мәмілелерді рәсімдеу және тіркеу;
- биржа мәмілелері бойынша есептеулерді ұйымдастыру мен жүргізу;
- биржа тауарының сапасын сараптауды ұйымдастыру;
- тауар биржасының мүшелеріне ұйымдық, ақпараттық, әдістемелік және кеңестік қызметтер көрсету;
- биржа қызметіндегі ақпаратты жеткізу мақсатында басылым шығару;
- халықаралық биржа саудаларын дамыту.

Биржа саудасының негізгі құралы болып фьючерс табылады. Бұл жерде сатушы өнімді жеткізуді не жеткізу уақытына дейін қоя тұруды өзі шешеді, ал сатып алушы тауарды қабылдауды немесе жеткізу уақытына дейін келісімді қайта сатуды шешеді. Ол сенімділікті, өтімділікті, жоспарлауды жақсартуды, жеделдетуді, икемділікті және құпиялықты қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасында 1991 жылы бірінші Қазақстан тауар биржасы Батыс Қазақстан әмбебап Тауар биржасы «Жаик» ұйымдастырылды. Ол кейін қайта ұйымдастырылып, Халықаралық тауар биржасы «Қазақстан» болып аталды.

ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің мәліметтері бойынша 2010 жылы Қазақстанда 60 брокерлік-дилерлік ұйым және 10407 спот тауармен мәміле жасалған 8 тауар биржасы қызмет жасады.

Ал 2012 жылы Қазақстан Республикасында 459 брокерлік-дилерлік ұйым мен 179474 спот тауармен мәмілелер жасалған 13 тауар биржасы өз қызметін жүзеге асырды [13].

Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Сауда комитетінің 2014 жылғы мәліметінше, елімізде 20 тауар биржасы қызметін жүзеге асырады. Олар келесілер [13]:

1. «“Астана” әмбебап тауар биржасы» АҚ, *Астана қ.*, [www.utb.kz](http://www.utb.kz).
2. «“Қазақстан” халықаралық тауар биржасы» АҚ, *Астана қ.*, [www.mtbk.kz](http://www.mtbk.kz).
3. «Жамбыл облысының тауар биржасы» АҚ, *Тараз қ.*, [www.taraz-birzha.kz](http://www.taraz-birzha.kz).
4. «Еуразиялық сауда жүйесі тауар биржасы» (ЕТС) АҚ, *Алматы қ.*, [www.ets.kz](http://www.ets.kz).
5. «Қазақстандық тауар биржасы» АҚ, *Астана қ.*, [www.aoktb.kz](http://www.aoktb.kz).
6. «“Diamond” халықаралық әмбебап тауар биржасы» АҚ, *Тараз қ.*, [www.diamond-birzha.kz](http://www.diamond-birzha.kz).
7. «“Astana Gold KZ” Халықаралық әмбебап тауар биржасы» АҚ, *Астана қ.*, [www.astanagold.kz](http://www.astanagold.kz).
8. «“Ел қазына” қазақстандық халықаралық тауарлы-шикізаттық әмбебап тауар биржасы» АҚ, *Астана қ.*, [www.el-kazyna.kz](http://www.el-kazyna.kz).
9. «Жібек жолы» тауар биржасы АҚ, *Шымкент қ.*
10. «“Қазына” Еуразиялық мұнай тауар биржасы» АҚ, *Орал қ.*
11. «Берекет» халықаралық әмбебап тауар биржасы АҚ, *Астана қ.*, [www.mutb.kz](http://www.mutb.kz).
12. «Сарыарқа» тауар биржасы АҚ, *Астана қ.*
13. «Мамандандырылған отын-энергетика тауар биржасы» АҚ, *Астана қ.*
14. «Каспий» тауар биржасы АҚ, *Астана қ.*, [www.tbc.kz](http://www.tbc.kz).
15. «Ауылшаруашылық жер пайдаланушылардың және мемлекеттік мекемелердің тауар биржасы» АҚ, *Көкшетау қ.*
16. «“Almaty” тауар биржасы» АҚ (Almaty Commodity Exchange), *Алматы қ.*
17. «“Самырұқ” тауар биржасы» АҚ, *Астана қ.*
18. «“Шығыс” тауар биржасы» АҚ.
19. «“Алматы” тауар биржасы» АҚ.
20. «“Еуразия” әмбебап тауар биржасы» АҚ.

Осы биржалардың біріне тоқталсақ, «Еуразиялық сауда жүйесі тауар биржасы» 2008 жылы құрылды. 2009 жылы бірінші саудасы жүзеге асты. Тауар биржасы биржалық тауарлармен споттық және мерзімдік сауда жасауға бағытталған. ЕСЖ (ЕТС) саудасының қатысушылары – өнімдердің соңғы тұтынушылары, қазақстан-



дық және халықаралық брокерлер. Биржа ішкі және сыртқы сауда саласында, сауда операцияларының ашықтығын жоғарылатуда, сонымен бірге делдалдық буындарсыз елде ұйымдасқан көтерме сауда желісін дамытуға мемлекеттік реттеу механизмін жетілдіру мақсатында құрылған. Қазір биржада споттық сауданың төрт секциясы: ауылшаруашылық өнімінің, мұнай өнімдерінің, металдар және өнеркәсіп тауарларының, мамандандырылған тауарлардың, сонымен қатар мерзімдік рынок секциясы жұмыс жасайды.

«ЕСЖ» тауар биржасының акционерлері болып, «Московская Биржа ММВБ-РТС» ААҚ (61,3%), Қазақстан Республикасының ұлттық экономика министрлігі (37,7%), миноритарийлер 1% табылады.

2-кестеде Қазақстандағы 2004 және 2013 жылдардағы тауар биржаларының саны, биржалық саудалар мен мәмілелер саны, спот тауарлар көлемі, мәмілелер бойынша биржа айналымының мәліметтері берілген.


2-кесте

**Қазақстан Республикасындағы тауарлық биржалар қызметінің негізгі көрсеткіштері**

|   | 2004   | 2005   | 2006   | 2007   | 2008   | 2009   | 2010    | 2011    | 2012        | 2013      |
|---|--------|--------|--------|--------|--------|--------|---------|---------|-------------|-----------|
| Тауарлық биржалар саны, бірлік                          | 15     | 12     | 11     | 9      | 10     | 9      | 8       | 9       | 13          | 16        |
| Биржалық саудалар саны, бірлік                          |        | 904    | 308    | 141    | 161    | 398    | 964     | 12 983  | 21 340      | 8 109     |
| Биржалық мәмілелер саны, бірлік                         | 18 415 | 4 200  | 1 852  | 1 057  | 671    | 1 119  | 10 407  | 892 553 | 179 474     | 13 418    |
| Спот-тауарлардың саудаға шығарылған көлемі, млн теңге   | 74 062 | 73 199 | 28 543 | 12 068 | 25 383 | 94 548 | 884 692 | 465 453 | 1 456 337,7 | 829 166,9 |
| Жасалған мәмілелер бойынша биржалар айналымы, млн теңге | 66 035 | 61 768 | 28 430 | 12 030 | 13 659 | 55 120 | 86 425  | 461 996 | 1 447 234,4 | 826 161,7 |

Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігі // Ресми статистикалық ақпарат <http://www.stat.gov.kz/>.

Кестеден 2013 жылғы мәліметтік көрсеткіш бойынша тауар биржаларының саны 2004 жылғымен бірдей дерлік. Биржалық мәмілелер саны 2013 жылы 2009 жылмен салыстырғанда 92%-ға өскен, ал биржалық саудалар саны 2013 жылы 2010 жылмен салыстырғанда 88%-ға өскен. Кестеден тауарлық биржалар қызметінің негізгі көрсеткіштері 2011 жылы жоғары көрсеткіш көрсеткендігін байқауға болады. Ал жасалған мәмілелер бойынша биржалар айналымы мен спот тауарлардың саудаға шығарылған көлемін келесі диаграммамен беруге болады.



Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігі // Ресми статистикалық ақпарат <http://www.stat.gov.kz/>.

**2-диаграмма.** Жасалған мәмілелер бойынша биржалар айналымы мен спот тауарлардың саудаға шығарылған көлемінің көрсеткіштері

Диаграммада 2010 және 2013 жылдардың көрсеткіштері бірдей. 2012 жылы екі көрсеткіш – жасалған мәмілелер бойынша биржалар айналымы да, спот тауарлардың саудаға шығарылған көлемі де қалған жылдармен салыстырғанда жоғары көрсеткішті көрсетіп, 1 450 000 млн теңгені құрап отыр.

Биржаның қызметтер көрсетуден түскен табыстары оның шығыстарын өтеуге, биржа мен биржалық инфрақұрылымды ақпараттық-техникалық және әлеуметтік дамытуға пайдаланылады.

Биржалық саудаға қатысушылар брокерлік ұйымдар, брокерлер, дилерлер және бір жолғы келушілер *биржалық саудаға қатысушылар* болып табылады.

Биржалық сауда:

- клиенттің атынан және оның есебінен, клиенттің атынан және өз есебінен немесе өз атынан және клиенттің есебінен (брокерлік қызмет) биржалық мәмілелер жасау;
- кейін биржада қайта сату мақсатымен (дилерлік қызмет) өз атынан және өз есебінен биржалық мәміле жасау;
- бір жолғы келушілермен өз атынан және өз есебінен биржалық мәміле жасау арқылы жүзеге асырылады.

Көпшілік сауда өткізу дәрежесі бойынша биржалар:

- биржалық саудаға тек биржаның мүшелері ғана қатысатын жабық;
- биржалық саудаға келушілер де жіберілетін ашық болуы мүмкін.

Биржаның органдары: биржа құрылтайшыларының жалпы жиналысы, биржа кеңесі, тексеру комиссиясы болып табылады.

Биржалық сауда ережелері:

- биржалық негізгі құрылымдық бөлімшелерінің функцияларын;
- биржалық саудаға қатысушыларды алдағы болатын көпшілік жария сауда туралы хабардар ету тәртібін;
- биржада осы сауданы өткізу тәртібін;
- биржалық мәмілелер түрлерін;
- оларды тіркеу мен есепке алу тәртібін;
- биржалық тауарлар бағасын белгілеу тәртібін;
- биржалық саудаға қатысушыларды өткен көпшілік жария саудадағы биржалық мәмілелер туралы, оның ішінде биржалық мәмілелердің бағалары мен биржалық тауарлардың бағасын белгілеу туралы хабардар ету тәртібін;
- биржа мүшелерін және биржалық саудаға басқа да қатысушыларды тауар рыноктары мен биржалық тауарлардың рыноктық конъюнктурасы туралы хабардар ету тәртібін;
- биржалық мәмілелер жасасу кезінде биржа мүшелері мен биржалық саудаға басқа қатысушылардың өзара есеп айырысу тәртібін;
- баға деңгейінің күрт артуына немесе төмендеуіне, бағаны қолдан өсіруге немесе төмендетуге, бағаға әсер ету үшін сөз байласуға немесе жалған қауесет таратуға жол бермеу мақсатында биржадағы баға белгілеу процесін бақылау жөніндегі шараларды;

- биржа өткізетін жария көпшілік саудада реттілік пен тәртіпті қамтамасыз ететін шараларды, сондай-ақ осы шараларды қолдану тәртібі мен шарттарын;
- биржа мүшелерінің және биржалық саудаға басқа да қатысушылардың қолданылып жүрген заңдарды сақтауын қамтамасыз ететін шараларды;
- биржа тауарларының тізбесін;
- биржалық саудаға қатысушылардан биржа айыппұл өндіріп алатын жолсыздықтар тізбесін, сондай-ақ айыппұлдың мөлшері мен оны өндіріп алу тәртібі;
- биржа көрсететін қызмет үшін төлемдердің мөлшерін және биржаның оны алу тәртібін көздеуге тиіс.

Биржа қызметін тоқтату биржаның жоғары органының шешімі бойынша биржаның жарғысында белгіленген тәртіппен немесе Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

### **2.3. Тауар рыногының инфрақұрылымдық кешеніндегі көтерме және бөлшек сауда. Көрме, жәрмеңке қызметтері**

Көтерме сауда тауар рыногында тұтыну рыногының құрамына кіретінін жоғарыда атап өттік. Көтерме сауда өндіріс тауарларының анағұрлым кең көлемде, арзан бағада бөлшек сауда орындарына қозғалысын білдіреді. 1939 жылы М.М. Лифиц, Г.Л. Рубинштейн көтерме саудаға «ірі көлемде өндірілген тауарды өңдеу немесе әрі қарай сату мақсатындағы сауда» деп анықтама береді [12].

Көтерме сауда айналымы 3 түрге бөлінеді:

- дайындаушы;
- ішкі өнеркәсіптік;
- жеке тұтынушылық.

Міндеттері:

1. Тауар ағымын өндірушіден тұтынушыға бағыттау.
2. Өзгерісті сұраныс жағдайында жеткізуді дер кезінде қамтамасыз етуге қажетті запастарды сақтау.
3. Өндіріс пен тұтыну арасындағы уақытша үзілісті уақытша жабу.
4. Жаңа сұранысты туғызады.
5. Сұраныстың өзгеруіне икемделуді туғызу.

Көтерме сауда мекемелеріне келесілерді жатқызуға болады:

- коммерциялық-делдалдық;
- көтерме базарлар;
- тауар биржалары;
- көтерме дүкендер;
- сауда үйлері;
- көрме, жәрмеңке;
- аукцион;
- брокерлік компаниялар;
- коммивая жерлар;
- сауда және өнеркәсіп агенттері;
- кәсіпкерлер және саудагерлердің ерікті ассоциативті бірлестіктері.

Әлемдік практикада көтерме сауданың келесідей түрлері бар:

1. Биржа, жәрмеңке, аукцион, көтерме азық-түлік рыноктарының көтерме сатып алу жүйесі арқылы сауданы жүзеге асыру.

2. Тікелей өндірістік байланыстармен сауда.

3. Шикізаттармен және материалдармен көтерме сауда:

- жеткізу арқылы сервис көрсету;
- сатып алушы тауарды өзі алып кетеді.

4. «Cash and carry» қабылдап алу мен тасымалдауға дейін сатып алушы қолма-қол төлем жасайды. Тауарға төлем «cash» – қолма-қол, «carry» – тиеу, тасымалдауды клиент өзі жүргізеді.

5. Стеллажды (Rock Jobber) көтерме саудасы. Бөлшек сауданың ірі кәсіпорындары көтерме сатушыға стеллажды не стеллаждағы, алаңдағы сауда залдарын ұсынады.

Көтерме сауданың қызметтері болып келесілер табылады:

- тауарларды қоймалау (сақтау, орау, буып-түю, жеткізу);
- тауарлар сапасын бақылау (сатып алу барысында тексеру);
- тауарларды өткізу (бөлшек сауда орындарына сату).

Жалпы, тауар қозғалысының 2 түрін бөліп көрсетеді: транзитті және қоймалық. Транзитті формада өндірілген тауар көтерме ұйымдарға түспей, бірден бөлшек саудаға бағытталады (нан және нан өнімдері, тез бұзылатын, сақтау мерзімі қысқа тауарлар). Қоймалық форманы күрделі ассортиментті тауарлар (киім, аяқ киім, т.с.с.) құрайды.

## Қазақстандағы көтерме сауданың көлемі, млн теңге

|                               | 2009                   | 2010                   | 2011                    | 2012                    | 2013                    |
|-------------------------------|------------------------|------------------------|-------------------------|-------------------------|-------------------------|
| <b>Қазақстан Республикасы</b> | <b>6 872<br/>312,2</b> | <b>8 152<br/>382,4</b> | <b>10 234<br/>755,3</b> | <b>11 832<br/>510,7</b> | <b>14 170<br/>379,8</b> |
| Ақмола                        | 162 430,1              | 180 168,5              | 212 187,9               | 221 647,2               | 262 733,2               |
| Ақтөбе                        | 160 939,1              | 296 941,8              | 709 486,1               | 558 538,8               | 430 276,9               |
| Алматы                        | 212 440,0              | 306 432,7              | 248 792,3               | 315 191,5               | 313 191,1               |
| Атырау                        | 140 335,1              | 200 890,5              | 135 558,4               | 150 483,5               | 181 122,3               |
| Батыс Қазақстан               | 161 975,2              | 207 483,8              | 152 518,0               | 210 795,1               | 221 592,0               |
| Жамбыл                        | 113 819,6              | 142 252,8              | 177 492,8               | 158 182,3               | 158 511,0               |
| Қарағанды                     | 495 053,0              | 544 550,0              | 648 994,7               | 682 293,2               | 661 759,8               |
| Қостанай                      | 250 876,5              | 293 235,6              | 345 265,8               | 379 075,5               | 373 309,5               |
| Қызылорда                     | 60 435,6               | 74 644,7               | 81 175,2                | 102 228,6               | 112 383,0               |
| Маңғыстау                     | 65 961,7               | 107 235,2              | 106 603,5               | 112 178,1               | 131 674,3               |
| Оңтүстік Қазақстан            | 214 460,5              | 377 158,2              | 645 220,5               | 486 049,5               | 497 915,3               |
| Павлодар                      | 287 432,1              | 380 713,5              | 901 742,6               | 713 241,9               | 586 951,1               |
| Солтүстік Қазақстан           | 109 318,9              | 164 529,0              | 218 645,3               | 253 759,7               | 304 057,9               |
| Шығыс Қазақстан               | 359 041,2              | 495 423,9              | 600 165,2               | 502 578,7               | 548 556,9               |
| Астана қаласы                 | 1 002<br>535,8         | 1 108<br>787,8         | 1 013<br>810,3          | 1 636<br>989,2          | 2 366 185,0             |
| Алматы қаласы                 | 3 075<br>257,8         | 3 271<br>934,4         | 4 037<br>096,7          | 5 349<br>277,9          | 7 020 160,5             |

Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігі // Ресми статистикалық ақпарат <http://www.stat.gov.kz/>.

3-кесте бойынша еліміздегі көтерме сауданың көлемі 2013 жылы 2009 жылмен салыстырғанда 51,5%-ға өскендігін және оның 2009 жылдан тұрақты түрде өсіп отырғандығын байқауға болады. Әрине, жекелеген аймақтар бойынша республикадағы көтерме сауданың ірі көлемі 49,5%-ы Алматы қаласына тиесілі болса, 16,7%-ы Астана қаласына, 4,7%-ы өндіріс ошақтары көп Қарағанды облысына, 4,14%-ы Павлодар облысына, 3,87%-ы Шығыс Қазақстан облысына, 3,5%-ы Оңтүстік Қазақстан облысына тиесілі.

Қазақстан Республикасында көтерме сауда айналымы 2014 жылы 2 947,9 млрд теңгені құрады және ол 2013 жылмен салыстырғанда 10,9%-ға өсті [16].

*Бөлшек сауда.* Бөлшек сауда – бөлшек сауда мекемелері арқылы өтетін және тұрғындардың әртүрлі қажеттіліктерін қанағат-

тандыратын тауарды өткізу. Ол көптеген жағдайларда қоғамдық өндірістің тиімділігін анықтайды, тұтыну мен өндіруді өзара байланыстырады, ал практикада айырбасты жүзеге асырады. Бөлшек сауда тауардың өндірушіден тұтынушыға бағытталған қозғалысын қамтиды. Ол тауарды сату мен қызмет көрсетудің тұтынушыға тәуелсіз ақырғы буынын білдіреді. Бөлшек сауданың қызметін дүкендер, қоғамдық қызмет көрсету мен тамақтану орындары сияқты басқа да мекемелер жүзеге асырады.

Бөлшек сауда рынокта көптеген қызметтер атқарады және оларды үш топқа топтастырады:

1. Экономикалық қызметі.
2. Коммерциялық қызметі.
3. Технологиялық қызметі.

Бөлшек сауданың экономикалық қызметтері:

- өндірушілерді ақырғы тұтынушылардың тікелей ауқымды массасынан құтқарады;
- тауарлар запасын құру арқылы өндіру мен тұтынудың ырғақтылығын қамтамасыз етеді;
- өндірушілердің табыс алуына қызмет етеді де, олар өнімді өткізудегі кедергілерге тәуелді болмайды.

Бөлшек сауданың коммерциялық қызметіне маркетингтік зерттеулер мен тауарларды сатып алумен байланысты қызметтер жатады. Атап айтқанда, тауарлар мен қызметтерге тұтынушылардың сұранысын зерттеу және соның негізінде тауарлардың алуантүрлілігін (ассортиментін) қалыптастыру, тауарлық запастарды басқару, тауарлар мен қызметтердің жарнамасы, т.с.с.

Негізгі технологиялық қызметтеріне тауарларды саны мен сапасына қарай қабылдау, тауарларды сақтау, сауда орындарына орналастыру, маркирлеу, орау, сатуға дайындау, тауарды тұтынушыға жіберудегі операцияларды орындау жатады.

Бөлшек сауданың келесідей мекемелері бар:

- шаруашылық ассоциациялар;
- сауда үйлері;
- каталог бойынша сауда;
- қойма дүкендер;
- сауда автоматтары;
- интернет-кафелер.

Төменде 4-кестеде 2009 – 2013 жылдар бойынша жекелеген тауарлар топтары бойынша бөлшек сауда көлемі берілген.

4-кесте

**Жекелеген тауарлар топтары бойынша бөлшек сауданың көлемі, млн теңге**

|                                     | 2009        | 2010        | 2011        | 2012        | 2013        |
|-------------------------------------|-------------|-------------|-------------|-------------|-------------|
| Азық-түлік тауарларының саудасы     | 929 793,4   | 1 050 172,6 | 1 225 896,4 | 1 417 667,2 | 1 609 856,8 |
| Азық-түлік емес тауарлардың саудасы | 1 621 609,5 | 2 146 975,2 | 2 639 944,2 | 3 149 994,0 | 3 864 417,2 |
| Барлық тауарлар                     | 2 551 402,9 | 3 197 147,8 | 3 865 840,6 | 4 567 661,2 | 5 474 274,0 |

Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігі // Ресми статистикалық ақпарат <http://www.stat.gov.kz/>.

Азық-түлік тауарларының саудасы 2009 жылдан бастап тұрақты өсіп, 2013 жылы бес жыл бұрынғы көрсеткіштен 42,2%-ға өскендігін көруге болады. Азық-түлік емес тауарлардың саудасы да бес жылда 58%-ға өскендігін көреміз. Барлық тауарлар 2013 жылы 2009 жылмен салыстырғанда 2 922 871 млн теңгеге, яғни 53,4%-ға өскен. Жекелеген тауарлар топтары бойынша бөлшек сауданың көлемі бес жыл көлемінде тұрақты өскендігі, халық табысының, сәйкесінше сұраныстың өскендігін білдіреді. Бұл кестеден елімізде бөлшек сауда айналымынан түсетін табыс та өсіп отырғандығын көреміз.



Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігі // Ресми статистикалық ақпарат <http://www.stat.gov.kz/>.

**3-диаграмма. Бөлшек сауданың 2013-2014 жылдардағы серпіні**

3-диаграмма 2013 жылы маусымда бөлшек сауданың төменгі шегін көрсетсе, қыркүйек, желтоқсан айларында сауданың жоғары серпінін байқаймыз. 2014 жылдың 6-айы маусымда 2013 жылға керісінше, бөлшек сауданың жоғары серпіні байқалады, 2014 жылдың наурыз айында төменгі шегін байқауға болады.

Келесі кестеде 2012 – 2014 жылдардағы айлар бойынша бөлшек сауда көлемі берілген.



5-кесте

## Қазақстан Республикасындағы бөлшек сауданың көлемі

|                     |           | Бөлшек сауда млн теңге            |        |          |       |           |           |           |       |           |       |           | жыл-тоқсан |
|---------------------|-----------|-----------------------------------|--------|----------|-------|-----------|-----------|-----------|-------|-----------|-------|-----------|------------|
|                     |           | қазан                             | қараша | қыркүйек | тамыз | шілде     | мамыр     | маусым    | сәуір | наурыз    | ақпан | қаңтар    | жыл-тоқсан |
|                     |           | Бөлшек сауда                      |        |          |       |           |           |           |       |           |       |           |            |
| <b>2012</b>         | 313 054,1 | 314                               | 335    | 372      | 372   | 350 755,7 | 354 852,1 | 350 755,7 | 314   | 318 635,2 | 289   | 313 054,1 | 514        |
|                     |           | 603,9                             | 206,4  | 572,2    | 572,2 |           |           |           | 603,9 |           | 221,9 |           | 838,3      |
| <b>2013</b>         | 361 007,4 | 370                               | 390    | 434      | 434   | 409 655,6 | 401 292,9 | 409 655,6 | 370   | 371 507,0 | 341   | 361 007,4 | 606        |
|                     |           | 054,1                             | 280,3  | 619,2    | 619,2 |           |           |           | 054,1 |           | 578,9 |           | 965,5      |
| <b>2014</b>         | 397 022,1 | 437                               | 466    | 526      | 526   | 509 868,3 | 508 638,3 | 509 868,3 | 437   | 427 760,3 | 382   | 397 022,1 |            |
|                     |           | 983,1                             | 001,1  | 193,3    | 193,3 |           |           |           | 983,1 |           | 793,0 |           |            |
| <b>оның ішінде:</b> |           |                                   |        |          |       |           |           |           |       |           |       |           |            |
|                     |           | саудамен айналысатын кәсіпорындар |        |          |       |           |           |           |       |           |       |           |            |
| <b>2012</b>         | 177 369,4 | 163                               | 168    | 182      | 182   | 173 231,2 | 178 514,4 | 173 231,2 | 163   | 169 889,1 | 152   | 177 369,4 | 271        |
|                     |           | 414,8                             | 302,6  | 863,0    | 863,0 |           |           |           | 414,8 |           | 070,3 |           | 012,3      |
| <b>2013</b>         | 207 803,2 | 200                               | 203    | 231      | 231   | 216 690,9 | 205 385,2 | 216 690,9 | 200   | 203 248,9 | 188   | 207 803,2 | 329        |
|                     |           | 100,8                             | 923,0  | 028,8    | 028,8 |           |           |           | 100,8 |           | 455,4 |           | 375,1      |
| <b>2014</b>         | 226 050,9 | 242                               | 255    | 279      | 279   | 276 858,5 | 270 368,2 | 276 858,5 | 242   | 236 291,8 | 209   | 226 050,9 |            |
|                     |           | 911,6                             | 285,2  | 936,6    | 936,6 |           |           |           | 911,6 |           | 134,1 |           |            |
|                     |           | базарлар мен жеке кәсіпкерлер     |        |          |       |           |           |           |       |           |       |           |            |
| <b>2012</b>         | 135 684,7 | 151                               | 166    | 189      | 189   | 177 524,5 | 176 337,7 | 177 524,5 | 151   | 148 746,1 | 137   | 135 684,7 | 243        |
|                     |           | 462,1                             | 903,8  | 709,2    | 709,2 |           |           |           | 462,1 |           | 151,6 |           | 826,0      |
| <b>2013</b>         | 153 204,2 | 169                               | 186    | 203      | 203   | 192 964,7 | 195 907,7 | 192 964,7 | 169   | 168 258,1 | 153   | 153 204,2 | 277        |
|                     |           | 953,3                             | 357,3  | 590,4    | 590,4 |           |           |           | 953,3 |           | 123,5 |           | 590,4      |
| <b>2014</b>         | 170 971,2 | 195                               | 210    | 246      | 246   | 233 009,8 | 238 270,1 | 233 009,8 | 195   | 191 468,5 | 173   | 170 971,2 |            |
|                     |           | 071,5                             | 715,9  | 256,7    | 256,7 |           |           |           | 071,5 |           | 658,9 |           | 590,4      |

Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігі // Ресми статистикалық ақпарат <http://www.stat.gov.kz/>.

5-кестеде берілген әр жылдың соңына қарай бөлшек сауда көлемі өспелі түрде ұлғайып отырғандығын көреміз. 2014 жылдың қаңтарында бөлшек сауда көлемінің 57%-ын саудамен айналысатын кәсіпорындар жасаса, 43%-ын базарлар мен жеке кәсіпкерлердің саудасы құрайды. 2014 жылдың қаңтар – наурыз айларында бөлшек сауда айналымының көлемі 1207,6 млрд теңгені құрап, 2013 жылмен салыстырғанда 9,7%-ға өскен.

6-кесте

**2014 жылдың желтоқсан айындағы бөлшек және көтерме сауда көлемі, млн теңге**

|  | 2014            |                | 2013            |                |
|--|-----------------|----------------|-----------------|----------------|
|  | Жыл басынан     | Есепті айға    | Жыл басынан     | Есепті айға    |
| Бөлшек сауда көлемі  | 6 020<br>807,9  | 725 716,5      | 5 034 793,3     | 606 965,5      |
| соның ішінде өткізу арналары бойынша:  |                 |                |                 |                |
| сауда кәсіпорындарының   | 3 244 066,1     | 392 644,4      | 2 653 336,8     | 329 375,1      |
| сауда базарларының және жеке кәсіпкерлердің  | 2 776<br>741,8  | 333 072,1      | 2 381 456,5     | 277 590,4      |
| Бөлшек сауда көлеміндегі базарлар және жеке кәсіпкерлер саудасының үлес салмағы, %-бен | 46,1            | 45,9           | 47,3            | 45,7           |
| Жан басына шаққандағы бөлшек сауданың жалпы көлемі, теңге                              | 348 447         | 42 000         | 295 681         | 35 646         |
| Тамақ өнімдері мен сусындарды ұсыну бойынша қызметтер                                  | 256 813,5       | 28 199,9       | 232 935,7       | 24 816,1       |
| Көтерме сауда көлемі   | 16 358<br>431,7 | 2 206<br>859,6 | 14 104<br>732,2 | 1 901<br>179,9 |

*Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігі // Ресми статистикалық ақпарат <http://www.stat.gov.kz/>.*

6-кестеде 2014 жылы еліміздегі көтерме сауда көлемі бөлшек сауда көлемінен 67,1%-ға артық. Жан басына шаққандағы бөлшек сауданың жалпы көлемі 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда 52 766 млн теңгеге артық.

ҚР Статистикалық агенттіктің мәліметтері бойынша Қазақстанның сыртқы сауда айналымы Ресей және Белоруссиямен өз-

ара сауданы есепке алғанда 2014 жылдың қаңтары – наурызында 31,1 млрд АҚШ долларын құрап, 2013 жылдың осы мезгілімен салыстырғанда 3,7%-ға өскен, оның ішінде экспорт – 22,6 млрд АҚШ долл. (11,0%-ға өскен), импорт – 8,5 млрд АҚШ долл. (11,7%-ға өскен).

Сауда балансының оң сальдосы 14,1 млрд АҚШ долларын құрап (2013 жылы бұл көрсеткіш 10,5 млрд АҚШ долл.) және 1,3 есеге өскен.

Кеден одағының елдері арасындағы өзара сауда 2014 жылдың алғашқы айларында 4199,9 млн АҚШ долларын құраған, 2013 жылмен салыстырғанда 22,1%-ға аз, соның ішінде экспорт 1207,9 млн АҚШ долл., 27,9%-ға төмендеген, импорт 2992,0 млн АҚШ долл., 19,8%-ға төмендеген [16].

*Көрме және жәрмеңке қызметі.* Рыноктық инфрақұрылым кешенінде көрменің, жәрмеңкенің алатын орны ерекше. Себебі өмірге келген әрбір жаңа тауардың, бұйымның қалың жұртшылыққа таныстырылып, айналысқа түсуі ең алдымен көрме-жәрмеңке қызметімен тікелей байланысты. Ол жаңа тауарды жарнамалаудың бірден-бір құралы.

Алдымен, жәрмеңке қызметіне келетін болсақ, жалпы жәрмеңке ұлттық беделге байланысты ұйымдастырылса, салалық жәрмеңкелер экономиканың әртүрлі салалары бойынша ұйымдастырылады.

Әмбебап жәрмеңке дегеніміз – шектелген мерзімге және жылдың белгілі бір уақытында өзгеріссіз, сол бір жерде белгіленген уақыт аралығында ұйымдастырылатын және өндірістің барлық саласы үшін ашық кеңейтілген рынок. Жәрмеңкенің мақсаты – экспоненттерге өз өндірісінің үлгісін, ұлттық және халықаралық көлемде сауда мәмілелерін жасау мақсатында техникалық жетілдірулер мен жаңа жетістіктерді көрсету үшін мүмкіндік беру.

Сонымен қатар негізгі сауда жәрмеңкелері, барынша ұсақ өнеркәсіп жәрмеңкелері де әрекет етеді. Қазақстанда ұйымдастырылған жәрмеңкелердің тарихы тереңде жатыр. Жәрмеңке қазақ жерінде алғаш рет 1893 жылы ұйымдастырылып, жалпы сомасы 350 мың рубль жиналса, 1908 жылы бұл көрсеткіш 1 млн рубльден асып түскен.

- Жәрмеңкенің тауарларды рыноктық сатудан айырмашылығы:
- жәрмеңке кезеңді ұйымдастырылады;
  - сауда нақты тауарсыз жасалады;
  - сатып алушы белсенді сұраныс жасайтын тауармен сауда жасалады;

- тауар жоқ болуы мүмкін, бірақ үлгі, каталог, бейнелеуші болады;
- тауар көтерме сатылады;
- сату-сатып алу актісі бітсе де, меншік иесі біраз уақыт ауыспайды;
- тауар сату мәмлесі жазбаша жасалады;
- баға ағымдық конъюнктурада тағайындалады;
- сатып алушы делдал көтерме сауда жасаушы немесе бөлшек сауда өкілдері;
- қамту аумағы: аймақ, республикалық, халықаралық;
- тауардың сапасы мен шығу тегі туралы мәліметтер талап етіледі;
- жәрмеңке өткізудің арнайы шаралары қарастырылады. Ұлттық және халықаралық Жарғы қалыптасады.

Көрме сұранысты қалыптастыруда, өткізуде барынша маңызды маркетингтік шаралар бола отырып, аймақтық экономиканы дамытуда үлкен үлес қосатын көпдеңгейлі болып табылады.

Кез келген көрмені жүргізудің негізгі шарттары:

- жаңа тауарларды, қызметтерді, тәжірибелерді ұсыну;
- ұсынылатын тауарларды көрсету және түсіндіру қажеттігі;
- іскер қатынастарды дамыту және оларды өткізумен байланыстыру;
- бәсекелестің тауарымен салыстырғанда ұсынылатын тауардың айқын артықшылығын көрсету;
- рыноктық құрылымды зерттеу, тауарларды таратудың жаңа жолдарын іздеу.

Әзірге, әлемде ең үлкен көрме болып 2000 жылы Ганновер қаласында өткен көрме саналады. Оған 170 мемлекет қатынасып, 1,7 млн м<sup>2</sup> аумақта орын алған. Негізінен, денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғау, энергетика салаларын қамтыды. ТМД аумағындағы ең үлкен көрме телекоммуникация саласына қатысты 2001 жылы Алматыда Kitef деген атпен өткізілді.

Көрменің келесідей түрлері бар:

1. Жеке көрмелер.
2. Тар маманданған (500-1000 адамға дейін).
3. Кең маманданған (1000-3000 адамға дейін).
4. Әмбебап көрмелер (5000-10000 адамға дейін).

Жәрмеңке секілді көрменің де өзіндік ерекшеліктері бар, оларға:

- тауар көрсетіліп, тауар туралы толық мәлімет беріледі;
- жасалған тәжірибелердің нәтижесі көрсетіледі;
- тауар бәсекелестеріне қарағанда айқын артықшылықтарға ие болуы шарт;

– рынокты маркетингтік зерттеу арқылы тауар өткізудің жаңа жолдарын іздестіру.

Жәрмеңке мен көрмелердің түрлері:

- жалпы жәрмеңкелер, көрмелер және көрсетілімдер;
- салалық жәрмеңкелер, көрмелер;
- негізгі сауда жәрмеңкелері;
- барынша ұсақ өнеркәсіп және сауда жәрмеңкелері;
- жеке көрмелер, қандай да бір фирманың «тақырыптық» жәрмеңкесі [15].

Елімізде ауылшаруашылық жәрмеңкелері жиі өткізіліп тұрады. Онда фермерлердің өз өнімдерін (азық-түлік тауарларын) рыноктық бағадан төмен деңгейде сатуымен ерекшеленеді.

Қазіргі таңда Қазақстанның халықаралық көрмелік индустриясында өз орны бар. Көрме қызметі ғылым мен өндірістің түрлі салаларындағы болашағы бар инновациялық әзірлемелерді анықтау мәселесін шешуде айрықша рөл атқарады, Қазақстандағы жүргізіліп жатқан экономикалық өзгерістерді насихаттау құралы болып табылады, сонымен бірге отандық өндірушілерді қолдайды. Қазақстанның дамушы рыногы үшін ірі халықаралық көрме ұйымдастыру және өткізу қажет. Сондай халықаралық көрмені ұйымдастырумен айналысатын «Атакент» АҚ кіші кәсіпорны, еліміздегі жетекші компания «Атакент-Экспо» болып табылады. «Атакент-Экспо» құрамында көрмелер мен жәрмеңкелерді қалыптастыру мен ретке келтіру топтары: жарнамалық-ақпараттық, әкімшілік-сервистік, стенд тұрғызу мен рәсімдеу жұмыстарының тобы қызмет көрсетеді. Осыған байланысты қажеттілігіне қарай қосымша көрмелік жабдықпен қамтамасыз ете отырып, көрме алаңдарын жөндеуге, тапсырыстар қабылдауға мүмкіндіктері бар. «Атакент» Қазақстан Іскер әріптестік орталығының аумағында жыл сайын шетелдік фирмалар мен компаниялар қатысатын, экономиканың барлық секторын: мұнай, газ, энергетика және электротехника, машина құрастыру, құрылыс, телекоммуникация және компьютерлік технология, денсаулық сақтау, мебель және интерьер, орман және ағаш өңдеу, көлік, туризм, ауылшаруашылық және тамақ өнеркәсібі, текстиль, сән және басқаларын қамтитын 40-50 ірі ұлттық және халықаралық көрмелер өткізіледі. Көрмелер жалпы көлемі 19 000 м<sup>2</sup> ауқымды құрайтын 6 заманауи павильонда өткізіледі. Жыл сайын «Атакент-Экспо» түрлі тақырыптағы 20 халықаралық көрме ұйымдастырады. Барлық көрмелер дерлік іс-

кер бағдарламаларға толы болады: фирмалардың презентациялары көрсетіледі, тақырыптық семинарлар, конференциялар және дөңгелек үстелдер әр саланың мамандарына тәжірибе алмасуға, қызықтыратын саладағы мәселелерді талқылауға үлкен мүмкіндік жасалады.

Енді «EXPO-2017» Астана көрмесіне тоқталайық. Ол 2017 жылы Астана қаласында өтетін Халықаралық көрмелер бюросымен (МБВ) мойындалған жоспардағы халықаралық көрме болып табылады. Көрме тақырыбы – «Болашақтың энергиясы». «EXPO-2017» көрмесіне 100-ден аса ел мен халықаралық ұйымдардың, 2-3 миллион келушілердің қатысуы күтіледі. Астанадағы «EXPO-2017» көрмесі ТМД елдері мен Орталық Азия аумағындағы өткізілетін ең алғашқы халықаралық деңгейдегі көрмеге айналуы мүмкін. Мұндай ауқымды шараны еліміздің астанасында ұйымдастыру туралы мемлекет басшысы бастама көтерді. 2011 жылғы 10 маусымда Париждегі Халықаралық көрмелер бюросының (ХКБ) Бас хатшысы Винсенте Гонсалес Лоссерталеске Қазақстан Республикасының ресми өтінімі тапсырылғаннан бастап еліміз Астанада «EXPO-2017» көрмесін өткізу жөніндегі сайлау науқанына ресми тұрғыда кірісті. Астана ұсынған көрменің тақырыбы – «Болашақтың энергиясы», ол баламалы энергия көздеріне және «жасыл» технологияға арналған. 2012 жылғы 22 қарашада ХКБ-ге мүше 161 елдің өкілдерінің жасырын дауыс беру барысында 103 ел қолдап, Астана EXPO-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі өтетін орын болып таңдалды. Астанадағы бүкіләлемдік көрме 3 айға дейін жалғасатын болады. EXPO-2017 көрмесінің тақырыбы ең үздік әлемдік энергия сақтау технологиясын, күн, жел, теңіз, мұхит және термалды су тәрізді бүгінде бар баламалы энергия көздерін пайдалануда жаңа әзірлемелер мен технологияны пайдалануға мүмкіндік береді. Астана осы саладағы ең үздік әлемдік әзірлемелер мен трендтер көрсету үшін тиімді алаңға айналуы мүмкін.

Көрме сондай-ақ елдің өндірістік қуаты мен ғылыми базасын технологиялық жаңғырту және экономиканы жүйелі әртарапандыру үшін қуатты серпін береді. Мұндай ауқымды іс-шараны өткізу шағын және орта бизнестің де дамуына елеулі серпін береді. Көрме елорданың көрмелер объектілері құрылысы мен инфрақұрылымына едәуір жеке меншік инвестицияны тартуға мүмкіндік туғызады. 1851 жылы Лондонда өткен бірінші Бүкіләлемдік

өнеркәсіп көрмесінен бастау алған ЕХРО халықаралық көрмесі әр жыл сайын зор танымалдыққа ие болып, барлық қатысушыларға әлемнің экономикалық, технологиялық және мәдени жетістіктерімен танысуға тамаша мүмкіндіктер беріп келеді. Көрме сондай-ақ инновациялық идеялар алмасу және болашаққа қатысты ұжымдық көзқарас мүмкіндіктерін сенімді көрсету үшін ерекше алаң болып табылады.

*Аукцион және аукциондық сауда.* Аукциондық сауда – максималды пайда табу мақсатында сатылатын, саудаға қатысушы сатып алушылар тікелей бәсекелесетін рыноктық сауданың бір түрі. Аукцион латын тілінен аударғанда «*auctio*» – жария сауда деген мағынаны білдіреді. Аукционда көбінесе, картиналар, тарихи жәдігерлер, жеке және қоғамдық маңызы бар бұйымдар, көрнекті қоғам қайраткерлерінің ұстаған жеке заттары мен қолжазбалары, пошта маркалары, бұрынғы киім, сағат, қару-жарақ түрлері мен үлгілері, тұрмыстық және сәндік бұйымдар, сондай-ақ көліктердің ескі маркалары, яғни антиквариаттар және т.с.с. заттар саудаға түседі. Аукцион алғаш рет 1724 жылы Исети жағалауында өткізілген.

Бүгінде аукционның 2 нұсқасы кең таралған:

- ағылшындық әдіс;
- голландтық әдіс.

Сауданың ағылшындық нұсқасында аукционист бастапқы айтылған бағаны біртіндеп, мәміле жасалатын барынша жоғары баға айтылғанша көтере берсе, голландтық нұсқада аукционист тауардың бастапқы бағасын күтілетін сату бағасынан жоғары деңгейде тағайындайды да, тауарды сатып алуға ұсыныс болғанша біртіндеп төмендете береді.

Аукционды жүргізуге дайындық кезеңдері төмендегідей тәртіппен жүзеге асырылады:

- аукционды жүргізу уақыты мен орнын белгілеу;
- аукциондық комиссияны бекіту;
- аукционда тауарларды жылжыту бойынша ұсыныстарды сатушылардың дайындауы;
- тауарлар сараптамасын жасау;
- аукциондық келісім жасау;
- каталогтарды қалыптастыру;
- тауар үлгілерінің көрмелерін қалыптастыру;
- жарнамалық кампания, яғни үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу;
- қажетті құжаттарды дайындау.

Тауарларды аукцион арқылы сату тауар биржаларындағы сауда аяқталған соң жүзеге асырылады. Аукционды өткізуге сатушы-кәсіпорын әрбір өнім түріне, тауардың аты, өндіруші-ұйым, сипаттамасы мен бастапқы бағасы көрсетілген сертификат ұсынуға міндетті. Аукционды жүргізуші аукционист тауардың аты мен жарнамасын және бастапқы бағасымен сатып алушыларды хабардар етеді. Соңғы баға болып аукционист үшке дейін санап, балғашамен үстел үстін соққанға дейін өзгермеген баға табылады. Сатып алушы 15%-дық комиссиялық сыйақыны қоса есептегендегі тауардың бүкіл сомасын төлегеннен кейін ғана тауарды алып кете алады. Егер тауарды бастапқы бағасына сатып алуға ешкім ынта танытпаса, онда аукционист тауар бағасын ол тауар сатылғанша төмендете беруге құқылы.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі № 303-III «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының 1-тарау 1-бабында аукцион адымы – аукцион нысанасының бағасы төмендетілетін ақшалай аралық; аукциондық комиссия – осы Заңда көзделген аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсімін орындау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы құратын алқалы орган; аукциондық құжаттама – аукционға қатысуға өтінімді дайындау үшін әлеуетті өнім берушіге берілетін құжаттама, онда аукционға қатысуға өтінімге қойылатын талаптар, аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізудің шарттары мен тәртібі қамтылады; электрондық аукцион – тапсырыс беруші сатып алатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер аукциондық құжаттамаға сәйкес келетін және оларға баға төмендетілген кезде айқындалған ең төмен бағаны ұсынған әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптарына сәйкес келетін кездегі электрондық мемлекеттік сатып алу тәсілі ұғымдарына анықтама берілген. Ал 6-тарауда «Аукцион тәсілімен және тауар биржалары арқылы мемлекеттік сатып алуды» жүзеге асыру тәсілдері көрсетілген. Заңның аукционды өткізу 35-7-бабында, аукцион мемлекеттік сатып алу веб-порталында, аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алудың жүзеге асырылатыны туралы хабарламада көрсетілген күні және мерзімде өткізіледі. Аукционды өткізу күні аукционға қатысуға өтінімдерді қарау мерзімі аяқталатын күннен бастап екі жұмыс күні өткеннен кейінгі келесі жұмыс күні болып табылады. Аукционға қатысушылар деп танылған әлеуетті өнім берушілер аукционға қатысады. Аукцион өткізілетін аукционның нысана-



сы болып табылатын тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті сатып алу үшін бөлінген сомадан бастап баға туралы ағымдағы ұсынысты аукцион адымына төмендету жолымен жүргізіледі. Аукцион адымы өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті сатып алу үшін бөлінген соманың 0,5%-ынан 5%-ына дейінгіні құрайды. Сонымен қатар егер аукционды өткізу басталғаннан кейінгі отыз минут ішінде аукционға қатысушылардың бірде-біреуі өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бағасы туралы ұсыныс бермеген болса, осы баптың 4-тармағына сәйкес, аукцион өтпеді деп танылады.

Осы Заңның 36-бабында тауарларды тауар биржалары арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесі төменде берілген.

1. Тауарларды тауар биржалары арқылы мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасына сәйкес биржалық тауарлар тізбесі бойынша жүзеге асырылады.

2. Егер биржалық тауарлар тізбесіне енгізілген тауарларды мемлекеттік сатып алудың жылдық көлемі биржалық тауарлар тізбесінде көзделген партияның ең аз мөлшерінен аспаған жағдайда, тапсырыс беруші тауарларды мемлекеттік сатып алудың өзге тәсілін таңдауға құқылы [17].

Соңғы уақытта тендерге қатысу, тендер ұтып алу сөздері жиі қолданыста жүр. Тендер бұл – қатысушылар арасындағы бәсекелес күрес қағидасына негізделген қызметтер, жұмыстар немесе тауарларды ұсынудың конкурстық формасы. «*Tender*» сөзі ағылшыннан аударғанда сауда, конкурс деген мағынаны білдіреді. Үміткерлер алдын ала жарияланған ережемен конкурстық комиссияға өз тауарлары немесе қызметтерін жеткізудің барынша тиімді шарттарын ұсынулары қажет. Талаптарға толық жауап беретін ұсыныс жасаған ұйым жеңіске жетеді. Тендер аукцион сияқты қағидада жүргізіледі, бірақ ерекшелігі бар. Аукцион қатысушылары үшін басқа қатысушы ұйымдардың өтініштері (құн, қызметтер түрі мен көлемі, тартылған мамандар деңгейі, пайдаланған материалдар) туралы ақпарат ашық болады.

Тендер қатысушысы үшін бұл ақпарат жабық, өйткені барлық ұйымдар өз ұсыныстарын «жабық конвертте» өткізеді. Сондық-

тан ұсынылатын қызметтер туралы шарттар ешкімге өтініш қаралу уақытына дейін қол жетімсіз болады. Бұл ереже барлық қатысушыларға бірдей шартты қамтамасыз ету үшін, конкурс ұйымдастырушылар мүддесін қорғайтын ұйымның жеңуін болдырмау үшін жасалады.

Тендерлер тауарларды жеткізу, қызметтер көрсету немесе жұмыстар жасау бойынша мемлекеттік сатып алулар жүргізудің негізгі әдісі болып табылады. Бұл механизм бюджет қаражаттарын жұмсаудың тиімділігін көтеруге және биліктегілердің жемқорлық деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік мекеме мен қызметтерді жеткізуші арасындағы келісімшарт конкурстық құжат талаптарына барынша сәйкес ұсынысы бар тендер жеңімпазымен жасалады. Бұл жерде тиімді баға болуы міндетті емес. Тендер ашық және жабық болып бөлінеді. Бір кезеңде немесе екі кезеңде өткізіледі. Ашық тендер тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келетін кез келген ұйым шектеусіз қатыса алады. Жабық тендер арнайы шақырылған қатысушылар арасында өткізіледі. Тізімге енгізілмеген ұйым тендерге қатыса алмайды. Жабық тендер көбінде күрделі құрылғыларды жеткізу, тар маманданған жұмыстарды жасауға байланысты, мысалы қорғаныс өнеркәсібі саласында болады.

Екі кезеңді тендер жүргізу қатысушылар ең алдымен тауарлар мен қызметтерінің құнын көрсетпей ұсынады. Бұл кезеңнің өзінде бірнеше ұйым шығып қалуы мүмкін. Тапсырыс беруші өтініштерді қарастырғаннан кейін жаңа талаптар қояды, қатысушылар соған сәйкес құжат тапсырады және тендердің екінші кезеңінде қызметтер мен тауарларының құнын көрсетеді.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Тауарлар рыногы және оның инфрақұрылымы.
2. Көтерме сауданың рөлі және ерекшеліктері.
3. Көтерме сауда құрылымындағы сервис қызметінің дамуы.
1. Тауар рыногының инфрақұрылымындағы көрме-жәрмеңке қызметінің ерекшеліктері.
2. Дамыған тауар рыногы: тұтыну қауіпсіздігі, экологиялық тазалығы, сыртқы пішіні, көркемделуі, қызмет көрсетілуі.
3. Көтерме сауда; мәні, маңызы, түрлері.
4. Тауар рыногының түрлері: еркін, тұйық, реттеуші, аралық.
5. Аукциондық сауда ерекшеліктері.

### **«Тауар рыногы инфрақұрылымы дамуының негізгі көрсеткіштері» бөлімі бойынша білімді бағалау формалары**

#### **СӨЖ тақырыптары**

1. Көрмелердің мазмұны және түрлері.
2. Тауар рыногының инфрақұрылымындағы жәрмеңке қызметі.
3. Жәрмеңкені жүргізудің негізгі шарттары және жәрмеңке түрлері.
4. ҚР көрме қызметінің дамуы.
5. ҚР жәрмеңке қызметінің дамуы.
6. Нақты тауар рыногы және тауарға құқық рыногы.
7. Сауда үйлері және сауда автоматтары.
8. Тауар рыногының маңызы және дамуы. Сатушы және сатып алушы рыногы.
9. Тауарлар рыногындағы ұсыныс және сұраныс.
10. Көтерме сауданың түрлері: көтерме сатып алу жүйесі арқылы сауда, тікелей өндірістік байланыстар бойынша сауда.
11. Көтерме сауда институттарының қызметтері.
12. Тауар қозғалысының формалары: транзиттік және қоймалық.

#### **Рефераттар мен баяндамалар тақырыптары**

1. Көрмелердің қызметі, көрме қызметіндегі экспонент әсері және көруге келуші әсері.
2. Тауар рыногының инфрақұрылымындағы көрме қызметінің маңызы.
3. ҚР-да көрме қызметінің ерекшелігі және дамуы.
4. Жәрмеңкені ұйымдастырудың маңызы және Қазақстандағы ерекшелігі.
5. «Атакент» көрме орталығының қызметіне талдау.
6. «ЕХРО-2017» халықаралық көрмесінің маңызы туралы.
7. ҚР көрме-жәрмеңке қызметі: бұрынғысы, қазіргісі және болашағы.
8. Тауар рыногының сегментациясы.
9. Көтерме сауданың рөлі және ерекшеліктері.
10. Көтерме азық-түлік рыноктары тұтыну инфрақұрылымының ерекше элементі ретінде.
11. Көтерме сауда құрылымындағы сервис қызметінің дамуы.
12. Сауда несиеcінің дамуы.
13. ҚР тауар рыногының қалыптасуы мен дамуы.
14. ҚР көтерме сауданың маңызы.
15. Көтерме сауданың дамуындағы тауар биржаларының рөлі.
16. Тендерлер: маңызы және жүргізу әдісі.

#### **Тест тапсырмалары**

1. Экономикадағы басты мақсат – адам қажеттілігін қанағаттандыруды жүзеге асыратын:
  - А) аралық рынок
  - Ә) еркін рынок
  - Б) көтерме сауда
  - В) тауар биржасы
  - Г) тауар рыногы

- 2. Қандай рынокта тауарларды сату мен сатып алуда ешқандай шектеу жоқ?**
- А) тұйық рынок
  - Ә) еркін рынок
  - Б) ұйымдастырылған рынок
  - В) дамыған тауарлар рыногы
  - Г) аралық рынок
- 3. Тұтынушыға өнімді жеткізудің формасын таңдау және өнімді өткізу тиімділігіне әсер етуші басты факторларының бөлінуі:**
- А) рыноктың сегментациясы
  - Ә) мемлекеттік реттеу әдістері
  - Б) тауар рыногының қызмет ету шарты
  - В) тауар биржасының қызмет ету ережесі
  - Г) факторлардың ықпалды әсері
- 4. Рыноктың қай түрі тауарларды сату-сатып алу бойынша халықаралық тауарлық келісімдерге сәйкес операциялар жүргізеді?**
- А) тұйық рынок
  - Ә) реттеуші рынок
  - Б) халықаралық рынок
  - В) еркін рынок
  - Г) аралық рынок
- 5. Қандай фактор өнімнің қажеттілік дәрежесі мен өнімді сатып алуда пайда іздейді?**
- А) тұтынушылық фактор
  - Ә) географиялық фактор
  - Б) демографиялық фактор
  - В) психологиялық фактор
  - Г) экономикалық фактор
- 6. Тауар рыногының анықтамасын көрсетіңіз:**
- А) максималды пайда табу максатында сатылатын, саудаға қатысушы сатып алушылар тікелей бәсекелесетін рынок
  - Ә) адам қажеттілігін қанағаттандыруды жүзеге асыратын рынок
  - Б) сауданы ұйымдастыру және реттеу жолымен тауарлардың көтерме рыногын қалыптастыратын рыноктың экономикалық, классикалық институты
  - В) барлық жауап дұрыс
  - Г) дұрыс жауап жоқ
- 7. Төмендегі рынок түрлерінің ішінен реттеуші рынок мағынасын көрсетіңіз:**
- А) тауарларды сату мен сатып алуда ешқандай шектеу жоқ
  - Ә) ішкі корпорациялық жеткізуді қамтамасыз етеді
  - Б) тауарларды сату-сатып алу бойынша халықаралық тауарлық келісімдерге сәйкес операциялар жүргізеді

- В) тауар биржасына аукциондар кіреді
- Г) экономикасы дамыған елдерде ұсынылатын тауарға сұраныс өте жоғары

**8. Тауар ағымын өндірушіден тұтынушыға бағыттау келесілердің қай-сысына сәйкес келеді?**

- А) көтерме сауда айналымы
- Ә) көтерме сауда мекемесі
- Б) көтерме сауда міндеті
- В) кәсіпорынның мамандануы
- Г) көтерме кәсіпорынның меншік нысаны

**9. Ұйымдастыру уақыты бойынша көрме қалай бөлінеді?**

- А) үнемі өткізілетін, уақытша, қысқа мерзімді
- Ә) жыл сайынғы, маусымдық
- Б) әмбебап, көпсалалы, маманданған
- В) дұрыс жауап жоқ
- Г) мемлекетте және шетелдерде өткізілетін

**10. Қойылатын тауар түрі және қамтитын саласы бойынша көрме-жәрмеңке бөлінеді:**

- А) кең ауқымды және тар ауқымды
- Ә) мемлекеттік және халықаралық
- Б) әмбебап, көпсалалы, маманданған
- В) саудалық, байланыстылық, танымдық
- Г) іскерлік, делдалдық

**11. Тауар биржасы –**

- А) экономикадағы басты мақсат адам қажеттілігін қанағаттандыру болса, осы мақсатты жүзеге асыратын рынок
- Ә) тұтынушыға өнімді жеткізудің формасын таңдау және өнімді өткізу тиімділігіне әсер етуші басты факторлардың бөлінуі
- Б) максималды пайда табу мақсатында сатылатын саудаға қатысушы сатып алушылар тікелей бәсекелесетін рыноктың түрі
- В) биржалық сауданы ұйымдастыратын және реттеу жолымен тауарлардың көтерме рыногын қалыптастыратын рыноктың экономикалық, классикалық институты
- Г) рыноктық құрылымды зерттеу арқылы тауарды өткізудің жаңа жолдарын іздестіру

**12. Тауар биржасының түрлері:**

- А) өндірістік, әлеуметтік, рыноктық
- Ә) ашық, жабық
- Б) жария, сыбыр
- В) мемлекеттік, акционерлік, жеке
- Г) еркін, тұйық

**13. Тауар биржасының ерекшелігі:**

- А) табыссыздығы
- Ә) пайданы максималдау
- Б) кәсіпкерлікті қолдау
- В) мемлекет тапсырмасын орындау
- Г) мемлекеттік мүлікті басқару

**14. Биржа тауарының объектісі:**

- А) түсті металл, шикізат, дәнді дақыл
- Ә) тамақ өнімдері, халық табысы
- Б) зейнетақы қорлары
- В) мемлекеттік мүлік
- Г) сақтандыру компанияларының қаржылары

**15. Рыноктық орта, биржа тауарының жеткілікті болуы, қатысушылар мұның бәрі ... болып табылады.**

- А) қызмет ету қағидалары
- Ә) қызмет ету шарттары
- Б) қызмет ету ережелері
- В) қызмет ету тәсілдері
- Г) қызмет ету ортасы

**16. Көтерме саудаға «Ірі көлемде өндірілген тауарларды өңдеу немесе әрі қарай сату мақсатындағы сауда» деген анықтама берген:**

- А) М.М. Лифиц, Г.Л. Рубинштейн
- Ә) К. Маркс
- Б) Х. Зингер
- В) В.П. Красовский
- Г) Р. Иохимсен

**17. Өз-өзіне қызмет көрсету әдісі бойынша көтерме сауда ... деп аталады.**

- А) каталог бойынша сауда
- Ә) «Cash and carry»
- Б) интернет арқылы тапсырыс беру
- В) «Rock Jobber»
- Г) мемлекеттік тапсырыс арқылы болатын сауда

**18. 1,7 млн м<sup>2</sup> аумақты және 170 мемлекетті қамтыған әлемдегі ең үлкен көрме қашан және қайда ұйымдастырылды?**

- А) 1999 жылы Нью-Йоркте
- Ә) 2001 жылы Мадридте
- Б) 2000 жылы Парижде
- В) 1998 жылы Лондонда
- Г) 2000 жылы Ганноверде

- 19. ТМД аумағындағы ең үлкен көрме қашан және қайда ұйымдастырылды?**
- А) 1998 жылы Мәскеуде
  - Ә) 2000 жылы Астанада
  - Б) 2001 жылы Ташкентте
  - В) 2001 жылы Алматыда
  - Г) 2002 жылы Бакуде
- 20. Әлемдегі ең үлкен көрме қандай салаларды қамтыған еді?**
- А) жеңіл және тамақ өнеркәсібі
  - Ә) көлік және коммуникация
  - Б) денсаулық сақтау, қоршаған орта, энергия
  - В) ауылшаруашылығы, білім беру
  - Г) энергетика, құрылыс
- 21. Аукцион латын тілінен аударғанда ... мағынаны білдіреді.**
- А) жария сауда
  - Ә) сыбыр сауда
  - Б) құпия сауда
  - В) тікелей сауда
  - Г) жанама сауда
- 22. Ең алғаш аукцион қашан және қайда ұйымдастырылған?**
- А) 1551 жылы Римде
  - Ә) 1659 жылы Амстердамда
  - Б) 1724 жылы Исети жағалауында
  - В) 1731 жылы Кипрде
  - Г) 1808 жылы Афиныда
- 23. Тауар рыногының инфрақұрылымына қызмет ететін элементтерді екі үлкен топқа бөліп қарастырады:**
- А) мемлекеттік және мемлекеттік емес сектор инфрақұрылымы
  - Ә) материалды және материалды емес сфералар рыногы
  - Б) көлік және коммуникациялар рыногы
  - В) еңбек рыногы және ақпарат рыногы
  - Г) қаржы рыногы және қызмет рыногы
- 24. ҚР Президентінің «Тауар биржалары туралы» Заң күші бар Жарлығы қашан шықты?**
- А) 1993 жылы 22 мамыр
  - Ә) 1995 жылы 7 сәуір
  - Б) 1995 жылы 9 желтоқсан
  - В) 1994 жылы 11 қазан
  - Г) 1993 жылы 9 қараша

**25. Тауар биржаларын екі негізгі түрге бөледі:**

- А) мамандандырылған, мамандандырылмаған
- Ә) жай және күрделі
- Б) мемлекеттік және мемлекеттік емес
- В) әмбебап, арнайыландырылған
- Г) рыноктық және рыноктан тыс

**26. Қазақстанда ең алғаш жәрмеңке қашан ұйымдастырылған?**

- А) 1891 жылы
- Ә) 1773 жылы
- Б) 1893 жылы
- В) 1896 жылы
- Г) 1900 жылы

**27. Биржадағы тауарларға деген әртүрлі құқықтарды растайтын құжат ... деп аталады.**

- А) форвард
- Ә) фьючерс
- Б) опцион
- В) брокер
- Г) варрант

**28. Келесілердің қайсысын тауар рыногының институционалды инфрақұрылымы ретінде қарастырамыз:**

- А) жергілікті әкімшіліктер
- Ә) биржа органдары
- Б) сақтандыру компаниялары
- В) кеден ұйымдары
- Г) банктер

**29. «Bursa» яғни, «биржа» француз тілінен аударғанда ... деген мағынаны білдіреді.**

- А) ақша
- Ә) әмиян
- Б) қаржы
- В) бюджет
- Г) тиын

**30. Ең алғашқы тауар биржасы қашан және қайда пайда болған?**

- А) XV ғасырда Францияда
- Ә) XVI ғасырда Римде
- Б) XVII ғасырда Испанияда
- В) XVI ғасырда Антверпен қаласында
- Г) XV ғасырда Англияда





### **3.1. Қор биржасы – қазіргі кезеңдегі капиталдар рыногының негізгі институты**


Дамыған рыноктық экономикалы елдерде қор биржасының маңызы ерекше. Себебі қор биржасы қаржыларды бір орталыққа шоғырландыру мен сәйкесінше сол қаражаттарды әртараптандыруды және экономиканың басқа сферасына капиталдың қайта құйылуын қамтамасыз етеді.

Қор биржасы – белгілі бір орында өткізілетін, белгілі бір мерзімде белгіленген ережеге сай, ақпараттық-техникалық сауда жасау жүйесі қамтамасыз етілген, ұйымдастырылған рынок. Оның іс-әрекеті келесідей қағидаларға сай жүзеге асырылады [18]:

- бағалы қағаздардың сапалылығын, сенімділігін тексеру;
- бір эмитенттің бірдей бағалы қағаздарына аукцион негізінде ортақ баға белгілеу;
- жасалатын операциялардың ашықтығы.

Қор биржасы, негізінен, бағалы қағаздармен жұмыс жүргізеді. Осы орайда бағалы қағаздардың пайда болуы, мәні мен қызметтеріне тоқталмай кетуге болмайды. Себебі қор биржасының негізгі сауда объектісі болып табылатын бағалы қағаздардың мәнін түсініп алмай, жалпы тұтас қор биржасының қызмет ету ерекшеліктері мен шарттарын, басқаша айтқанда, қор биржасының өмір сүруін кең көлемді талдай алмаймыз.

Бағалы қағаз дегеніміз – мүліктік құқықты куәландыратын белгілі бір жазбалар мен басқа да белгілеулердің жиынтығы. Бағалы қағаздар келесідей түрлерге бөлінеді:



3-схема. Бағалы қағаздардың жіктелімі

Бұл жерде туынды бағалы қағаздар негізгі бағалы қағаздарға қатысты құқықтар мен міндеттерді бекітумен және растаумен байланысты шығарылады. Заң тілімен айтқанда, «туынды бағалы қағаздар – осы туынды бағалы қағаздардың базалық активке қатынасы бойынша құқықтарды куәландыратын бағалы қағаздар». Ал базалық актив дегеніміз – «стандартталған тауарлар партиясы, бағалы қағаздар, валюта, қаржы құралдары және сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында айқындалған өзге де көрсеткіштер» [19]. Ең алғашқы бағалы қағаз ежелгі Римде саудагерлер арасында тауарды уақтылы жеткізіп берумен байланысты пайда болған. Ол варрант түрінде болды. Кейін компаниялардың дамуымен акциялар, мемлекеттің дамуымен облигациялар дүниеге келді.

Қор рыногы арқылы қаржы тартудың тиімділігіне төмендегілерді атауға болады:

- бағалы қағаздар арқылы қаржы тартудың құны төмен;
- бағалы қағаздар инвестор үшін тиімді салым жолы. Инвестор бағалы қағазды керек уақытында қайталама рынокта сату арқылы өз қаржысын қайтарып қана қоймай, инвестор қосымша табыс алады.

Қор рыногының мәні келесідей факторлармен анықталады:

- қарқынды дамушы салаларға капиталдың қайта құйылуын қамтамасыз ету;
- бюджет тапшылығын жабу үшін қаражаттар тарту;

– қор рыногының көрсеткіштері арқылы экономика жағдайын бағалау;

– инфляция қарқынына әсер ету.

Бағалы қағаздар рыногының құрылымын келесілер құрайды:

– сауда жасау объектілері;

– рыноктың кәсіби қатысушылары;

– рынокты реттеу жүйесі.

Бағалы қағаздар рыногының операторлары болып банктер, инвестициялық қорлар мен инвестициялық компаниялар, сақтандыру компаниялары, холдинг, акционерлік қоғамдар, брокерлік және дилерлік ұйымдар, т.с.с. табылады. Осыған байланысты бағалы қағаздар рыногының келесідей модельдері бар:

1. Банктік модель.

2. Банктік емес модель, демек, рынокта банктердің үлесі жоғары емес. Мұндай модельде көбінесе, инвестициялық қорлар мен инвестициялық компаниялардың үлесі басым болады.

3. Аралас модель.

Бағалы қағаздардың шығарылуы және айналысқа түсу сатылары бойынша бағалы қағаздар рыногы бөлінеді:

– алғашқы рынок;

– қайталама рынок.

Алғашқы рынок – эмитенттің, яғни бағалы қағазды шығарушының жаңадан шығарылған бағалы қағаздарды алғаш орналас-тыруы, басқаша айтқанда, бағалы қағаздардың алғашқы сатылымы.

Қайталама рынок – инвесторлардың, яғни бағалы қағазға ақша салушылардың бір-біріне бағалы қағаздар сату арқылы ресурстардың қайта бөлінуін жүзеге асыруы.

Эмитент – бағалы қағаздарды иеленуші, инвестордың алдында міндеттемесі бар заңды тұлға немесе мемлекеттік, аймақтық басқарушы органдар.

Инвесторлар – айналымға жіберілген бағалы қағаздарды сатып алып иеленуші.

*Делдалдық қатысушылар.* Андеррайтерлар – бағалы қағаз рыногында бағалы қағазды сату және орналастыру мақсатында жұмыс істейтін эмитент пен инвестор арасындағы делдалдық қызметті атқаратын кәсіби маман. Дилер өз атынан және қаржысынан жұмыс істейді. Брокер инвестор қаржысымен жұмыс істейді. Қаржылық кеңес беруші – бағалы қағаз рыногында эмитент туралы инвесторға ақпарат беруші.

Бағалы қағаз рыногындағы операцияларға кассалық, мерзімді, опциондық, фьючерлік түрлерін жатқызуға болады.

Негізгі бағалы қағаздар акция мен облигация өз кезегінде үлестік және қарыздық бағалы қағаздар болып табылады. Демек, акция – үлестік бағалы қағаз, ол акционерлік қоғам таратылған жағдайда акцияны ұстаушыға осы қоғам мүлкінен үлес алуға құқық береді. Акцияның екі түрі бар: жай және артықшылықты акция. Жай акция иесіне дивиденд алумен қатар акционерлік қоғамды басқаруға атсалысуға, яғни дауыс беруге құқық берсе, артықшылықты акция тек дивиденд алуға ғана құқық береді. Алайда акционерлік қоғам банкрот болғанда сыртқы қарыздардан кейін бірінші кезекте артықшылықты акцияның иелерімен есеп айырысу жүргізіледі. Облигация белгілі бір мерзімге қарыз қаражат тарту үшін шығарылады. Акциядан дивиденд төленсе, облигациядан пайыз төленеді. Облигация бойынша төлем жасау қарыз өтеліп болған соң тоқтатылады. Облигация мерзіміне қарай қысқа, орта, ұзақ мерзімді болып бөлінеді.

Облигацияның қарыздық бағалы қағаз болуы оның шығарылу нысанына байланысты:

1. Үнемі болатын тапшылықты жабуға арналған.
2. Уақытша болатын тапшылықты жабуға арналған.
3. Мақсатты облигациялар – нақты жобаларды жүзеге асыруға бағытталған.

Қор биржасы шаруашылықтың, жалпы экономиканың дамуы үшін маңызды келесідей қызметтер атқарады:

- қор биржасының басты қызметі – капиталдың қайта құйылуын қамтамасыз ету;
- эмитенттер мен инвесторлар үшін қолайлы жағдайлар жасау, яғни ақпараттық-техникалық және сараптамалық талдау қызметтері;
- тұрғындардың инвестор ретінде бағалы қағаздарға ақша салу арқылы табыс алуына жағдай жасау;
- бағалы қағаздардың рейтингін жүргізу арқылы эмитенттердің жоғары имиджін қалыптастыру.

Қор рыногын реттеу инфрақұрылымды реттеу жүйесі болып табылады. Олар:

- реттеуші органдар (мемлекет және өзін-өзі реттеуші ұйымдар);
- реттеуші қызметтер мен процедуралар;

- бағалы қағаздар рыногының заң шығарушы инфрақұрылымы;
- қор рыногының операциялар жасау әдебі;
- ақпараттық және техникалық қамтамасыз ету инфрақұрылымы.

Реттеу инфрақұрылымы субъектісіне қарай:

1. Мемлекеттік басым реттеуге негізделген жүйе.

2. Мемлекеттік және өзін-өзі реттеуші ұйымдарға негізделген жүйе болып бөлінеді. Демек, реттеудің елеулі өкілеттігі өзін-өзі реттеуші ұйымдарға беріледі, мысалы Ұлыбритания.

Өзін-өзі реттейтін ұйымдар, бизнес жүргізудің ережелерін жүргізуші бірлестіктер кәсіби қызмет ережелерін бекітеді, оның орындалуын бақылайды.

Белгілері:

- ерікті бірлестік болуы;
- сол ұйымға мүшелік;
- қызмет ерекшелігі, яғни қаржылық қызмет.

Өзін-өзі реттеуші ұйымдардың түрлеріне төмендегілерді жатқызамыз:

- рынокты реттеуші ұйымдар;
- қор биржаларының ұйымдары;
- брокер, дилерлердің ұйымдары;
- инвестициялық кеңес берушілердің ұйымдары;
- трансфер-агент, депозитар-регистраторлардың ұйымдары.

Реттеу жүйесінің міндеттері келесідей:

- қоғамдық мүддені қорғау;
- еркін және ашық рынок құру;
- әділетті және тәртіпке келтірілген рынок құру;
- рыноктың тереңдігі мен ауқымдылығын қамтамасыз ету;
- ақпараттың ашықтығы және қолжетімділігі.

1993 жылдың 15 қарашасында Қазақстанда ұлттық валюта – теңге енгізілгеннен кейін, 17 қарашада Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі және жиырма үш жетекші қазақстандық коммерциялық банкімен бірлесе отырып, валюталық биржаны ұйымдастыру бойынша шешім қабылдады. Осыған дейін қызмет еткен Валюталық операцияларды өткізу орталығы (Валюталық биржа) Ұлттық Банктің құрылымдық бөлімшесі болған. Заңды тұлға ретінде биржа 1993 жылдың 30 желтоқсанында «Қазақ Банкаралық Валюта Биржасы» атауымен, ұйымдастырушылық-құқықтық формасы жабық тұрпаттағы акционерлік қоғам ретінде тіркелді.

Мақсаты – теңгенің енгізілуіне байланысты ұлттық валюталық нарықты ұйымдастыру және дамыту. 1994 жылдың 3 наурызында биржа «Қазақ Банкаралық Валюта Биржасы» атауымен қайта тіркелді [20].

Алғашқы екі жыл бойы жаңа құрылған биржа тек шетел валюталарының сауда-саттығын ұйымдастырумен айналысты. 1994 жылдың тамызынан бастап биржаның атауы «Қазақстан банкаралық валюта-қор биржасына» өзгертілді.

1995 жылдың 2 қазанында биржа бағалы қағаздардың рыногында биржалық қызметті жүзеге асыруға № 1 лицензиясын алды, бірақ осы лицензия тек мемлекеттік бағалы қағаздардың сауда-саттығын ұйымдастыру құқығымен шектелетін. Мемлекеттік бағалы қағаздардың алғашқы сауда-саттығы 1995 жылдың 14 қарашасында өткізілді. Сол кезде түрлі себептерге байланысты мемлекеттің борыштық міндеттемелер рыногындағы биржалық сегменттің үлесі шағын болатын, мемлекеттік облигациялардың сауда-саттығы эпизодтық, тұрақсыз сипатта болғандықтан, бір жылдан соң – 1996 жылдың 20 қыркүйегінде биржа осы бағалы қағаздардың сауда-саттығын тоқтатуға мәжбүр болды. Мемлекеттің борыштық міндеттемелерінің биржалық нарығы тек 1998 жылы Қазақстанда жинақтаушы зейнетақы жүйесі енгізілгеннен кейін ғана белсендіріле бастады. 1996 жылдың 12 сәуірінде биржа «Қазақстан қор биржасы» деген атаумен қайта тіркелді, ал сол жылдың 13 қарашасында Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы биржаға бағалы қағаздардың сауда-саттығын ұйымдастыруға шектелмеген лицензиясын берді.

1997 жылдың 5 наурызындағы Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» жаңа заңы қор биржасының қызметін тек бағалы қағаздармен шектейтініне байланысты, биржа акционерлерінің жалпы жиналысы 1997 жылдың сәуірінде «Алматы қаржы құралдарының биржасы» ЖАҚ (AFINEX) жеке заңды тұлғасын бөліп шығару арқылы биржаны қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдап, осы ұйым 1997 жылдың 30 шілдесінде тіркелген. Сол жылдың 1 қыркүйегінен бастап AFINEX сауда алаңына шетел валюталарының және мерзімдік келісімшарттардың сауда-саттығы ауыстырылды. Ал Қазақстан қор биржасы 1997 жылдың 3 шілдесінде бұрынғы атауымен қайта тіркеуден өтті де, сол жылдың 19 қыркүйегінде беймемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздардың алғашқы сауда-саттығын өткізді. 1998 жыл

мемлекеттік бағалы қағаздардың биржалық сауда-саттығы қайта басталуымен көзге түсті, оған себеп – заңнама талаптарына сәйкес активтерді тек ұйымдастырылған қор рыногында ғана пайдалануға міндетті, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының жаңа тобы ретінде зейнетақылық активтерді басқару жөніндегі компаниялардың пайда болуы.

1999 жылдан бастап корпоративтік облигациялардың биржалық рыногының дамуы басталды, осы облигациялардың алғашқылары биржаның ресми тізіміне 1999 жылдың 1 ақпанынан бастап енгізілді. Сондай-ақ 1999 жыл мемлекеттік бағалы қағаздарды репо операцияларының биржалық секторында алғашқы рет саудалануымен және муниципалдық облигациялардың орналас-тырылуымен ерекшеленді.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар жөніндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы заңнамалық актілеріне кейбір өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» 1998 жылдың 10 маусымындағы заңы өз күшіне енуімен қоса, қор биржасының қызметіне шетел валюталарының және бағалы қағаздардан өзге қаржы құралдардың сауда-саттығын ұйымдастыруға салынған тыйым жойылып, AFINEX пен Қазақстан қор биржасы біріктіруге мүмкіндік берді. Осы туралы шешімді акционерлердің 1999 жылдың 6 қаңтарында өткен жалпы жиналысы қабылдады, ал сол жылдың 16 наурызында біріктірілген биржаның тиісті мемлекеттік қайта тіркеуі жүзеге асырылды. 2007 жылдың 7 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасы Алматы қаласы өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі Агенттіктің (ҚҚА АӨҚО) 2006 жылдың 15 желтоқсанында өз күшіне енген № 74 бұйрығына сәйкес биржа АӨҚО арнайы сауда-саттық алаңының операторы ретінде белгіленіп, алғашқы сауда-саттық 2007 жылдың 27 ақпанында өткізілді. 2007 жылдың 8 тамызынан бастап биржа акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру принципі өзгертілді («бір акционер – бір дауыс»-тың орнына – «бір акция – бір дауыс») және бір акционерге, оның аффилирленген тұлғаларымен қоса, тиесілі биржа акцияларының максималды санына шектеу енгізілді. 2011 – 2013 жылдарға арналған биржаның даму стратегиясы Биржалық кеңеспен 2011 жылдың 24 ақпанында мақұлданды [20].

Қазақстандағы қор рыногының жай-күйінің негізгі индикаторы KASE-қор биржасы ұсынған ұйымдастырылған рынок болып



табылады. Осы күнде биржа әмбебап қаржы рыногы болып табылады, оны шартты түрде бес негізгі секторға бөлуге болады:

- шетел валюталарының рыногы;
- мемлекеттік бағалы қағаздардың рыногы;
- акциялар мен корпоративтік облигациялардың рыногы;
- репо операцияларының рыногы;
- деривативтер рыногы.

Биржаның міндеті болып бағалы қағаздардың эмитенттеріне ашық рынокта қорландыру мүмкіншіліктерін ұсына отырып, өз клиенттеріне сапалы қызмет көрсету, ал басқа қатысушыларға ыңғайлы үздіксіз сауда-саттық, клирингілік, есеп айырысу және ақпараттық қызметтерді көрсету табылады. Биржалық қызметтің халықаралық стандарттарын орындауға, биржа акционерлерінің және рыноктың барлық қатысушыларының мүдделерінің арасында теңгерімді қамтамасыз етуге ұмтылады.

Биржаның мақсаты, қаржы рыногы инфрақұрылымының халықаралық стандарттарына сәйкес келетіндей, ашық және бәсекелеске қабілетті сауда-саттық алаңы, рыноктың отандық және шетелдік қатысушыларына сапалы сауда-саттық, клирингілік және есеп айырысу қызметтерін көрсету болып табылады.

Биржа дамуының негізгі бағыттарына келер болсақ, олар төмендегілер:

- биржа қызметін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру;
- тиімділігін арттыру арқылы биржалық рыноктың инфрақұрылымын жақсарту;
- заңнаманы жетілдіру мақсатында реттеушімен өзара әрекеттесу;
- биржаның халықаралық биржалық қауымдастыққа интеграциялануы.

7-кесте

**Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногының  
институционалды инфрақұрылымы**

|   | 01.10.2013 | 01.04.2014 |
|---|------------|------------|
| 1   | 2          | 3          |
| <b>Барлық брокерлер мен дилерлер, оның ішінде</b> | 55         | 53         |
| Банктер   | 24         | 24         |
| Олардың 1-санаттағысы                             | 22         | 22         |

| 1   | 2  | 3  |
|---|----|----|
| Банктік емес ұйымдар  | 29 | 27 |
| Олардың 1-санаттағысы   | 21 | 21 |
| АӨҚО қатысушылары   | 2  | 2  |
| <b>Кастодиандар</b>   | 11 | 11 |
| <b>ЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқарушылар</b>        | 12 | 8  |
| <b>Инвестициялық портфельді басқарушылар</b>                      | 27 | 27 |
| <b>Трасфер-агенттер</b>   | 2  | 2  |
| <b>Бағалы қағаздармен сауданы ұйымдастырушы</b>                   | 1  | 1  |
| <b>БҚН қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызмет</b> | 1  | 1  |

*Дерек көзі:* ҚР ҰБ ресми интернет ресурсы // Қаржы секторы көрсеткіштері негізінде <http://www.nationalbank.kz/>.

7-кесте бойынша елімізде брокерлер мен дилерлер саны 2014 жылы 55-тен 53-ке қысқарған. 2014 жылғы 1-тоқсанда бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыруға лицензиялар берілмеді. ЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқарушылар саны 12-ден 8-ге, яғни 66,6%-ға қысқарған. Ал қалған көрсеткіштер өзгеріссіз.

2011 жылдың 28 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банк қызметін және қаржы ұйымдарын тәуекелдерді азайту тұрғысынан реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімдері жүйесін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензияның қолданылуы тоқтатылды. Яғни, заңға сәйкес рынокта 1 бірыңғай тіркеуші қызмет етеді.

8-кесте

**KASE сауда-саттығына жіберілген бағалы қағаздар  
(01.04.2014), бірлік**

| № |                    | Шығарылым саны | Эмитенттер саны |
|---|--------------------|----------------|-----------------|
| 1 | 2                  | 3              | 4               |
| 1 | «Акциялар» секторы | 102            | 80              |

| 1 | 2  | 3          | 4          |
|---|--|------------|------------|
| 2 | «Борыштық бағалы қағаздар» секторы                       | 245        | 74         |
| 3 | «Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары» секторы       | 1          | 1          |
| 4 | «Депозитарлық қолхаттар» секторы                         | -          | -          |
| 5 | «Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары» секторы | 3          | 1          |
| 6 | «Мемлекеттік бағалы қағаздар» секторы                    | 182        | 3          |
| 7 | «Туынды бағалы қағаздар» секторы                         | -          | -          |
| 8 | «Баламалы алаң»  | -          | -          |
|   | <b>Жиынтығы</b>  | <b>533</b> | <b>134</b> |

*Дерек көзі:* ҚР ҰБ ресми интернет ресурсы // Қаржы секторы көрсеткіштері негізінде <http://www.nationalbank.kz/>.

8-кестеде 2014 жылдың сәуірінде акциялық секторда шығарылым саны 102 болса, эмитенттер саны – 80. Ең көп шығарылым борыштық бағалы қағаздар секторына тиесілі – 245, эмитенттер саны – 74. Мемлекеттік бағалы қағаздар секторында шығарылым саны – 182, эмитент саны – 3.

2014 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша KASE ресми тізіміне қосылған корпоративті акциялар және облигациялар шығарылымының саны сәйкесінше 102 (19,1%) және 245 (46,0%). Бұл ретте мемлекеттік бағалы қағаздардың үлесі 34,1% (немесе 182 шығарылым) құрайды.

Мемлекеттік емес бағалы қағаздар бойынша KASE жалпы капиталдандыру 10 664, 6 млрд теңгені немесе ЖІӨ-ден 30,96% құрады. 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша осындай көрсеткіш 9 890,0 млрд теңгені немесе ЖІӨ-ден 28,71% құрады. Капиталдандырудың абсолюттік және салыстырмалы көріністері артуы қазақстандық эмитенттердің бірқатар корпоративтік бағалы қағаздарының ресми тізіміне шығуымен және 2014 жылғы 11 ақпандағы АҚШ долларына қатысты теңге бағамының түзетілуіне байланысты шетел валютасында номинирленген бағалы қағаздар құнының артуымен (GBP) түсіндіріледі [21].

9-кесте  
Қазақстандағы биржалық рыноктың көлемі мен құрылымы (салыстырмалы мәліметтер), қыркүйек 2014

|                                    | Млрд теңгемен |      |            |      | Млн АҚШ долларымен |        |            |      |          |      |
|------------------------------------|---------------|------|------------|------|--------------------|--------|------------|------|----------|------|
|                                    | Қыркүйек 2014 |      | Тамыз 2014 |      | Қыркүйек 2014      |        | Тамыз 2014 |      | Тренд    |      |
|                                    | Көлемі        | %    | Көлемі     | %    | Көлемі             | %      | Көлемі     | %    |          |      |
| <b>Биржалық нарық секторы</b>      |               |      |            |      |                    |        |            |      |          |      |
| Шетел валюталары                   | 1 743,9       | 59,3 | 2 513,4    | 72,4 | 769,5              | 30,6   | 13 808,8   | 72,4 | 4 224,3  | 30,6 |
| – спот-нарық                       | 1 127,0       | 38,3 | 1 602,5    | 46,2 | 475,5              | 29,7   | 6 193,8    | 38,3 | 8 804,0  | 46,2 |
| – своп-нарық                       | 616,9         | 21   | 910,9      | 26,2 | 294,0              | 32,3   | 3 390,6    | 21   | 5 004,8  | 26,2 |
| Қазақстандық МБҚ                   | 341,2         | 11,6 | 69,5       | 2    | 271,7              | >100,0 | 1 875,8    | 11,6 | 381,9    | 2    |
| – бастапқы нарық                   | 210,4         | 7,2  | 69,4       | 2    | 141                | >100,0 | 1 156,6    | 7,2  | 381,5    | 2    |
| – қайталама нарық                  | 130,8         | 4,4  | 0,1        | 0    | 130,7              | >100,0 | 719,2      | 4,4  | 0,3      | 0    |
| Акциялар                           | 64,9          | 2,2  | 3,8        | 0,1  | 61,1               | >100,0 | 356,7      | 2,2  | 21       | 0,1  |
| Корпоративтік борыштық БҚ          | 69,6          | 2,4  | 7,2        | 0,2  | 62,4               | >100,0 | 382,8      | 2,4  | 39,8     | 0,2  |
| Ретро операциялары                 | 703,1         | 23,9 | 856,6      | 24,7 | 153,5              | 17,9   | 3 864,3    | 23,9 | 4 706,2  | 24,7 |
| – МБҚ бойынша авторепө             | 694           | 23,6 | 836,7      | 24,1 | 142,7              | 17,1   | 3 814,3    | 23,6 | 4 596,9  | 24,1 |
| – ББҚ бойынша «тікелей» репо       | 0             | 0    | 0,2        | 0    | 0,2                | 96,6   | 0          | 0    | 1        | 0    |
| – ББҚ бойынша авторепө             | 9,1           | 0,3  | 19,7       | 0,6  | 10,6               | 53,8   | 50         | 0,3  | 108,3    | 0,6  |
| ХҚҰ облигациялары                  | 20            | 0,7  | 20         | 0,6  | 0                  | 0      | 109,9      | 0,7  | 109,9    | 0,6  |
| Мерзімдік келісімшарттар           | 0             | 0    | 0          | 0    | 0,0                | 32,3   | 0          | 0    | 0        | 0    |
| <b>БАРЛЫҒЫ сауда-саттық көлемі</b> | 2 942,8       | 100  | 3 470,5    | 100  | 527,7              | 15,2   | 16 174,0   | 100  | 19 067,5 | 100  |
|                                    |               |      |            |      |                    |        |            |      | 2 893,5  | 15,2 |

*Дерек көзі:* ҚР Статистика агенттігі // Ресми статистикалық ақпарат <http://www.stat.gov.kz/>.

9-кестеде МБҚ – мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар; ББҚ – беймемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар; корпоративтік облигациялар – беймемлекеттік эмиссиялық борыштық бағалы қағаздар; «тікелей» репо – «тікелей» әдіспен (тікелей ашылу және жабылу мәмілелерін жасасу арқылы) жүзеге асырылатын репо операциялары; ХҚҰ – халықаралық қаржы ұйымдар; БҚ – бағалы қағаздар; «с/ж» – сауда-саттық өткізілген жоқ. Сауда-саттық көлемі KASE сауда-саттық өткізгенде қолданатын әдістердің кез келгенімен жасалған, орындалған биржалық мәмілелер бойынша есептелді.

9-кестеде шетел валюталарымен, репо операциялары, спот-және своп-нарықтарындағы сауданың көлемі 2014 жылдың қыркүйегінде тамызбен салыстырғанда баяулаған. Ал жалпы биржалық рыноктағы сауда-саттық көлемі тамызбен салыстырғанда (3 470,5 млн теңге), қыркүйекте (2 942,8 млн теңге) 528 млн теңгеге азайған.

2014 қараша айының мәліметтері бойынша елімізде 27 инвестициялық портфельді басқарушы және 51 брокер-дилер жұмыс жасайды.

Қазақстан Республикасында қор рыногын дамыту мақсатында «Халықтық IPO» бағдарламасын мемлекет жүзеге асыру мақсатында қабылдады. IPO – бұл компанияның акцияларын жаңа иелерінің үлкен бөлігіне аз үлеспен сатуы болып табылады. Сатылатын үлес «акция» деп аталса, сатып алушылар «инвесторлар» деп аталады. Ірі компанияларға қажетті соманы инвестициялайтын бір сатып алушыны табу қиын. Сондықтан компания бағасын ұсақ бөліктерге бөліп бірнеше мың инвесторға бірден сатады. Бағдарламаның халықтық аталуы да жай емес, жеке салымшыларға арнайы жағдай жасалған. Акциялар бірінші жеке тұлғаларға, содан соң ірі инвесторларға сатылады. Бір қолға сатылатын акция көлемі шектеулі, бұл қалталылардың қатысуын шектеп, бірдей жағдай жасау үшін қолданылып отыр. IPO біткесін акциялардың бағасының төмендеуіне тәуекелді минимизациялау үшін бағдарламаға тек ұлттық сенімді компанияларды шығарады.

Компания банк несиесін алмай, осы бағдарлама арқылы өз жобаларын жүзеге асыруға қаражат, ал инвесторлар қосымша табыс – компанияның таза пайдасынан үлес ала алады. Акция бағасы компания қызметіне қарай өсіп не төмендеп тұрады. Инвесторлар төмен бағада акция сатып алып, бірінші орналастыруға қатысса, қор биржасының сауда алаңында жоғары бағаға сата алады. Осы-

лайша, акцияны сату мен сатып алуда жаңа инвесторлардың пайда болуына жағдай жасалады.

«Халықтық IPO» бағдарламасын Елбасы бастамасымен мемлекет ұсынып отыр. Үкімет төрт жыл ішінде «Самұрық-Қазына» холдингіне кіретін он ірі ұлттық компанияның акцияларының 10-15% үлесін сатуды жоспарлап отыр. 2012 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ акциялары, 2013 жылы «KEGOC» АҚ, «Эйр Астана» АҚ, «ҚазТрансГаз» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ және «НМСК Қазтрансморфлот ҰК» АҚ; 2014 жыл: «Қазақстан темір жолы ҰК» АҚ және «Қазтеміртранс» АҚ; 2015 жыл: «Қазатомпром» АҚ және «ҚазМұнайГаз» АҚ. Мемлекет бағдарламаның жүзеге асырылуы барысында 160 мың адамды қор рыногының инвесторы ретінде тартуды жоспарлап отыр.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Капиталдар рыногының сипаттамасы. Капитал рыногының инфрақұрылымы.
2. Бағалы қағаздар рыногы: құрылымы және формалары.
3. Бағалы қағаздар рыногының қызметтері.
4. Бағалы қағаздардың биржалық және биржадан тыс рыногы.
5. Қазақстандық қор биржасы: даму тенденциясы.
6. Бағалы қағаздар рыногы және биржа ісі.
7. Қор биржасының қызмет етуінің ерекшеліктері.
8. Қор биржаларындағы операциялардың орындалу тәртібі.
9. Биржа мәмілелерінің түрлеріне сипаттама.
10. Базалық операциялық биржа қызметі және оның ерекшеліктері.

**3.2. Қазіргі кезеңдегі банк құрылымы: институттары, қызметтері және динамикасы**

Банк дегеніміз – өзінің жарғысы бар, толық шаруашылық есептегі және өзін-өзі қаржыландыру негізінде қызмет ететін заңды тұлға.

Көбінесе банк жүйесі екі сатыдан тұрады:

1. Орталық немесе ұлттық банк.
2. Коммерциялық банк.

Коммерциялық банктер бір-бірінен:

1. Жарғылық капиталды иелену, оны қалыптастыру жөнінен ерекшеленеді, яғни бұл оның ұйымдық-құқықтық нысанына байланысты (ААҚ немесе ЖАҚ).

2. Жүргізілетін операцияларына байланысты банктер бөлінеді:

- әмбебап;
- мамандандырылған;

3. Әрекет ету аймағына қарай:

- федерациялық;
- республикалық;
- аймақтық.

4. Экономика салалары жөнінен:

- салалық;
- салааралық болып бөлінеді.

Рыноктық экономикалы елдерде банктердің маңызы ерекше. Себебі рыноктық экономика шарттарының бірі шағын және орта кәсіпкерлік екені даусыз. Олай болса, кәсіпкерлік субъектілерінің өмір сүруіне қажетті алғашқы капитал осы банктерде қалыптасады. Сонымен қатар халықта жиналған уақытша бос ақша қаражаттары банктерде депозит ретінде сақталады, қайта инвестицияланады.

Банктердің қызметтеріне келетін болсақ, көбінесе Ұлттық банктер ақша эмиссиясымен (шығарумен), инфляцияны таргеттеумен және экономиканы ақша-несиелік реттеумен айналысады. Ал екінші деңгейлі банктер келесідей бірқатар маңызды қызметтер атқарады:

- несие беру;
- ақша қаражаттарын шоғырландыру және тарту;
- сенімхат бойынша клиенттердің мүлкін басқару;
- заңды тұлғалардың;
- жеке тұлғалардың;
- бағалы қағаздар шығару, орналастыру, т.с.с.

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы №2444 Заңына сәйкес «Банк – осы заңға сәйкес банктік қызметті жүзеге асыруға құқылы коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға» [22].

Қазақстан Республикасының екі деңгейлі банк жүйесі бар. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының орталық банкі болып табылады және Қазақстан Республикасы банк жүйесінің жоғарғы деңгейін білдіреді. Ерекше құқықтық мәртебесі бар Қазақстанның Даму Банкін қоспағанда, барлық өзге банктер банк жүйесінің төменгі (екінші) деңгейін білдіреді.

Ұлттық Банк өзінің құзыреті шегінде басқа елдердің орталық банктерімен және банктерімен қарым-қатынастарда, халықаралық банктерде және өзге қаржы-кредиттік ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүддесін білдіреді.

Ұлттық Банк өзінің міндеттерін орындау кезінде пайда алу мақсатын басшылыққа алмауы тиіс. Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының Президентіне бағынышты, бірақ өз қызметін жүзеге асыруда оған заңнамада берілген өкілеттіктер шегінде тәуелсіз. Ұлттық Банктің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. Негізгі мақсатын іске асыру үшін Ұлттық Банкке мынадай міндеттер жүктеледі:

- мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу;
- төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асыру;
- қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу;
- қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын, сондай-ақ құзыреті шегінде өзге де тұлғаларды реттеу, бақылау және қадағалау;
- қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету;
- ақша-кредит статистикасы және сыртқы сектор статистикасы саласында статистикалық қызметті жүзеге асыру.

Ұлттық Банктің құрылымына мыналар кіреді: 25 департаменттен (1 департамент Астана қаласында), 4 дербес басқармадан тұратын орталық аппарат; 16 аумақтық филиал және Алматы қаласындағы бір филиал – Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығы; Ұлттық Банктің Ресей Федерациясындағы Өкілдігі.

4 есеп беретін ұйым: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны; «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банктік сервис бюросы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны; «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны; «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны.



ҚР Ұлттық Банкі «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры»; «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «Q-BRO» Резервтік Орталығы»; «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін қамтамасыз ету орталығы»; «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі»; «Проблемалық кредиттер қоры»; «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы»; «Мемлекеттік кредиттік бюро»; «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі»; «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамдарының акционері болып табылады.

Төменде 10-кестеде еліміздегі банк секторының 2014 жылдың жеті айы ішіндегі өзгерісі берілген. 2014 жылдың қараша айында Қазақстанда 38 екінші деңгейлі банк, олардың ішінде 17 банк шетелдік қатысумен, оның ішінде 15 еншілес банк жұмыс жасауда.

10-кесте

#### Қазақстан Республикасы банк секторының құрылымы

| Банк секторының құрылымы                                | 1.01.14 | 1.07.14 |
|---|---------|---------|
| Екінші деңгейдегі банктердің саны, оның ішінде:         | 38      | 38      |
| Жарғылық капиталда мемлекеттің 100% қатысуы бар банктер | 1       | 1       |
| Шетелдік қатысуы бар екінші деңгейдегі банктер          | 17      | 17      |
| Екінші деңгейдегі еншілес банктер филиалдарының саны    | 14      | 15      |

*Дерек көзі:* Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің мәліметтері. [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz).

Сонымен бірге Қазақстан бойынша банктер филиалдарының саны 441-ге жетті, оның ішінде:

- Астана қаласында 34;
- Ақмола облысында 20;
- Алматы қаласында 30;
- Алматы облысында 25;
- Ақтөбе облысында 23;
- Атырау қаласында 27;
- Шығыс Қазақстан облысында 36;
- Жамбыл облысында 21;
- Батыс Қазақстан облысында;
- Қарағанды қаласында 41;
- Қызылорда қаласында 15;

- Қостанай қаласында 19;
- Маңғыстау қаласында 24;
- Павлодар қаласында 34;
- Солтүстік Қазақстан облысында 20;
- Оңтүстік Қазақстан облысында 24 филиал орналасқан [23].

Қазіргі таңдағы қазақстандық банктік сектордың қол жеткен табыстарына келсек, Қазақстанның банктік секторының жетістіктері:

- Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдарынан елдің заманауи банктік жүйесі қалыптасты;
- банктік қадағалаудың заманауи жүйесі (сонымен қатар біріктірілген бақылау) жасалды;
- депозиттерді кепілдендіру жүйесі жасалды және қызмет етуде (депозиттерді кепілдендіру жүйесін қалыптастыру үшін 1999 жылы «Қазақстандық депозиттерді кепілдендіру қоры» АҚ құрылды);
- «Қазақстан ипотекалық несиелерді кепілдендіру қоры» АҚ 2003 жылы құрылды;
- 31.01.2006 жылдан бастап несие тарихының базасын қалыптастырумен айналысатын бірінші Кредиттік бюро жұмыс жасайды;
- 2003 жылы банктік сектор МСФО-ға өтті;
- 27.03.2007 жылы банкаралық депозиттердің рыногындағы ақшалардың құнын анықтауға мүмкіндік беретін KazPrime жүйесі енгізілді.

Қазақстан Республикасының банктік секторының әлсіз тұстары:

- банктік жүйенің сыртқы сәйкессіздіктерге тәуелді болуы;
- рыноктың сыйымдылығының аздығы (шектелген рынок);
- елдің сыртқы қарызының деңгейі, оның ішінде банктік қарыз үлесінің жоғарылығы;
- сыртқы займдарға тәуелділігі;
- мүмкін болар дағдарыстарға банктік жүйенің тұрақтылығы (капитализация, тәуекелдерді басқару жүйесі, активтердің сапасы);
- салалық (құрылыс, жылжымайтын мүлік, сауда) және корпоративті (банктік холдингтер мен конгломераттар) тәуекелдерінің бірігуі;
- банктік қызметтерді көрсетудегі территориялық бөлудің біртектілігі (шалғай аймақтар, ауылдар);

Әлсіздік факторлары:

- несиенің қайтарылмауы;
- банктер рейтингінің төмендеуі;

- тұтынушылық несиелеуге байланысты тәуекелдер (жеткілікті қамсыздандырусыз);
- әлемдік бағалардың ауытқуына экономиканың тәуелділігі;
- елдің ДСҰ-ға кіру алдында тұруы.

11-кесте

**Жалпы сипаттамаларына сәйкес топтастырылған банктерді жіктеу**

| Топ    | Сипаттамасы                       | Топ активтерінің нарықтағы үлесі | Банк конгломератына тиесілігі | Банктердің атауы  |
|--------|-----------------------------------|----------------------------------|-------------------------------|---|
| 1-топ  | Ірі банктер                       | 43,0%                            | Иә                            | «Казкоммерцбанк» АҚ, «Қазақстанның халық жинақ банкі» АҚ, «АТФБанк» АҚ  |
| 2-топ  | Орташа банктер                    | 25,6%                            | Иә <sup>1)</sup>              | «Kaspi Bank» АҚ, «Еуразиялық банк» АҚ, «Альянс Банк» АҚ, «Цеснабанк» АҚ, «Темірбанк» АҚ, «Нұрбанк» АҚ   |
| 3-топ  | Ұсақ банктер                      | 6,6%                             | Жоқ <sup>2)</sup>             | Басқа да банктер  |
| А тобы | Шетелдік қатысуы бар ірі банктер  | 15,5%                            | Иә/Жоқ <sup>3)</sup>          | «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сбербанк России» АҚ ЕБ  |
| В тобы | Еншілес банк (GSIB4)              | 5,3%                             | Жоқ                           | «Ситибанк Қазақстан» АҚ, «HSBC Банк Қазақстан» АҚ ЕБ, «RBS (Kazakhstan)» АҚ ЕБ, «Қытайдың Қазақстандағы Банкі» ЕБ АҚ, «Қытайдың Алматы қ. СӨБ» АҚ |
| С тобы | Шетелдік қатысуы бар ұсақ банктер | 4,0%                             | Жоқ                           | Шетелдік қатысуы бар басқа да банктер   |

Дереккөзі: ҚРҰБ. [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz).

Ескерту: \*есептеу кезінде мынадай банктер ескерілген жоқ: «БТА Банк» АҚ, «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, «“Al-Hilal” Ислам Банкі» АҚ.

1) Банк конгломератының мүшесі болып табылмайтын «Темірбанк» АҚ қоспағанда.

2) Банк конгломератының құрамына кіретін «Банк Kassa Nova» АҚ қоспағанда.


3) Банк конгломератының мүшесі болып табылмайтын «Сбербанк России» АҚ ЕБ қоспағанда.

4) GSIB – ауқымды жүйелік-маңызды банктердің еншілес банктері.

11-кестеде Қазақстанда бірінші топтағы ірі банктер ретінде «Қазкоммерцбанк» АҚ, «Қазақстанның халық жинақ банкі» АҚ, «АТФБанк» АҚ көрсетіліп, олардың рыноктағы үлесі 43,0% құрайтындығы берілген. 2-топтағы орташа банктерге алты банк: «Қасpi Bank» АҚ, «Еуразиялық банк» АҚ, «Альянс Банк» АҚ, «Цеснабанк» АҚ, «Темірбанк» АҚ, «Нұрбанк» АҚ жатқызылып, рыноктағы үлестері 25,6% құраған. Ал А тобында шетелдік қатысуы бар ірі банктер ретінде 2 банк «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сбербанк России» АҚ ЕБ танылған, үлестері – 15,5%.

Сонау 1999 – 2008 жылдар аралығындағы елімізде несиелендіру қызметінің тарихынан, несие беру ісінің тек 2004 жылдан бастап жанданғанын білеміз. Қазақстандағы Ұлттық банк жүргізетін ақша-несие саясатының негізгі мақсаттарының бірі ұлттық валютаны одан әрі тұрақтандыру болады. Үкімет пен Ұлттық банктің бірлесе күш салуымен айырбас бағамының күрт ауытқуын болдырмау және ішкі баға тұрақтылығын қамтамасыз ету жөнінде жұмыс әлемдік қаржылық дағдарыс жағдайында да жүргізілуде. Республиканың қаржылық жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін қолдау үшін ақшалай-несиелік реттеу тетіктерін пайдалану жетілдірілуде. Елдің ақша-несие саясатының қазіргі кезеңдегі тиімділігі Ұлттық банктің саясатына деген сенімділікпен тығыз байланысты.

Қазақстандағы банк секторының қазіргі таңдағы негізгі мақсаты: нақты сектордың қаржылық ресурстардағы қажеттіліктерін толық қанағаттандыратын және халықаралық стандарттарға сәйкес келетін, тиімді қызмет ететін банктік жүйені құру.



Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің мәліметтері негізінде құрылды. [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz).

**4-диаграмма.** ҚР банк секторының активтері мен несие портфелінің динамикасы (млрд теңге)

ҚР екінші деңгейдегі банктерінің активтері 2014 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 17 379 млрд теңге (2014 жылдың басында – 15 462 млрд теңге), 2014 жылдың басынан бастап өсу – 12,4%.

Активтер құрылымындағы ең көп үлесті (жиынтық активтердің 63,1%-ы) 14 536 млрд теңге сомадағы несие портфелі алады (2014 жылдың басында – 13 348 млрд теңге), 2014 жылдың басынан бастап өсу 8,9% болды.

Заңды тұлғаларға қарыздар несие портфелінің 53,3% үлесімен 7 741 млрд теңге (2014 жылдың басында 7 473 млрд теңге немесе несие портфелінің 56,0%-ы), 2014 жылдың басынан бастап өсу 3,6% болды. Жеке тұлғаларға қарыздар несие портфелінің 25,0% үлесімен 3 630 млрд теңге (2014 жылдың басында 3 297 млрд теңге немесе несие портфелінің 24,7%-ы), 2014 жылдың басынан бастап өсу 10,1% болды.


Тұтынушылық қарыздар несие портфелінің 17,3% үлесімен 2 521 млрд теңге (2014 жылдың басында 2 241 млрд теңге немесе несие портфелінің 16,8%-ы), 2014 жылдың басынан бастап өсу 12,5% болды.

ШОБ-қа қарыздар несие портфелінің 20,2% үлесімен 2 935 млрд теңге (2014 жылдың басында 2 342 млрд теңге немесе несие портфелінің 17,5%-ы), 2014 жылдың басынан бастап өсу 25,3% болды.

NPL-жұмыс істемейтін қарыздар (90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар) 4 686 млрд теңге немесе несие портфелінің 32,2%-ы (2014 жылдың басында 4 158 млрд теңге немесе несие портфелінің 31,2%-ы) болды.

Несие портфелі бойынша провизиялар 5 036 млрд теңге немесе несие портфелінің 34,6%-ы мөлшерде (2014 жылдың басында 4 644 млрд теңге немесе несие портфелінің 34,8%-ы) қалыптасты [21].

Ұлттық банктің саясаты тиісінше инфляция деңгейінің динамикасымен және инфляциялық күтуге байланысты өзгеретін нақты көріністегі біркелкі оң ставканы қолдауға, сонымен бірге қаржылық рыноктар жағдайларына бағытталатын болады. Ақша-несие саясатының дәстүрлі құралдарын пайдалану, банктік қадағалауды күшейту, қаржылық жаңа құралдарды дамыту, ішкі қаржылық рыноктарды дамыту үшін қолайлы жағдайларды Ұлттық банк қамтамасыз етуі қажет.



Дереккөзі: ҚРҰБ ресми интернет ресурсы

**5-диаграмма.** Экономикалық қызметтің салалары бойынша 31.12. 2013 жылғы несие портфелі

5-диаграммада экономика салалары бойынша несие портфелі берілген. Несие портфелінің негізінен, 1-топтағы коммерциялық банктерге тиесілі екендігін байқауға болады. Ал ауылшаруашылығы саласы бойынша 2-топтағы коммерциялық банктердің және 3-топтағы ұсақ банктердің үлестері басым. Жеке тұлғалардың тұтынушылық қарыздары бойынша 2-топтағы коммерциялық банктердің үлесі жоғары, ипотекалық қарыздар бойынша 1-топтағы және 2-топтағы коммерциялық банктердің үлесі шамалас.

12-кесте

**Кредиттік ресурстарға сұраныс пен ұсыныстың өзгеру динамикасы**

| Кредиттік ресурстардың атауы             | Кезең   | Кредиттерге сұраныс | Банктердің ұсынысы (ниеті) | Кредит саясаты (оң жақ ось) |
|--|---------|---------------------|----------------------------|-----------------------------|
| 1  | 2       | 3                   | 4                          | 5                           |
| Ірі кәсіпкерлік субъектілеріне кредиттер | 12.2011 | 52%                 | 52%                        | 12%                         |
|  | 12.2012 | 24%                 | 35%                        | -6%                         |
|  | 03.2013 | 50%                 | 38%                        | -6%                         |
|  | 06.2013 | 44%                 | 21%                        | 0%                          |
|  | 09.2013 | 56%                 | 41%                        | 6%                          |
|  | 12.2013 | 41%                 | 24%                        | 0%                          |

| 1  | 2       | 3   | 4   | 5   |
|--|---------|-----|-----|-----|
| Орта кәсіпкерлік субъектілеріне кредиттер  | 12.2011 | 52% | 65% | 16% |
|  | 12.2012 | 26% | 32% | 0%  |
|  | 03.2013 | 52% | 45% | -3% |
|  | 06.2013 | 55% | 32% | 3%  |
|  | 09.2013 | 48% | 35% | 9%  |
|  | 12.2013 | 32% | 26% | -6% |
| Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне кредиттер | 12.2011 | 43% | 62% | 7%  |
|  | 12.2012 | 33% | 30% | 3%  |
|  | 03.2013 | 37% | 37% | 0%  |
|  | 06.2013 | 53% | 30% | -3% |
|  | 09.2013 | 47% | 30% | 7%  |
|  | 12.2013 | 20% | 30% | -3% |
| Ипотекалық кредиттер                       | 12.2011 | 10% | 40% | 10% |
|  | 12.2012 | 34% | 31% | 0%  |
|  | 03.2013 | 10% | 33% | 13% |
|  | 06.2013 | 33% | 33% | -3% |
|  | 09.2013 | 20% | 17% | -7% |
|  | 12.2013 | 33% | 20% | 0%  |
| Тұтынушылық кредиттер                      | 12.2011 | 27% | 48% | 30% |
|  | 12.2012 | 69% | 59% | 25% |
|  | 03.2013 | 34% | 53% | 16% |
|  | 06.2013 | 53% | 53% | 9%  |
|  | 09.2013 | 41% | 41% | -6% |
|  | 12.2013 | 34% | 34% | -3% |

Дерек көзі: ҚР ҰБ ресми интернет ресурсы // [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz).

12-кестеде кредиттік ресурстарға сұраныс пен ұсыныстың өзгеру динамикасы берілген. Мысалы, 2013 жылы ірі және орта бизнес өкілдеріне берілетін кредиттер көлемі төмендеп отыр. Тұтынушылық кредиттеудің банктер үшін басым екендігіне қарамастан, оның бәсеңдеуі байқалады. Ал ипотекалық кредиттер беруге жекелеген банктер мүдделігінің жоғары екенін көрсетті. Бұл орын алған жағдайлар несие портфелінің сапасының нашарлығына; теңгелік өтімділіктің дефицитіне; маусымдылыққа; тұтынушылық кредиттеудің өсуін шектеуге бағытталған реттеушілік шараларға байланысты болып отыр деп айтуға болады. Жалпы, банктер жүргізіп отырған кредиттік саясат ипотекалық кредиттеудегі аз ғана жандануды есептегенде, 2013 жылдың 4-тоқ-

санында кредиттеудің барлық бағыттары бойынша сұраныстың бәсеңдеуіне әсер етті.


Сонымен бірге банктердің несиелік портфеліндегі тұтынушылық қарыздардың өсуін шектеуге бағытталған реттеушілік шаралар енгізілгендіктен, банктер жеке тұлғаларды кредиттеудің өсуін қолдау мақсатында 2014 жылы кепілсіз қарыздармен қатар қосымша перспективалық бағыт ретінде автокредиттеуді, жалақы жобаларына қатысатын клиенттер үшін жеңілдікті бағдарламаларды дамытуды жоспарлап отыр.

Қазіргі уақытта банктер проблемалық қарыздармен жұмыс шеңберінде бірқатар іс-шаралар жүргізеді: мысалы жеке тұлғалармен жұмыс кезінде 1 күннен 60 күнге дейінгі мерзімі өткен қарыздар бойынша банктерде Call-орталықтар белсенді жұмыс істейді. Call-орталықтардың функциясына клиентке кредит бойынша пайда болған мерзімі өткен берешек туралы және оны өтеу қажеттілігі туралы хабарлау кіреді. Егер клиент қандай да болмасын себептер бойынша қайта құрылымдауды сұраса, Call-орталықтың операторлары қарыз алушыны кредиттік мамандарға жібереді. Егер клиент берешекті келісілген мерзімдерде өтей алмаса немесе қайта құрылымдауды беру мүмкін болмаса, қарыз банктің ішкі құжаттарына және заңнаманың нормаларына сәйкес берешекті өтеу рәсімдері үшін проблемалық борышпен жұмыс жөніндегі бөлімшеге беріледі.

Шағын, орта және корпоративтік бизнестің қарыздары бойынша мерзімі өткен төлемдермен жұмыс, әдетте, берешекті төлемдерді кейінге қалдыру, айыппұлдарды жою және басқалары түрінде қайта құрылымдау арқылы жеке тәртіппен жүргізіледі. Банктердің бағалауы бойынша, сыртқы қарыздарды тартуды шектеу банктерді халық үшін салымдар бойынша талаптарды одан әрі жақсартуға мәжбүрлейді [15].

6-диаграммадан Қазақстан екінші деңгейлі банктерінің міндеттемелері 15 267 млрд теңге (2014 жылдың басында 13 384 млрд теңгені құраған), 2014 жылдың басынан бастап өсу 14,1% болды. Екінші деңгейдегі банктердің жиынтық міндеттемелеріндегі ең көп үлесті клиенттердің салымдары – 73,9% және айналысқа шығарылған бағалы қағаздар алады – 6,5%. ҚР екінші деңгейдегі банктерінің ҚР резиденттері еместер алдындағы міндеттемелері 1 508 млрд теңге немесе жиынтық міндеттемелердің 9,9%-ы болды.





Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің мәліметтері негізінде құрылды. [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz).

**б-диаграмма.** ҚР банк секторы міндеттемелерінің динамикасы

Клиенттердің салымдары 11 288 млрд теңге немесе жиынтық міндеттемелердің 73,9%-ы (2014 жылдың басында 9 845 млрд теңге немесе жиынтық міндеттемелердің 73,6%-ы), 2014 жылдың басынан бастап ұлғаю 14,7% болды.

Заңды тұлғалардың салымдары 6 919 млрд теңге немесе клиенттер салымдарының 61,3%-ы (2014 жылдың басында 5 895 млрд теңге немесе клиенттер салымдарының 59,9%-ы), 2014 жылдың басынан бастап өсу 17,4% болды. Заңды тұлғалардың шетел валютасындағы салымдарының үлесі жылдың басындағы 32,7%-дан есепті күнгі 41,3%-ға дейін ұлғайды. Жеке тұлғалардың салымдары 4 370 млрд теңге немесе клиенттер салымдарының 38,7%-ы (2014 жылдың басында 3 949 млрд теңге немесе клиенттер салымдарының 40,1%-ы), 2014 жылдың басынан бастап өсу 10,6% болды. Жеке тұлғалардың шетел валютасындағы салымдарының үлесі жылдың басындағы 44,0%-дан есепті күнгі 53,5%-ға дейін ұлғайды [21].

2013 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жалпы халықаралық резервтері 24,7 млрд АҚШ долларына дейін 12,6%-ға азайды. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтері жылдың басынан бастап 22,2%-ға ұлғайып, 2013 жылдың соңында 70,8 млрд АҚШ долларын құрады. Қазақстан Республикасы халықаралық резервтерінің көлемі 2013 жылы 10,8%-ға ұлғайды және 2013 жылдың соңында 95,5 млрд АҚШ долларын құрады [23].


## ҚР банк секторының кірістілігі, млрд теңге

| ҚР банк секторының кірістері мен шығыстары                 | 01.07.2013   | 01.07.2014  |
|--|--------------|-------------|
| Сыйақы алуға байланысты кірістер                           | 602,6        | 725,3       |
| Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар                         | 303,5        | 364,5       |
| Сыйақы алуға байланысты таза кіріс                         | 299,1        | 360,88      |
| Сыйақы алуға байланысты емес кірістер                      | 1455,3       | 3 772,9     |
| Сыйақы төлеуге байланысты емес шығыстар                    | 1 610,7      | 4 049, 2    |
| Сыйақы алумен байланысты емес таза кіріс (шығын)           | -155,4       | - 276,3     |
| Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріс (шығын)         | 143,7        | 84,5        |
| Табыс салығын төлеу жөніндегі шығыстар                     | 22,9         | 46,7        |
| <b>Табыс салығы төленгеннен кейінгі таза кіріс (шығын)</b> | <b>120,8</b> | <b>37,9</b> |

Дерек көзі: ҚР ҰБ ресми интернет ресурсы // [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz).

13-кестеде еліміздің банк секторының кірістілігі берілген. 2013 жылы банк саласындағы табыс салығы төленгеннен кейінгі таза кіріс 120,8 млрд теңгені құраса, 2014 жылдың жетінші айында 37,9 млрд теңгені құрап, 69%-ға төмендеп отыр. Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар 2014 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда 17%-ға өскен.

Қазақстан Республикасының банк секторы қызметінің тиімділігін көрсетуде 2010 және 2014 жылдар аралығындағы жағдайды төмендегі диаграммдан байқауға болады.



Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің мәліметтері негізінде құрылды. [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz).

7-диаграмма. ҚР банк секторының кірістілігі

Қазақстандық банк секторының таза шығыны 2014 жылдың қарашасында 38 млрд теңге болды. Таза кірістің жиынтық активтерге қатынасы (ROA) 1,12% (өткен жылдың осы уақытына 8,75%) болды; таза кірістің баланс бойынша меншікті капиталға қатынасы (ROE) 8,76% (өткен жылдың осы уақытына 95,80%) болды.

Макроэкономикалық көрсеткіштер 2014 жылы банк секторы активтерінің ЖІӨ-дегі үлесі – 45,0%; несиелі портфелінің ЖІӨ-дегі үлесі – 37,6%; клиенттер салымдарының ЖІӨ-дегі үлесі – 29,2% болғанын көрсетіп отыр.

Банктердің халықаралық және аймақаралық түрлеріне келер болсақ, Дүниежүзілік банк, Еуропа қайта құру және даму банкі, Халықаралық валюта қоры, Азия даму банкі, Ислам даму банкі жатады.

*Дүниежүзілік банк.* Бреттон-Вуд институттары деген атпен жалпыға танымал Дүниежүзілік банк (Дж.банк) пен Халықаралық валюта қоры (ХВҚ), әлемдік экономикалық және қаржылық тәртіптің бүкіл құрылымын қолдайтын, қос үкіметаралық тірек болып табылады. Бір қарағанда, ХВҚ мен Дүниежүзілік банктің көптеген ұқсастық белгілері бар. Бұл екі ұйым да қазіргі кезде олардың мүшелері болып табылатын 180 мемлекеттің үкіметтері арқылы басқарылады. Банк мүшелері міндетті түрде ХВҚ мүшесі болуы керек. Осыған қарамастан, Дж.банк және ХВҚ принциптік айырмашылықтарға ие. Дж.банк – даму мәселелерімен айналысатын негізгі институт, ол елдер арасындағы төлемдер мен ақшалай түсімдердің тәртіптелген жүйесін құруға бағытталған. Бұл ұйымдардың мақсаты қаржыландыру көздері әртүрлі және өзіндік мақсаттарына өздеріне тән әдістермен жетуге тырысады.

Дүниежүзілік банк өз жұмысын 1946 жылдан бастады. Алғашқы несиелері Батыс Еуропа елдерінің соғыстан қираған экономикасын қалпына келтіруді қаржыландыру үшін берілген болатын. 1960 жылдан бастап ол дамушы елдерге өздерінің несиелерімен көмектесіп, олардағы экономикалық және әлеуметтік прогресті қалыптастырды. Дүниежүзілік банкті құру туралы ұсыныс АҚШ тарапынан болған, олар бірінші кезекте өздерінің соғыс кезінде жоғары өсіп кеткен өндірістік қуаттарын пайдалану үшін экспортты қаржыландыруға мүдделі болды. Сол уақытта халықаралық ұйым көмегімен капитал салымшыларының тәуекелін қалпына келтіру мақсаты көзделді.

Дүниежүзілік банк екі үлкен ұйымнан тұрады: Халықаралық қайта құру және даму банкі (ХҚДБ) және Халықаралық даму Ассоциациясы (ХДА). Сонымен қатар банктің құрамына мынадай ұйымдар да кіреді: дамушы елдердің жеке меншік кәсіпорындарын қаржыландыруға бағытталған – Халықаралық қаржылық корпорация, Инвестициялық дауларды реттеу бойынша Халықаралық орталық, Инвестициялық кепілдемесінің көпжақты агенттігі.

Дүниежүзілік банкте 6000-нан астам адам қызмет істейді және әлемде оның 40 бөлімшесі бар, оның қызметкерлерінің 95%-ға жуығы Вашингтондағы штаб-пәтерінде жұмыс істейді. Олардың арасында экономистер, заңгерлер, инженерлер, агрономдар, телекоммуникация, су жүйесінің тасымалдау, білім беру және т.б. салалардың мамандары бар.

Дүниежүзілік банк – инвестициялық банк, инвестор мен алушылардың арасында делдалдық қызмет көрсетеді, яғни біреуінен алса, екіншісіне несие ретінде береді. Банк иесі болып мүше болған елдер есептелінеді, олардың акционерлік капиталы 185 млрд долларға жуық. Қаржының көпшілігін банк жеңілдетілген несие беруге жұмсайды. Несие 100 шақты елдегі жеке меншік мекемелерге және жеке адамдарға беріледі. Жеңілдетілген берген несиелері донор-елдердің қаржысы арқылы шешіледі.

Дүниежүзілік банкке мүше болғысы келген әр ел өз квотасының 10%-ын төлеу қажет. Оның 1%-ы доллармен немесе алтынмен, ал 9%-ы ұлттық валютамен төленеді. Төленген қаржының бірінші бөлігін банк өз еркімен пайдалана алады, қалғанын берген елдің рұқсатымен жасайды, ал қалған капиталдың 90%-ы бірден төленбейді, бірақ банкке өзінің міндеттемесін өтеуге қажет болса, онда ол кез келген уақытта талап етеді. Дамушы елдердің егер адам басына шаққанда жалпы ұлттық өнімі 1200 доллардан асса, бұл ел Халықаралық қайта құру және даму банкінен несие алуына мүмкіндігі бар. Несиенің пайызы банктік нарықтық пайызымен шамалы болады. Әдетте, төлем мерзімі – 12-15 жыл.

*Еуропа қайта құру және даму банкі.* Еуропа қайта құру және даму банкі (ЕҚҚДБ) 1990 жылы 29 мамырда болған келісім бойынша халықаралық қаржы мекемесі ретінде құрылған. Оның құрылтайшыларына Еуропа елдерімен қоса, Албания, АҚШ, Канада, Марокко, Мексика, Египет, Израиль, Жаңа Зеландия, Австралия, Жапония, Оңтүстік Корея, сондай-ақ Еуропалық Экономикалық Одақ (ЕЭО) және Еуропалық инвестиция банкі жатады.

Банк жарғысы бойынша барлық ХВҚ мүшелері ЕҚҚДБ-нің мүшесі бола алады. ЕҚҚДБ-нің штаб-пәтері Лондонда. Банк өз жұмысын 1991 жылы сәуір айынан бастады.

Банктің жарғысымен белгіленгендей ЕҚҚДБ-нің мақсаты несие және ғылыми-техникалық көмек беру арқылы бұрынғы социалистік елдерге нарықтық экономикаға өтуіне, жеке және кәсіпкерлік бастамаларды дамытуға қолдау көрсетеді.

ЕҚҚДБ-нің басты міндеті – бұрынғы социалистік елдерге саяси жүйенің өзгеру кезеңінде жаңадан экономикалық және әлеуметтік жағдай үшін инвестиция беру, жекешелендіруге, құрылымдық қайта құру, табиғатты қорғау, т.б. салаларды қолдау.

ЕҚҚДБ-нің негізгі несие беретін объектілеріне жеке фирмалар, жаңадан құрылған нарықтық құрылымдар, жекешелендірілген объектілер, бірлескен кәсіпорындар жатады.

ЕҚҚДБ-нің капиталында ЕО елдері квотасы 51%, Орта және шығыс Еуропа елдері, ЕО-ның мүшесі емес елдер – 13%, Еуропалық емес елдердікі – 24%, олардың ішінде Италия, Германия, Ұлыбритания, Франция елдері әрқайсысы – 8,5% иеленеді. Сол сияқты Жапония да ЕҚҚДБ-нің жарғылық капиталының 8,5% үлесін алады.

*Халықаралық валюта қоры.* 1944 жылы Бреттон-Вудс қаласында халықаралық қаржы конференциясы өткен болатын, осы конференцияда Халықаралық валюта қорын (ХВҚ) құру туралы шешім қабылданды. Алғашында мүшелерінің саны 35 мемлекет болса, 1993 жылы олардың саны 174-ке дейін өсті. Қазақстан Республикасы да осы қордың мүшесі болып табылады.

ХВҚ-ға кіргенде, әрбір мемлекет квота, мүшелік жарна, яғни белгілі бір ақша сомасын қосады. Қор капиталына мүше-елдердің жарнасы екі бөліктен: 1) сол елдің квотасының 25% сомасы көлемінде немесе оның алтын мен доллар запастарының 10% сомасы көлеміндегі алтын түрінде; 2) квотаның қалған көлемі ұлттық валюта түріндегі жарнадан тұрады.

ХВҚ саясатын анықтауға керекті дауыс санының көп бөлігін көп ақша қосқан елдер алады. ХВҚ-дағы басшылық орынды АҚШ алады, оған барлық дауыстың 17%-ы келеді. Екінші орында Жапония – 7%, әрі қарай – Германия, Франция, Ұлыбритания – 5-6%.

ХВҚ-ның қызметкерлері 2000-ға жуық адамнан тұрады және директор-басқарушымен басқарылады, ол сонымен қатар атқару-

шы кеңестің басшысы болады, оны кеңес сайлайды. Негізгі қызметкерлер ХВҚ-ның Вашингтондағы штаб-пәтерінде орналасқан, бірақ шағын бөлігі Париждегі, Женевадағы және Нью-Йорктағы БҰҰ-ның жекелеген бөлімшелерінде немесе ХВҚ-ның мүшесі болып табылатын елдерде қызмет көрсетеді.

*Азия Даму банкі.* Азия Даму банкі (АДБ) 1965 жылы құрылған. Оның мүшелері болып Азиядағы дамушы елдермен қатар, Жапония, Австралия елдері де кіреді.

1980 жылы Азияның 29 елі банктің аймақтық мүшелері ретінде банк мүшелерінің жиналысында 66,6% дауыс алса, оның ішінде Жапония үлесі – 26,2% дауыс, Австралия – 11,1% дауысқа ие болды. Кешірек АДБ мүшесі болып тағы 14 тәуелсіз дамушы ел қосылды. Олардың дауыс үлесі 33,4% құрайды. Бұған Жапония мен Австралияны қосқанда басқарушылар кеңесінің жиналысында алған үлесі 70%-дан астамын құрады. АДБ-нің жарғысы бойынша банк тек мүше болған елдерде қаржы бөледі. Штаб-пәтері Филиппиннің астанасы – Манила қаласында.

АДБ өз операцияларын ЕҚҚДБ сияқты жүзеге асырды. 1993 жылы банктің негізгі капиталы 9,5 млрд доллар болады, оның 8,9 млрд долларына қол қойылды. Банктің ережесі бойынша капиталының 20%-ы төленуі қажет, ал қалған 80%-ы керек болса кез келген кезде талап ете алады. Оның 81%-ы алтын немесе конвертация жасауға болатын валютадан, ал қалған бөлігі ұлттық валютадан тұрады.

АДБ-нің мүше болған елдердің банктерінің капитал жұмсалымдар бойынша түсімдерден аударған және өз еркімен қосқан жарналардан арнайы қоры бар. Осы қор қаражаты нашар дамыған елдердің экономикасын және әлеуметтік инфрақұрылымдарын жақсартуға жеңілдікпен несие беру үшін пайдаланылады. АДБ облигация шығару арқылы өзінің қаражаттарын әлемдік қаржы нарығынан тартады.

АДБ несиенің көп бөлігін мынадай 5 елге береді: Индонезия, Оңтүстік Корея, Филиппин, Пәкістан, Тайланд. 1980 жылдың басында 8,7%-ға 5 млрд доллар несие берді. Оның қайтару мерзімі – 10-30 жыл. Бірінші қайтарым – 2,7 жылдан кейін. Берілген несиенің 1/3-і жеңілдетілген несие, яғни жылына 1%-дан 4% мөлшерлемесімен 40 жылға дейін беріледі.

Несиені беретін негізгі бағыттары – экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылымдар, агроөнеркәсіп объектілері, ауылшаруа-

шылығы, өндіруші және өңдеуші өнеркәсіп. Банктің несиесі ең алдымен барлық жеке секторға, жекешелендірілген мемлекеттік бірлескен кәсіпорындарға, әсіресе дамып келе жатқан елдердің үкіметтеріне сенімді қарыз алушы ретінде бағытталады.

*Ислам даму банкі.* Ислам даму банкі өз жұмысын 1975 жылы бастады. Банктің негізгі кеңсесі Сауд Арабиясындағы Джидде қаласында орналасқан. Аймақтық кеңселері үшеу, олар – Рабат (Марокко), Куала-Лумпур (Малайзия) және Алматы (Қазақстан) қалаларында. Банктің құрылтайшылары – Ислам конференциясы ұйымы (ИКҰ) мүшелері. Қазіргі кезде олардың саны – 52. Банктің жарғылық капиталы 6 млрд ислам динары. Ол сома 800 мың акцияға бөлінген. Ислам динары (ИД) банк шотының есептесу бірлігі болып саналады, ал оның құны ХВҚ-ның бір арнайы векселіне тең. Оған мүше мемлекеттердің банктің жарғылық капиталындағы үлестері төмендегідей: Сауд Арабиясы – 16,6%, Ливия – 6,7%, Кувейт – 8,3%, ал Гамбия, Қырғызстан, Мозамбик, Түркіменстан, Тәжікстан, Қазақстан, Суринам, Джибути, Комор елдері біріккенде 0,4% құрайды.

Ислам даму банкін құрғандағы негізгі мақсат – шариғат негізіне сүйене отырып, ИКҰ-ға мүше болған және болмаған мұсылман елдеріне экономикалық даму және әлеуметтік ілгерілеуі үшін қаржылай көмек көрсету. Әсіресе ИКҰ-ға мүше болған экономикасы нашар дамыған мұсылман елдеріндегі жобаларды қолдауға көңіл бөлу.

1993 жылы банк 8 мыңға жуық жобаларды қаржыландырды, оның ішінде сауда-саттық пен арнайы көмекке байланысты 36 млрд ислам динары жұмсалды. Бүгінгі кезде халықаралық және аймақтық қаржы мекемелеріне бірлескен жобаларға берілген қаржы мөлшері 170 млн АҚШ долларына жетті.

Шариғат негізіне сүйеніп, банк коммуналдық шаруашылыққа, жол құрылысына, көпір, үй коммуникациялары, т.б. жобаларға, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық сипаттағы мектеп салу, денсаулық сақтау объектілеріне, мәдениет, жалпы білім жүйесіне пайызсыз несиелер береді.

Банк өнеркәсіп және ауылшарушылығын бірігіп игерудегі жобаларға қаржы бөлуге қатысады, тез арада пайда келтіретін жобаларға, лизинг және қарызды мерзімінен кейінірек қайтаруға мүмкіндік жасайды.

Банк өзіне мүше болған мемлекеттерге техникалық көмек, кеңес беру, жобалардың техника-экономикалық негіздемесін жасау,

сондай-ақ құрал-жабдық сатып алу үшін зерттеу жұмыстарын және жобаның атқару фазасы кезінде оқыту жұмыстарын жүргізеді.

Банк өз портфеліндегі 1 млрд АҚШ доллары тұратын өтімді бағалы қағаздарды сатып алады және сатады. Ислам даму банкіне басқарма бастығы жетекшілік етеді. Басқарма банкінің барлық мүшелері ұсынады. Басқарманың Төрағасы болып оның мүшелері кезек-кезек сайланады. Басқарма жыл қорытындысын жасауға және келесі жылға керек бағыттарды анықтауға жыл сайын жиналады. Банкіні ұйымдастыруды шұғыл басқару үшін 11 адамнан тұратын, атқарушы директорлардан құралған Басқарма құрылады. Оның 5 мүшесі тағайындалады, ал қалған 6-уы сайланады.

Жарғылық капиталына ең көп үлес қосқан (Сауд Арабиясы, Ливия, Түркия, Кувейт, Иран, Біріккен Араб Әмірлігі, Индонезия, Пәкістан) мемлекет ішінен 5 ел бір атқару директорын тағайындайды, ал 6-уын қалған мемлекеттер сайлайды.

Басқарма бастығы өз араларынан 8 жыл мерзімге банк президентін сайлайды. Сайланған президент атқарушы директордың төрағасы, Басқарманың төрағасы, сонымен қатар ол банктің әкімшілік аппаратының да төрағасы болып есептеледі. Атқарушы директорлар кеңсені үш жыл басқарады, одан кейін жаңадан сайлауға түседі. Ислам конференциясы ұйымына мүше болған кез келген мұсылман елі атқарушы директорлардың Басқармасының шарттарын және мерзімін сақтай отырып банкке мүше бола алады. Ресми банк тілі – араб тілі, ал қарым-қатынас үшін ағылшын және француз тілдері болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақстанның банктік жүйесі ТМД-ның басқа елдерімен салыстырғанда реформалар нәтижесінде дамыған деп айта аламыз. Жеке тұлғалардың салымдарын ұжымдық кепілдендіру жүйесі тиімді қызмет етуде. Ипотекалық несиелендіру мен вексельдік қайта қаржыландыру жүйелері дамуда. Пошталық-жинақтаушы жүйені дамыту жөнінде белсенді жұмыс жүргізіліп, екінші деңгейлі банктерді қызметтің халықаралық стандарттарына көшіру бағдарламасы аяқталуда. Ақша-несие саясаты әлемдік стандарттарға жақындау мен валютаны либерализациялауға бағытталған. Сонымен қатар банктік секторды дамыту саласында банктерге тәуекелді басқару жүйесін енгізу және ағымдық бақылау тәсілдерін жетілдіру жөніндегі жұмысты белсендендіру қажеттілігі ұсынылуда.



**Бақылау сұрақтары:**

1. Банк – несиелік-қаржылық қызмет көрсетулердің маңызды объектісі ретінде.
2. Банк және оның қызметтері, банктік жүйе сипаттамасы.
3. ҚР-дың банк қызметіне байланысты заң актілерін талдау.
4. Ұлттық банк және оның функциялары.
5. Коммерциялық банктердің ҚР экономикасындағы рөлі.
6. Дағдарыс жағдайындағы банк жүйесіндегі мәселелер.
7. Қазақстандағы исламдық қаржыландыру мәселелері.

**3.3. Капиталдар рыногының инвестициялық институттары**

Инвестициялық жобаларды қаржыландырумен айналысатын ұйымдар (компаниялар, қорлар, корпорациялар) инвестициялық институттар болып табылады.

Инвестициялық институттар капитал рыногында делдал қызметін және бағалы қағаздарды шығарумен, қолданумен байланысты кеңес беретін инвестициялық кеңесші қызметін атқарады. Олар өз қызметін лицензия негізінде және келесі шарттарды орындаған кезде жүзеге асыра алады: әрбір инвестициялық институттардың жарғылық қоры болуы тиіс; меншік капиталы және жоғары біліктілігі туралы аттестаты бар мамандардың штатта болуы; бағалы қағаздармен операцияларды ашық көрсететін қаржылық есеп жүйесінің қалыптасуы.

Бұл институттардың ішінен 3 негізгі топты бөліп шығаруға болады: холдинг, қаржылық топтар және қаржылық компаниялар.

*Холдингтік компаниялар* – активтеріне басқа кәсіпорындар акцияларының бақылау пакеті жататын компаниялар, бұлар холдингтік еншілес кәсіпорнына айналады. Бұл компаниялардың пайда болуы, ең алдымен функционалдық қарым-қатынасты жүзеге асыратын акционерлік меншіктің жоғары қарқынды дамуымен байланысты. Холдингтік жүйеде стратегиялық шешімдерді қабылдау орталығы біртұтас жүйе ретінде қарастырады.

Холдингтік компаниялардың мақсаты – оптималды пайда табу үшін жүйе мен оның әр тармағын бағыттау мен бақылау. Мұндай жүйе, ең алдымен басқару құрылымының әр сатысын жетілдіретін экономикалық мақсаттылық пен тиімділікке негізделеді.

Холдингтердің жеке жүйелерге қарағанда қиынға түсетін мақсаттарға жету мүмкіндігі жоғары. Бұл мақсаттарға жету үшін:

- холдингке кіретін фирмалар мен компаниялармен байланысты рационалды өндірістік құрылым құру;
- перспективті технологияларды енгізу мен қолдану;
- үлкен көлемді инвестициялар салу;
- сыртқы экономикалық байланыстарды қалыптастыру;
- несиелеудің қолайлы режимін қамтамасыз ету шараларын жүргізуі тиіс.

*Инвестициялық компания* – жеке инвесторлардың ақша құралдарын шоғырландырып, оларда мемлекеттің және жеке меншік корпорациялардың акциялары мен облигацияларын орналастыратын қаржы институттарының бірі. Мұндай компаниялар өз ресурстарын тек қана меншік қаражаттарынан және заңды тұлғамен жүзеге асырылатын меншікті бағалы қағаздардың эмиссиясы арқылы қалыптастырады.

*Инвестициялық қор* – тартылған қаражаттарды бағалы қағаздарға инвестициялау мақсатында, өзінің акцияларын шығару және ашық түрде орналастыру арқылы ақшалай қаражаттарды тартуға байланысты қызметін жүзеге асыратын акционерлік қоғам нысанында құрылатын заңды тұлға. Акционерлермен өзара нысанда байланысты инвестициялық қорлар келесідей түрге бөлінеді: өзара біріккен қорлар – ашық инвестициялық қор және инвестициялық компания – жабық инвестициялық қор.

Қордың жарғылық капиталы:

1. Қордың жарғылық капиталын республикалық бюджеттің қаражаты есебінен акцияларға олардың нақтылы құны бойынша төлеу арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі қалыптастырады.

2. Қордың жарғылық капиталын ұлғайтуға Қордың жалғыз акционерінің шешімі бойынша жол беріледі.

3. Қордың орналастырылатын акцияларын төлеуге ақша ғана салынуы мүмкін.

*Қазақстанның инвестициялық қоры* акционерлік қоғам нысанындағы коммерциялық ұйым болып табылады, оның жалғыз құрылтайшысы – Қазақстан Республикасының Үкіметі.

Қордың мақсаты: перспективалы ұйымдардың жобаларына инвестицияларды жүзеге асыру және тарту, экономиканың шикізаттық емес секторында жеке сектордың бастамаларына қаржылық қолдау көрсету арқылы Қазақстан Республикасының индустриалдық-инновациялық саясатын іске асыруға жәрдемдесу болып табылады.

Ашық инвестициялық қор – өзінің инвестициялық декларациясына сәйкес осы қоғамның акционерлері оның акцияларын төлеу үшін қосқан ақшаны, сондай-ақ осындай инвестициялау нәтижесінде алынған активтерді жинақтау мен инвестициялау болып табылатын акционерлік қоғам.

Ашық инвестициялық пай қоры оның пай ұстаушысына басқарушы компаниясынан осы Заңда және осы инвестициялық қордың ережелерінде белгіленген жағдайларда, шарттарда және тәртіппен пайды сатып алуын талап етуге құқық береді, бірақ ол екі аптада бір реттен кем болмауға тиіс.

Инвестициялық аралық пай қоры оның пай ұстаушысына басқарушы компаниядан және осы инвестициялық қордың ережелерінде белгіленген жағдайларда, шарттарда және тәртіппен пайды сатып алуын талап етуге құқық береді, бірақ ол жылына бір реттен кем болмауға тиіс.

Жабық инвестициялық пай қоры оның пай ұстаушысына осы қордың пай ұстаушыларының жалпы жиналысына қатысуға, сондай-ақ қор ережелерінде көзделген жағдайларда және тәртіппен пай бойынша дивидендтер алуға құқық береді. Жабық инвестициялық пай қорының пай ұстаушысы басқарушы компаниядан өзіне тиесілі пайларды сатып алуды талап етуге құқылы емес.

«Қазына» Тұрақты даму қоры бизнесті дамыту мен қолдау және елдің инвестициялық ресурстарын тиімді басқару жүйесін қалыптастыру арқылы экономиканы әртараптандыруда көмек көрсетуді қарастырады. «Қазына» Тұрақты даму қорының құрамына келесі ҚР даму институттары кіреді:

- «ҰӘҚ Самұрық-Қазына» АҚ;
- «Қазақстан Даму Банкі»;
- «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ;
- «Ұлттық инновациялық қор» АҚ;
- «Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру бойынша мемлекеттік сақтандыру корпорациясы»;
- «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ;
- «Қазинвест» инвестицияны қолдау бойынша мемлекеттік орталық.

1. Қазақстан Даму Банкі 2001 жылы 25 сәуірде ҚР Президентінің №531 «Қазақстан Даму Банкі туралы» Жарлығымен, банк жарғылық капиталында мемлекеттің 100% Мамандандырылған несиелік-қаржылық институттар.

2. Қазақстанның инвестициялық қорының қызметтері.
3. Инвестициялық банктер мен қорлар қызметтеріне сипаттама.
4. «Қазына» Тұрақты даму қоры.
5. «Қазына» Тұрақты даму қорының құрамына сипаттама.
6. ҚР даму институттарының маңыздылығы.

### 3.4. Зейнетақы және зейнетақы қорлары

Қазақстан Республикасында зейнетақы қорларының жұмысы өткен ғасырдың 90-жылдарындағы күрделі экономикалық жағдайда басталды. Бұл ескі зейнетақы жүйесінің қирауымен де ұшықты. Реформаның басты мақсаты – мемлекеттік бюджеттің қорын азайту үшін халықты зейнетақымен қамтамасыз ету есебінде мемлекеттің рөлін азайту, яғни мемлекетсіздендіру болатын. Республикамызда 1997 жылы 20 маусымдағы №136-І «ҚР зейнетақымен қамтамасыз ету» туралы заң жүзеге асты. Кейінгі жылдары Заңға бірнеше рет өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

*Жинақтаушы зейнетақы қоры* – мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры мен мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорлары болып бөлінді және салымшылар таңдау құқығына ие болды.

Жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдері келесідей болды:

- жинақтаушы зейнетақы қорларынан төлемдері жеке зейнетақы шоттарында жинақталған зейнетақы қаражаты бар алушыларға алушының жеке басын куәландыратын құжаты болған жағдайда төленді;
- жинақтаушы зейнетақы қорларына енгізілген міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдері жоғарыда аталған заңның 9-бабының 1-тармағында және 60-бабының 1-тармағында көзделген жағдайлар туған кезде, сондай-ақ егер зейнетақы алушы 55 жасқа толған кезде еңбек қызметін тоқтатып, оны жүргізбесе, кем дегенде 35 жасқа жарна төлеген мерзімі жеткіліктілігін уәкілетті белгілейтін жинақталған зейнетақы қаражаты болған жағдайда жүзеге асырылады. Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларына енгізілген ерікті зейнетақы қаражаты болған жағдайда: кемінде 10 жыл кезеңге ерікті зейнетақы жарналары жинақталғанда және 55 жасқа толғанда, тізбесін Үкімет бел-

гілейтін азаматтардың белгілі бір санаттары үшін бұл жас 50 жасқа дейін кемітілуі мүмкін; мүгедектікке ұшырағанда; еркектерге 63 жас толғанда, әйелдерге 58 жас толғанда тағайындалды.

Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорлары және оның мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорынан айырмашылығына келсек, зейнетақы алу жасына жетіп қалған адамдар жаңадан шыққан қаржылық институттарына көп сенім артпайды. Олар өзінің қаражаттарын мемлекеттік зейнетақы қорында ұстауды қолдайды. Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық мүмкіншіліктері кең. Олар өзінің жиналған қорынан бағалы қағаздар қазақстандық ұйымдарының және депозиттік салымдарды тұрақты екінші деңгейлі банктерге, ірі халықаралық қаржылық институттарына сала алады. Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорлары мұндай мүмкіншіліктерге ие емес, сондықтан зейнетақы активтерінің өсуі талап ретінде болады. Бұдан басқа мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорлары жабық акционерлік қоғам формасында құрылған.

2013 жылы Президент елдің зейнетақы заңнамасына өзгерістер енгізуді ұсынғаны белгілі. Зейнетақы жүйесінің негізгі кезеңдерінің бірі болып Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының құрылуы болды. Сонымен бірге Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына барлық жеке жинақтаушы қорлардың зейнетақымен қамтамасыз ету келісімшарттары бойынша міндеттемелер мен зейнетақы активтерін беру жүзеге асырылды. Ел басшылығымен Мемлекеттік Жинақтаушы Зейнетақы Қоры негізінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын құру туралы шешім қабылданды.

2013 жылдың 21 маусымында «Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» заңы жаңа редакцияда қабылданды. Зейнетақы заңнамасына сәйкес Қордың жалғыз акционері болып Қазақстан Республикасының Үкіметі табылады. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін есепке алу мен сақтауды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Сондай-ақ бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін инвестициялық басқару да Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жүктеледі.

Заңның 34-бабында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін ұйымдастыру жолдары көрсетілген:

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды және зейнетақы жинақтарын төлеуді жүзеге асырады.

Өзге тұлғаларға міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасуға тыйым салынады.

2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлік қоғам нысанында құрылады, коммерциялық емес ұйым болып табылады.

3. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының атауы «бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» деген сөздерді қамтуға тиіс. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының атауында «БЖЗҚ» деген аббревиатураны пайдаланып, оның атауын қысқартуға жол беріледі.

4. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда, заңды тұлғаларға өзінің атауында «бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» деген сөздерді қандай тілде болмасын толық және қысқартылған түрінде пайдалануға тыйым салынады.

7. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының органдарын, олардың функциялары мен өкілеттіктерін, олардың шешімдерді қалыптастыруы мен қабылдауының тәртібін осы Заң, Қазақстан Республикасының Үкіметі, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жарғысы және ішкі құжаттары айқындайды. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының директорлар кеңесінің құрамына дауыс беру құқығымен тұрақты негізде уәкілетті органның өкілі кіреді.

8. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының:

- ерікті зейнетақы жарналарын тартуға;
- өзінің қызметі үшін комиссиялық сыйақы алуға;
- зейнетақымен қамсыздандыруға байланысты мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен сотта салымшының (алушының) мүддесін білдіруге;
- өзінің мұқтажы үшін иемденген мүлікті жалға беруге;
- Қазақстан Республикасының аумағында филиалдары мен өкілдіктерін ашуға;
- бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

*Зейнетақы* – уәкілетті ұйымнан, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдерінің жиынтығы.

Зейнетақы жинақтары – шарттарға, осы Заңға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және ерікті зейнетақы жарналарын, инвестициялық табысты, өсімпұлды және өзге де түсімдерді қамтитын, салымшының (зейнетақы төлемдерін алушының) жеке зейнетақы шотында есепке алынатын ақшасы [35].

Зейнетақы төлемдері: уәкілетті ұйымнан – мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі және 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кемінде алты ай еңбек өтілі бар жеке тұлғаларға еңбек өтіліне барабар жүзеге асырылатын ақша төлемдері.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі – Қазақстан Республикасының азаматтарына осы Заңда белгіленген зейнеткерлік жасқа толуы бойынша берілетін ай сайынғы ақшалай төлем.

Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау келесідей жүзеге асырылады:

2001 жылғы 1 шілдеден бастап ерлерге 63 жасқа толғанда, әйелдерге 58 жасқа толғанда жүргізіледі. Бұл ретте Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін әйелдерге тағайындау:

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – 58,5 жасқа толғанда;

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59 жасқа толғанда;

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59,5 жасқа толғанда;

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60 жасқа толғанда;

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60,5 жасқа толғанда;

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61 жасқа толғанда;

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61,5 жасқа толғанда;

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62 жасқа толғанда;

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62,5 жасқа толғанда;

2027 жылғы 1 қаңтардан бастап 63 жасқа толғанда жүргізіледі.

Міндетті зейнетақы жарналары – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына осы Заңға сәйкес салынатын ақша.

Инвестициялық табыс – зейнетақы активтерін инвестициялау нәтижесінде алынған (алуға жататын) ақша.

Кастодиан-банк – Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе қаржы құралда-

ры мен ақшаны есепке алуды, солар бойынша құқықтарды растауды, олардың сақталуы жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдай отырып, құжаттық қаржы құралдарын сақтауды жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банк [35].

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры – әлеуметтік аударымдарды шоғырландыруды және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы асыраушысынан айырылған жағдайда, оның асырауындағы отбасы мүшелерін қоса алғанда, өздеріне қатысты әлеуметтік қатер жағдайы басталған міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға төлемдер жүргізетін заңды тұлға.

Бүгінгі күні бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗҚ) міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарын және ерікті зейнетақы жарналарын қамтуды жүзеге асыратын жалғыз ұйым болып табылады.

*14-кесте*

#### Қор көрсеткіштерінің динамикасы

| № | Көрсеткіштері  | 01.02.2015    |
|---|--|---------------|
| 1 | 2  | 3             |
| 1 | Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар саны   | 9 580 096     |
| 2 | Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар саны   | 40 801        |
| 3 | Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша салымшылар саны  | 352 733       |
| 4 | Зейнетақы жинақтары (мың теңге)  | 4 572 584 113 |
| 5 | Жыл басынан бергі зейнетақы жарналары (мың теңге)  | 53 880 407    |
|   | оның ішінде:   |               |
|   | МЗЖ бойынша  | 50 498 441    |
|   | ЕЗЖ бойынша  | 17 526        |
|   | МКЗЖ бойынша   | 3 364 440     |
| 6 | Жыл басынан бергі басқа ЖЗҚ келіп түскен зейнетақы жинақтары (мың теңге)                                     | 0             |
| 7 | Жыл басынан бастап есептелген инвестициялық табыс (мың теңге)  | 21 442 262    |
| 8 | Жыл басынан бастап «таза» инвестициялық табыс (мың теңге)  | 18 893 143    |
| 9 | Жыл басынан бастап зейнетақы төлемдері (сақтандыру компанияларына аударылған аударымдармен қоса) (мың теңге) | 18 070 645    |



| 1  | 2  | 3          |
|----|--|------------|
| 10 | Комиссиялық сыйақы (мың теңге)                           | 2 549 119  |
|    | оның ішінде:   |            |
|    | зейнетақы активтерінен                                   | 1 084 876  |
|    | орналастырылған ЗА бойынша инвестициялық табыс/<br>шығын | 1 464 243  |
| 11 | Активтер (мың теңге)                                     | 34 622 569 |
| 12 | Міндеттемелер (мың теңге)                                | 4 284 810  |
| 13 | Меншікті капитал (мың теңге)                             | 30 337 759 |

*Дерек көзі:* ҚР БЖЗҚ ресми интернет ресурсы. [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz).

14-кестедегі 2014 жылғы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшыларының саны 9 580 096 құрайды. Жыл басынан бергі зейнетақы жарналары 4 572 584 113 млрд теңгені құрап отыр.

Ағымдағы жылғы 1 қарашада бір немесе бірнеше салымшыларға (алушыларға) ашылған қайталанатын жеке зейнетақы шоттарын жабуға байланысты салымшылардың (алушылардың) бір немесе бірнеше ЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналары бойынша шоттарының саны 99 609 немесе 1,1%-ға, ерікті зейнетақы және кәсіби жарналары бойынша ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын қоса алғанда, 7 010 немесе 14,9%-ға төмендегені байқалды. Зейнетақы жарналарының осындай түрлері бойынша зейнетақы жинақтары 10 айда тиісінше 593,6 (15,9%) және 0,01 (0,7%) млрд теңгеге ұлғайды [23].

БЖЗҚ қатысушыларының зейнетақы активтерін және есепшоттарын тиімді басқару келесілерді қамтиды:

- БЖЗҚ зейнетақы активтері есебінен қалыптасқан инвестициялық портфельді талдау жолымен активтердің сапасын бақылау;
- зейнетақы активтерін инвестициялау бойынша ҚР Ұлттық Банкіне ұсыныстар әзірлеу және бағыттау;
- дефолт болған немесе дефолт ықтималдығы бар БЖЗҚ зейнетақы активтері инвестицияланған қаржылық құралдар эмитенттерімен жұмыс.

15-кесте


## Зейнетақы жинақтары, млрд теңге

| Зейнетақы жинақтары, млрд теңге           | 01.01.2014 | 01.11.2014 | Өсім % |
|---|------------|------------|--------|
| Міндетті зейнетақы жарналары бойынша      | 3 731,9    | 4 325,5    | 15,9   |
| Ерікті зейнетақы жарналары бойынша        | 1,36       | 1,5        | -0,7   |
| Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша | 0,15       |            |        |
| Міндетті зейнетақы жарналары бойынша      | -          | 20,6       | -      |

Дерек көзі: ҚР ҰБ ресми интернет ресурсы. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін қадағалау департаментінің мәліметтері негізінде. [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz).

15-кестеде елдегі зейнетақы жинақтары берілген. 2014 жылдың қараша айында қаңтар айына қарағанда міндетті зейнетақы жарналары 15,9%-ға өскен. Ерікті зейнетақы жарналары керісінше 0,7%-ға төмендеген.

Салымшылардың зейнетақы жинақтары 2014 жылдың басынан 614 млрд теңге (16,5%) және 2014 жылғы 1 қарашада 4 347,6 млрд теңге болды. Ағымдағы жылғы 1 қыркүйекте бір немесе бірнеше салымшыларға ашылған қайталанатын жеке зейнетақы шоттарын жабуға байланысты салымшылардың бір немесе бірнеше ЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналары бойынша шоттарының саны 142 558 немесе 1,8%-ға, ерікті зейнетақы және кәсіби жарналары бойынша ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын қоса алғанда, 6 894 немесе 14,6%-ға төмендегені байқалды. Зейнетақы жарналарының осындай түрлері бойынша зейнетақы жинақтары 8 айда тиісінше 571,1 (15,3%) және 0,09 (6,0%) млрд теңгеге ұлғайды [16].



Дерек көзі: ҚР ҰБ ресми интернет ресурсы. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін қадағалау департаментінің мәліметтері негізінде. [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz).

**8-диаграмма.** Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы

2014 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2014 жылдың басынан 595,9 млрд теңгеге немесе 16,0%-ға ұлғайып, 4 331,8 млрд теңге болды.

2014 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2014 жылдың басынан 622,1 млрд теңгеге немесе 16,7%-ға ұлғайып, 4 358,0 млрд теңге болды.

2013 жылғы 1 қыркүйек – 2014 жылғы 1 қыркүйек аралығындағы кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық ұлғаюы 66,7 млрд теңге болды. 2014 жылғы 1 қыркүйекте БЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінің негізгі үлесіне бұрынғыша ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары және ҚР эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздары ие (БЖЗҚ осыған ұқсас күнгі инвестициялық зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 54,4% және 26,6% тиісінше).

Өз кезегінде, шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына инвестициялар көлемі 312,0 млрд теңгені құрайды (инвестициялық зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 7,9%-ы). Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар үлесіне 11,0% немесе 436,1 млрд теңге келеді [16].

Қазақстанның бірыңғай жинақтаушы зейнетақы жүйесі елдегі зейнетақы қызметтері рыногы субъектілерінің мүдделерін ескеретін және қызметін реттейтін тиімді нормативті-құқықтық және заңнамалық базаға, дамыған қор рыногына тәуелді болады.

Қазіргі таңда қормен жүзеге асырылатын қызмет, салымшыларды толық және анық ақпараттармен, салымшының жеке зейнетақы есепшотын ашу бойынша, оның жағдайы туралы, алушыларға төлемді рәсімдеуге және осы арқылы өз зейнетақы жинақтарын қалыптастыру мүмкіндіктерін алуды қамтамасыз етуді бейнелейтін салымшылардың ағымдық қажеттіліктерін жүзеге асыруға бағытталады.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Жинақтаушы зейнетақы қорлары.
2. Мемлекеттік және жеке жинақтаушы зейнетақы қорларына талдау.
3. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының экономикадағы рөлі.
4. Сақтандырудың экономикалық мәні және маңызы.
5. ҚР сақтандыру қызметінің дамуы.
6. Міндетті және еркін сақтандыру.

### 3.5. Капиталдар рыногының сақтандыру институты

Рыноктық экономика жағдайында өнеркәсіп, сауда, банктік капиталдың басым бөлігі жеке тұлғалардың және әртүрлі нысандағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің меншігінде болады. Осындай жағдайда тәуекелдің көптеген түрлерінен қорғау маңызды қажеттілікке айналуға. Сақтандыру зардап шегушілерге кездейсоқ қиратылған, жағымсыз жағдайлар шығынының орнын толтыруға және сақтандыру мен қамсыздандыруға мүмкіндік береді.

Сақтандыру экономиканың маңызды, әлі де толық жан-жақты зерттелмеген саласы деуге болады. Экономикалық категория ретінде сақтандыру бұл әртүрлі тәуекелдер кезіндегі, сондай-ақ азаматтарға олардың өмірінде белгілі бір оқиғада көмек көрсетудің шығындарын өтеу үшін ақша қаражаттарының жиынтығын қамтитын экономикалық қатынастар жүйесі болып табылады.

Сақтандыру рыногында сақтандыру операциялары жүзеге асырылады. Сақтандыру рыногы – сату және сатып алу объектісі болып ерекше тауар сақтандыру қызметі табылатын ақша қатынастарының саласы.

Сақтандыру рыногының негізгі қатысушылары:

1. Сақтанушылар – сақтануға мүдделі және сақтандырушымен заңды күші бар қатынасқа немесе сақтандыру келісімін екі жақты негізде жасай отырып қатынасқа түсетін тұлға.

2. Сақтандырушылар – сақтандыру операцияларын жүргізуге белгіленген ережеде мемлекеттік рұқсат (лицензия) ала отырып және сақтандыру қызметін жүзеге асыру үшін құрылған, ҚР заңымен анықталған кез келген ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлғалар. Сақтандырушылардың тікелей қызметінің пәніне өндірістік, сауда-делдалдық, банктік қызмет кірмейді. Сақтандыру рыногында операциялардың көбін сақтандыру делдалдары жүргізеді.

3. Сақтандыру агенттері – сақтандырушы атынан және оның тапсырмасымен берілген өкілеттігіне сәйкес әрекет ететін заңды немесе жеке тұлға. Олар бір сақтандыру компаниясының мүддесін білдіреді және өздерінің комиссиялық сыйақысын алады.

4. Сақтандыру брокерлері – сақтандырушы атынан және сақтандырушы мүдделерін білдіретін, өз атынан сақтандыру бойынша делдал қызметті кәсіпкер ретінде жүзеге асыратын, бекітілген ережеде тіркелген заңды және жеке тұлға.

Сақтандыру рыногының функциялары:

- реттеушілік, басқа да рыноктар сияқты мемлекет тарапынан реттеледі;
- коммерциялық, сақтандыру операцияларын жүзеге асырудан түсетін табысты қамтамасыз етеді;
- бағалық функциясы, компанияның сақтандыру қызметтеріне бағалардың қалыптасуын қамтамасыз етеді;
- сенімділік функциясы, сақтандыру операциялары қандай да бір жағымсыз жағдайлар туғанда беріктілік пен сенімділікті қамтамасыз етеді.

Сақтандыру тауар мен қызметтердің рынокта еркін қозғалысын қамтамасыз ететін мекемелер мен ұйымдарды біртұтас жүйе ретінде қарастыратын сақтандыру рыногының инфрақұрылымы болып табылады.

Сақтандыру классификациясы – бұл өзара байланысқан сақтандыру қатынастарының бөліктерінің иерархиялық бағыттағы жүйесі.

Міндетті сақтандыру заң негізінде қоғамдық тұтастық позициясында жүзеге асырылады. Міндетті сақтандыру саласына:

- жолаушылардың әуе, теміржол, теңіз, ішкі су және автомобиль транспортында жеке міндетті сақтандыру;
- әскери қызметті, әскери міндеттегі азаматтарды мемлекеттік жеке міндетті сақтандыру;
- салық қызметінің қызметкерлерін мемлекеттік міндетті жеке сақтандыру;
- кеден органдарының лауазымды тұлғаларын мемлекеттік міндеттік жеке сақтандыру;
- СПИД-ке шалдыққан жағдайда медициналық және ғылыми қызметкерлерді жеке сақтандыру;
- ҚР азаматтарын міндетті медициналық сақтандыру;
- қауіпті жұмыс шартымен жұмыс істейтін кәсіпорындардағы жұмысшыларды міндетті сақтандыру (өрт қауіпсіздігі қызметі, азаматтық авиация, төтенше жағдай қызметінің құтқарушылары).

Ерікті сақтандыру заң негізінде және ерікті негізде жүргізіледі. Сақтандырудың жалпы шарттары заңмен анықталады.

Сақтандыру компаниясы коммерциялық ұйым болып табылады. Ол өзінің қызметін лицензия негізінде сақтандыру келісімшарттарын жасау және орындау бойынша жүзеге асырады.

Көбіне сақтандыру компаниялары акционерлік қоғам түрінде құрылады. Өйткені сақтандыру бизнесіне капитал тарту формасы, бағалы қағаздар шығару, сату-орналастыру акционерлендіру механизмі арқылы құрылтайшылардың ақша нормалары есебінен құруға ашық акционерлік қоғам тиімді болып табылады.

Сақтандыру компаниясының қаржы тұрақтылығы оның жеке капиталының мөлшерімен анықталады. Олар: жарғылық қор, резервтік қор, бөлінбеген пайда және таза пайдадан жинақтау қоры және тұтыну қоры. Жарғылық қор сақтандыру қоғамының акционерлердің акцияға төлемі түріндегі түсімдер есебінен құралады.

Сақтандыру резервтері – сақтандырушыға сақтандыру төлемдерін төлеу үшін жұмсалатын сақтандыру жарналарынан құрала-тын арнайы қорлар.

Баланс – сақтандыру компаниясының міндеттемелері, мүлік-тік, қаржылық ақпарат береді.

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы «Сақтандыру қызметі туралы» №126-ІІ Заңының 4-бабында сақтандырудың және сақтандыру қызметінің анықтамалары берілген.

1. Сақтандыру дегеніміз – сақтандыру ұйымы өз активтері есебінен жүзеге асыратын сақтандыру төлемі арқылы сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру жағдайы немесе өзге де оқиғалар туындаған кезде жеке немесе заңды тұлғаның заңды мүлкітік мүдделерін қорғауға байланысты қатынастар кешені.

2. Сақтандыру қызметі – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасау мен орындауға байланысты, Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес уәкілетті органның лицензиясы негізінде жүзеге асырылатын қызметі, сондай-ақ өзара сақтандыру қоғамдарының сақтандыру шарттарын жасасуға және орындауға байланысты, Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес лицензиясыз жүзеге асырылатын қызметі.

Сақтандырудың қызметтері:

1. Ақша қаражаттарындағы мамандандырылған сақтандыру қорларын қалыптастыру.

2. Шеккен зияны мен шығыны бар азаматтарды жеке материалдық қамтамасыз ету.

3. Қаржы саласындағы бөлу қызметін атқарады:

– тәуекелдік қызметі;

– ескерту қызметі;

- бақылау қызметі;
- жинақтау қызметі.

Осы заңның 10-бабында сақтандыру рыногының қатысушылары ретінде келесілер көрсетілген: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы; сақтандыру брокері; сақтандыру агенті; сақтанушы, сақтандырылушы, пайда алушы; актуарий; тәуелсіз актуарий; тәуелсіз бағалаушы; андеррайтер; аджастер; сюрвейер; сақтандыру омбудсманы; сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокерлерінің бірлестігі; актуарийлер бірлестігі; сақтандырумен байланысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын өзге де жеке және заңды тұлғалар болып табылады [37].

Бүгінде Қазақстан Республикасында сақтандырудың екі түрі бар:

- міндетті;
- ерікті.

Міндетті – заңмен бекітілген және оның талабын орындауға барлық адам міндетті, яғни адамдардың белгілі әрекетпен айналысуға қойылатын заң жүзіндегі талап.

Ерікті адамдардың жеке өмірі және шаруашылық жағдайындағы мүліктік мүдделерін әртүрлі жағдайлардан қорғауға деген қажеттіліктен туындайды.

Ерікті сақтандыру: мүліктік және жеке деп екіге бөлінеді. Жеке сақтандыру азаматтың өмірін, денсаулығын, еңбекке қабілеттігін және жеке басына байланысты өзге де әртүрлі жағдайлардан қорғауға деген қажеттіліктен туындайды:

- жазатайым оқиғалардан;
- аурудан;
- өмірде белгілі оқиғалардың басталуына байланысты;
- өмірді сақтандыру.

Мүлікті сақтандыру және жауапкершілікті сақтандыру. Мүлікті сақтандыру – заңды және жеке тұлғалардың жылжымайтын мүліктерін, көліктерін, малын, үй мүліктерін, ауылшаруашылық өнімдерін, қондырғыларын, шикізат және т.б. сақтандыруда туындайтын қатынас.

Жауапкершілікті сақтандыру – бұл көлік иелерінің азаматтық құқықтық жауапкершілігін сақтандыру, жұмыс берушінің жұмысшылар алдындағы жауапкершіліктерін сақтандыру, кәсіпорындардың 3-тұлғаға тигізетін залалдарын сақтандыру және т.б. заңды және жеке тұлғалардың заң жүзінде туындайтын азаматтық құқықтық жауапкершіліктерін сақтандыруға байланысты қатынас.

16-кесте

**Қазақстан Республикасының  
сақтандыру рыногының құрылымы**

| <b>Сақтандыру секторының институционалдық құрылымы</b>  | <b>01.12.2013</b> | <b>01.12.2014</b> |
|---|-------------------|-------------------|
| Сақтандыру ұйымдарының саны   | 34                | 34                |
| оның ішінде өмірді сақтандыру бойынша   | 7                 | 7                 |
| Сақтандыру брокерлерінің саны   | 14                | 15                |
| Актуарийлердің саны   | 72                | 71                |
| «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қағысушысы болып табылатын сақтандыру ұйымдарының саны | 30                | 30                |
| ҚР резиденті емес сақтандыру ұйымдары өкілдерінің саны  | 3                 | 3                 |

*Дерек көзі:* ҚР ҰБ ресми интернет ресурсы. Сақтандыру рыногының субъектілерін қадағалау департаментінің мәліметтері негізінде. [www.Nationalbank.kz](http://www.Nationalbank.kz).

16-кестедегі 2014 жылдың желтоқсан айындағы статистикалық мәліметтер бойынша Қазақстанда 34 сақтандыру ұйымы жұмыс жасайды. Актуарийлердің саны – 71. 2013 жылмен салыстырғанда 2014 жылы сақтандыру рыногының құрылымы көрсеткіштерінде өзгеріс жоқ.


Қазақстандағы сақтандыру ұйымдары келесілер: «“Альянс Полис” СК» АҚ; «Kaspi Сақтандыру» АҚ; «“АСКО” СК» АҚ; «“Сәлем” СК» АҚ (бұрынғы «“Алатау” СК» АҚ); БТА Банкінің еншілес компаниясы «БТА Страхование» АҚ; «“БТА Өмір” БТА Банкінің өмірді сақтандыру жөніндегі еншілес компаниясы» АҚ; «“Trust Insurance” сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы; «“Виктория” СК» АҚ; «“КазЭкспортГарант” Экспорттық кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ; «“Евразия” Сақтандыру компаниясы» АҚ; «Астық сақтандыру компаниясы» Акционерлік Қоғамы; «ДСЖМСҚК “Интертич”» АҚ; «“Халық-Қазахинстрах” Қазақстан Халық банкінің еншілес сақтандыру компаниясы» АҚ; «“Мемлекеттік аннуитеттік компания” Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ; «“Қазақмыс” СК» АҚ; «“Казкоммерц-Полис” СК» («Казком-



мерцбанк» АҚ еншілес ұйымы); «Коммеск-Өмір» СК» АҚ; «БТА Банкі» АҚ еншілес ұйымы СК, «Лондон-Алматы» СК» АҚ; «Нұрбанк» АҚ еншілес ұйымы «Нұрполис» СК» АҚ; «Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ; «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ; «СЕНТРАС ИНШУРАНС» СК» АҚ; «ТрансОйл» СК» АҚ; «Цеснабанк» АҚ ЕҰ «Цесна Гарант» СК» АҚ; «Чартис Қазақстан Сақтандыру Компаниясы» АҚ; «Қазақстан Халық Банкі Еншілес ұйымы “Халық-Life”» АҚ; «Қазкоммерц-Life» ӨСК» («Қазкоммерцбанк» АҚ-ның еншілес ұйымы); Өмірді Сақтандыру Компаниясы «Еуропалық Сақтандыру Компаниясы Акционерлік Қоғамы»; «Amanat Insurance» СК» АҚ; «Kompetenz» СК» АҚ (бұрынғы «Allianz Kazakhstan» Сақтандыру компаниясы АҚ); «Архимедес Қазақстан» МСК» АҚ; «STANDARD» СК» АҚ (бұрынғы «Астана-Финанс» СК» АҚ); «НОМАД LIFE» Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ; «Grandes» Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ. Ал сақтандыру ұйымдарының елімізде 326 филиалдар желісі бар.

16-кестеде көрсетілгендей, елімізде 2013 жылдың аяғында брокерлер саны 14 болса, 2014 жылдың желтоқсанында 15 болды, олар: «RIAL» Сақтандыру брокері» ЖШС; Сақтандыру брокері ЖШС «Insurance Brokerage Services»; «General Broker» Сақтандыру брокері; «Сақтандыру брокері “e-kz.com”» ЖШС; «Сақтандыру брокері “Aon Kazakhstan”» ЖШС; «Марш (сақтандыру брокері)» ЖШС; «GrECo JLT Kazakhstan» Сақтандыру брокері» ЖШС; «Сақтандыру брокері “Аксиом”» ЖШС; «Сақтандыру брокерлік компаниясы “UIB Kazakhstan”» ЖШС; «СНГ Риск Консалтант Компани (сақтандыру брокері)» ЖШС «“SP Malakut” Сақтандыру брокері» ЖШС; «Сақтандыру брокері “Cinco Group Central Asia”» ЖШС; «МОИ» Сақтандыру брокері» ЖШС; «Сақтандыру брокері “Авангард”» ЖШС; «Сақтандыру брокері “Risk Management Consulting Group”» ЖШС.


Төменде 9-диаграммада сақтандыру төлемдерінің динамикасы берілген. Елімізде міндетті сақтандыру бойынша 2013, 2014 жылдардың көрсеткіштері бірдей, 2012 жылмен салыстырғанда 24%-ға өскен. Ерікті жеке сақтандыру 2014 жылы 2012 жылмен салыстырғанда 51,6%-ға төмендеген. Ерікті мүліктік сақтандыру 2012 жылдан кемімелі динамиканы көрсетіп, 31,4%-ға төмендеген.



Дерек көзі: ҚР ҰБ ресми интернет ресурсы. Сақтандыру нарыгының субъектілерін қадағалау департаментінің мәліметтері негізінде. [www.Nationalbank.kz](http://www.Nationalbank.kz).

### 9-диаграмма. Сақтандыру төлемдерінің динамикасы (млрд теңге)

Шетелдерде қайта сақтандыру компаниялары сақтандыру рыногының міндетті қатысушылары болып табылады. Олар сақтандыру ұйымдарына қарағанда жоғары тұрақтылыққа ие, жеке жарғылық капиталының көлемі үлкен, шаруашылықтың, бизнестің және коммерцияның түрлі салаларына инвестицияланған үлкен ресурстары бар, мамандандырылған компаниялар болып табылады. Қазір әлемде 250 кәсіби қайта сақтандыру компаниясы жұмыс жасайды. Жетекші компаниялар болып, «Мюнхен Ре» (ГФР), «Свиес Ре» (Швейцария), «Женерал Ре Групп» (АҚШ) және т.б.



Дерек көзі: ҚР ҰБ ресми интернет ресурсы. Сақтандыру рыногының субъектілерін қадағалау департаментінің мәліметтері негізінде. [www.Nationalbank.kz](http://www.Nationalbank.kz).

### 10-диаграмма. Активтердің, меншікті капиталдың және сақтандыру резервтерінің динамикасы (млрд теңге)

10-диаграммадан сақтандыру резервтері 2012 жылмен салыстырғанда 2014 жылы 37%-ға, 2013 жылмен салыстырғанда 12,3%-ға өсіп отыр. Меншікті капитал да өспелі динамикалы, 2014 жылы 13,4%-ға өсіп отыр.

Төменде Қазақстан сақтандыру секторының жиынтық активтерінің құрылымы берілген.

17-кесте


## ҚР сақтандыру секторының жиынтық активтерінің құрылымы

| Активтер   | 01.12.2013       |                   | 01.01.2014       |                   | 01.12.2014       |                   | Жылдың басынан бастап өзгерістері, %-бен |
|--|------------------|-------------------|------------------|-------------------|------------------|-------------------|--|
|  | млн теңге        | жиынтығында %-бен | млн теңге        | жиынтығында %-бен | млн теңге        | жиынтығында %-бен |  |
| Ақша   | 19 042,4         | 3,7               | 19 578,8         | 3,7               | 13 566,8         | 2,3               | -30,7                                    |
| Орналастырылған салымдар                                     | 125 770,1        | 24,2              | 128 279,4        | 24,5              | 145 947,6        | 24,7              | 13,8                                     |
| Бағалы қағаздар  | 266 754,6        | 51,2              | 269 004,3        | 51,4              | 292 229,1        | 49,4              | 8,6                                      |
| «Кері РЕПО» операциясы                                       | 6 931,1          | 1,3               | 10 902,3         | 2,1               | 23 296,9         | 3,9               | 113,7                                    |
| Сақтанушылар мен делдалдардан алынатын сақтандыру сыйақылары | 20 101,5         | 3,9               | 18 302,7         | 3,5               | 22 914,7         | 3,9               | 25,2                                     |
| Негізгі қаражат  | 9 074,9          | 1,7               | 9 179,4          | 1,8               | 10 128,1         | 1,7               | 10,3                                     |
| Қайта сақтандыру активтері                                   | 49 034,3         | 9,4               | 46 530,7         | 8,9               | 58 071,9         | 9,8               | 24,8                                     |
| Өзге дебиторлық берешек                                      | 14 542,0         | 2,8               | 12 720,5         | 2,4               | 13 562,3         | 2,3               | 6,6                                      |
| Басқа активтер   | 9 312,5          | 1,8               | 8 844,0          | 1,7               | 12 252,7         | 2,1               | 38,5                                     |
| <b>Жиынтығы</b>  | <b>520 563,4</b> | <b>100,0</b>      | <b>523 342,1</b> | <b>100,0</b>      | <b>591 970,2</b> | <b>100,0</b>      | <b>13,1</b>                              |

Дерек көзі: ҚР ҰБ ресми интернет ресурсы. Сақтандыру нарығының субъектілерін қадағалау департаментінің мәліметтері негізінде. [www.Nationalbank.kz](http://www.Nationalbank.kz).

17-кестеге сәйкес, Қазақстанда 2014 жылғы 1 желтоқсанда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 591 970,2 млн теңге болды, бұл 2014 жылғы 1 қаңтардағы ұқсас көрсеткіштен 13,1%-ға көп және 2013 жылғы 1 желтоқсандағы ұқсас көрсеткіштен 13,7%-ға көп. Сақтанушылар мен делдалдардан алынатын сақтандыру сыйақылары 2013, 2014 жылғы желтоқсандағы көрсеткіштер бірдей дерлік.

2014 жылдың басынан бастап активтердің өсуі, негізінен, бағалы қағаздардың 8,6%-ға, орналастырылған салымдардың 13,8%-ға және қайта сақтандыру активтерінің 24,8%-ға ұлғаюы есебінен байқалады.



Дерек көзі: ҚР ҰБ ресми интернет ресурсы. Сақтандыру нарығының субъектілерін қадағалау департаментінің мәліметтері негізінде. [www.Nationalbank.kz](http://www.Nationalbank.kz).

**11-диаграмма.** Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйақыларының түсімі (млн теңге)

«Өмірді сақтандыру» саласы. 2014 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйақыларының көлемі 40 831,7 млн теңге болды, бұл өткен жылдың ұқсас күніне қарағанда 23,1%-ға аз. «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйақыларының жиынтық сыйақылардағы үлесі есепті күні 2013 жылғы 1 желтоқсандағы 22,7%-ға қарсы 19,1% болды.

«Жалпы сақтандыру» саласы. 2014 жылғы 11 айда «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйақыларының көлемі 173 243,9 млн теңге болды, бұл 2013 жылдың ұқсас күніне қарағанда 4,3%-ға аз.

Көп елдерде ерікті сақтандыру сыйақысы сақтандыру компаниясы сыйақысының 50-80%-ын құраса, Қазақстанда небәрі 2% ғана. Ол жан басына шаққанда 4 АҚШ долларын құраса, дамыған елдерде, АҚШ-та – 1661 АҚШ долл., Жапонияда – 2528 АҚШ долл., Ұлыбританияда – 2725 АҚШ долл., Швейцарияда – 3291 АҚШ долл. [38].

Еліміздегі сақтандыру секторының мәселелері:

- ұзақ мерзімді және жинақтаушы сақтандырумен қатар, ерікті сақтандыру бойынша көрсетілетін қызметтердің шектеулілігі;
- сақтандыру өнімдерінің салыстырмалы қымбаттылығы;
- жеке сақтандыру ұйымдарының жеткіліксіз белсенділігі;
- сақтандыруға деген қызығушылықтың және сенімнің төмендігі;
- сақтандыруда кездесетін алаяқтық.

#### **«Капиталдар рыногының инфрақұрылымы» бөлімі бойынша білімді бағалау түрлері**

##### **СӨЖ сұрақтары**

1. Бағалы қағаздар: мәні, құрылымы және түрлері.
2. Қор биржасының ұйымдық-басқару құрылымы.
3. Бағалы қағаздардың әлемдік рыноктары.
4. Брокерлер мен дилерлер, биржалық комиссар қызметтері.
5. Екі деңгейлі банк жүйесі: құрылуы, даму перспективасы.
6. Жинақтаушы зейнетақы қорлары.
7. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры.
8. Инвестициялық банктер мен қорлар.
9. Сақтандырудың мәні және классификациясы.
10. Траст-компаниялар. Сенімді операциялар.
11. Лизингтік компания. Лизингтің негізгі функциялары.
12. Пайлық инвестициялық қорлар.
13. Сақтандырудың мәні және классификациясы
14. Қазақстанда сақтандыру рыногының құрылуы.
15. Сақтандыру түрлері; жеке, мүліктік, жауапкершілікті қайта сақтандыру.
16. Сақтандыру рыногының негізгі қатысушылары.

##### **Рефераттар мен баяндамалар тақырыптары**

1. Қазақстандағы қор рыногы дамуының болашағы мен проблемалары.
2. Биржа индекстері: Доу-Джонс индексі және басқалар.
3. Корпоративтік бағалы қағаздар эмиссиясы.
4. «Бағалы қағаздар рыногы туралы» ҚР-дың заңы.

5. ҚР бағалы қағаздар рыногы: қазіргісі және даму болашағы.
6. Қор рыногындағы банктердің рөлі.
7. Кассалық, фьючерстік операциялар.
8. Биржа қызметінің технологиясы: котировка, листинг.
9. Қор биржасының ұйымдық құрылымы.
10. Мамандандырылған банктер: мәні және белгілері.
11. Ссудалық жинақтау ассоциациялары. Несиелік одақтар.
12. ҚР-дағы банктік жүйенің қазіргі жағдайы.
13. Ұлттық банк жүргізетін саясаттың маңыздылығы.
14. Негізгі инвестициялық институттар және даму тенденциялары.
15. Жеке және мемлекеттік зейнетақы қорлары.
16. Зейнетақының мәні және түрлері.
17. Сақтандырудың маңызы мен проблемалары.
18. Сақтандыру қызметі және оның қаржылық аспектілері.
19. ҚР сақтандыру қызметінің даму мәселелері.
20. ҚР сақтандыру рыногына сипаттама.
21. Сақтандыру компанияларының қызметін талдау.

### Тест тапсырмалары

#### 1. Бағалы қағаздар сатып алынатын және сатылатын рынок орны:

- А) қор биржасы
- Ә) валюта биржасы
- Б) тауар биржасы
- В) еңбек биржасы
- Г) капиталдар рыногы

#### 2. Қор биржасы алғаш пайда болды:

- А) XVI ғасырда Антверпенде
- Ә) XIX ғасырда Англияда
- Б) XVII ғасырда Амстердамда
- В) XVIII ғасырда Франкфуртте
- Г) XVI ғасырда Францияда

#### 3. Қор биржасының негізгі секторы:

- А) мерзімді шарттар рыногы
- Ә) акциялар және облигациялар рыногы
- Б) мемлекеттік бағалы қағаздар рыногы
- В) барлық жауап дұрыс
- Г) дұрыс жауап жоқ

#### 4. Қор биржасы мүмкіндік туғызады:

- А) мемлекеттік бюджеттің шығындарын қысқартуға
- Ә) өндіріс факторларының технологиялық базасын жаңартуға
- Б) қаржы рыногына капиталдың қайта құйылуына
- В) еңбек, капитал ресурстарының сапалық тұрғыда артуына
- Г) жұмыссыздық деңгейін төмендетуге

- 5. Эмиссия дегеніміз не?**  
А) экономикалық және қаржылық кеңес беру  
Ә) ақша айналымын реттеу  
Б) уақытша бос ақша қаражатын тарту  
В) кәсіпорындарға ұзақ мерзімді несие беру  
Г) айналысқа ақша белгілерін шығару
- 6. Ашық инвестициялық қорлар активтерінің сақталуы мен есепке алынуын төмендегілердің қайсысы жүзеге асырады?**  
А) банктер  
Ә) брокерлер  
Б) кастодиан  
В) регистратор  
Г) орталық депозитарийлер
- 7. Салық кодексі бойынша Қазақстанда қанша салық түрі бар?**  
А) 9  
Ә) 7  
Б) 11  
В) 5  
Г) 12
- 8. ҚР салық жүйесінің дамуын неше кезеңге бөліп қарастырады?**  
А) 5  
Ә) 3  
Б) 2  
В) 4  
Г) 6
- 9. Қор биржасының негізгі мүшелерінің бірі – брокерлердің бағалы қағаздар нарығында атқаратын қызметінің негізгісін көрсетіңіз:**  
А) өз есебінен ақша жұмсап алыпсатарлықпен айналысады  
Ә) клиенттің есебінен және соның атынан делдал ретінде операцияларға қатысады  
Б) ақпараттық және ұйымдастырушылық қызметтерді жүзеге асырады  
В) бағалы қағаздардың сапалылығы мен сенімділігіне тексеру жүргізеді  
Г) бағалы қағаздар рыногында аудиторлық қызметпен айналысады
- 10. Қазақстан Республикасының эмиссиялық банкі:**  
А) Қазкоммерцбанк  
Ә) БТА банк  
Б) Ұлттық Банк  
В) АТФ банк  
Г) Альянс банк
- 11. Салықтардың қандай функциялары бар?**  
А) фискалдық, ұдайы өндірістік, реттеу  
Ә) бақылау және ынталандырушы

- Б) фискалдық, ынталандырушы, қайта бөлу
  - В) фискалдық, реттеушілік, бақылау
  - Г) фискалдық, қайта бөлу, реттеу
- 12. Салық салу көзі дегеніміз –**
- А) салық салынатын табыс
  - Ә) салық салу бірлігі
  - Б) салық базасы
  - В) салық субъектісі
  - Г) салық оклады
- 13. Заң бойынша салық төлеушіні салықтың бір бөлігінен немесе салық төлеуден толық босату ... деп аталады.**
- А) салық алымдары
  - Ә) салық оклады
  - Б) салық жеңілдіктері
  - В) салық қойылғымы
  - Г) салық объектісі
- 14. Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы, инвестициялық қоржынды (портфельді) лицензияның негізінде инвестициялық қорлар активтерін сенімгерлікпен басқаруды жүзеге асырушы:**
- А) банктер
  - Ә) сақтандыру компаниялары
  - Б) қор биржасы
  - В) брокерлер
  - Г) басқарушы компаниялар
- 15. Объектісі бойынша сақтандырудың түрлері келесідей:**
- А) өмір, денсаулық және мүлкітік
  - Ә) ерікті және міндетті
  - Б) негізгі және туынды
  - В) жалпы және міндетті
  - Г) жеке және жалпы
- 16. ҚР-дың сақтандыру ұйымдарындағы шетелдік инвесторлардың жарғылық қордағы үлесі неше пайыздан аспауы керек?**
- А) 30%
  - Ә) 50%
  - Б) 70%
  - В) 40%
  - Г) 20%
- 17. Биржада сатылуға жіберілетін бағалы қағаздардың тізілімі:**
- А) делистинг
  - Ә) клиринг
  - Б) корреспонденция



- В) листинг
- Г) индекс

**18. Қор биржасы неше сектордан тұрады?**

- А) 4
- Ә) 3
- Б) 5
- В) 2
- Г) 6

**19. Қор биржасының кемінде неше мүшесі болуы тиіс?**

- А) 3
- Ә) 5
- Б) 15
- В) 10
- Г) 20

**20. Ұлыбританиядағы негізгі қор индексі:**

- А) Доу-Джонс
- Ә) Стандарт энд Пурс
- Б) Файненшил Таймс
- В) Дакк
- Г) Вэлью Лайн

**21. Қор биржасының кәсіби қатысушылары:**

- А) аудитор, консалтинг
- Ә) регистратор, депозитарий
- Б) брокер, дилер
- В) коммерциялық банктер
- Г) сақтандыру компаниялары, зейнетақы қорлары

**22. Ең алғашқы қор индексі қашан және қайда жасалынған?**

- А) 1881 жылы Ресейде
- Ә) 1886 жылы Италияда
- Б) 1884 жылы АҚШ-та
- В) 1895 жылы Жапонияда
- Г) 1889 жылы Германияда

**23. Қор биржасының қызметіне жатпайды:**

- А) сауда жүйесін ақпараттық қамтамасыз ету және пайдалану
- Ә) өз мүшелеріне сауда жасау жүйесіне енуді немесе пайдалануды қамтамасыз ету
- Б) кеңес беру, ақпараттық, ұйымдастырушылық
- В) бағалы қағаздарды сақтандыруды жүзеге асыру
- Г) бағалы қағаздармен байланысты аналитикалық зерттеулерді жүзеге асыру

- 24. ... дегеніміз – белгілі бір орында, белгілі бір мерзімде белгіленген ережеге сай ақпараттық-техникалық сауда жасау жүйесі қамтамасыз етілген ұйымдастырылған рынок.**
- А) қор биржасы
  - Ә) биржалық қызмет
  - Б) бағалы қағаздар биржасы
  - В) биржалық үлес
  - Г) тауар биржасы
- 25. Ең алғаш биржалық индексті ғылыми айналымға енгізген:**
- А) Чарльз Доу
  - Ә) Фон Нейман
  - Б) Доу Джонс
  - В) А. Смит
  - Г) П.Н. Розенштейн-Родан
- 26. ҚР қор рыногы қай үлгіге жатады?**
- А) банктік үлгі
  - Ә) банктік емес үлгі
  - Б) аралас үлгі
  - В) аталған үлгілердің барлығы
  - Г) ешқандай үлгіге жатпайды
- 27. Бағалы қағаздардың қалыпты айналымы үшін қажетті жағдайлардың жұмысын қамтамасыз ететін ұйым қалай аталады?**
- А) тауар биржасы
  - Ә) қор биржасы
  - Б) биржаның жоғарғы органы
  - В) акционерлік қоғам
  - Г) аудиторлар палатасы
- 28. Тарихта қор биржасында бағалы қағаздардың сатылуы қай жылдан басталады?**
- А) 1590 жыл
  - Ә) 1550 жыл
  - Б) 1592 жыл
  - В) 1530 жыл
  - Г) 1563 жыл
- 29. Жеке құқықтық сипаттағы қор биржасының классикалық мысалы ретіндегі әлемдегі ең байырғы қор биржасы болып есептеледі:**
- А) Лондон қор биржасы
  - Ә) Париж қор биржасы
  - Б) Нью-Йорк қор биржасы
  - В) Токио қор биржасы
  - Г) Австрия қор биржасы

- 30. Қор биржасының көп орталықтандырылған жүйелері жұмыс істейтін аймақтарды көрсетіңіз:**
- А) Германия, АҚШ, Канада, Швейцария
  - Ә) Германия, Австрия, Канада, Швейцария
  - Б) Ұлыбритания, Германия, Канада, Жапония
  - В) Канада, Жапония, Германия, Ұлыбритания
  - Г) Ұлыбритания, Канада, Жапония, Германия
- 31. Көрсететін қызметтеріне байланысты банктердің түрлері төмендегідей:**
- А) инвестициялық және инновациялық
  - Ә) аймақтық және аймақаралық
  - Б) республикалық және халықаралық
  - В) лизингтік және аудиторлық
  - Г) мемлекеттік және мемлекеттік емес
- 32. Несиелік-қаржылық институттарға төмендегілердің қайсысы жатады?**
- А) көтерме сауда ұйымдары
  - Ә) тауар биржалары
  - Б) дүкендер мен қоймалар
  - В) траст-компаниялар мен сақтандыру компаниялары
  - Г) туристік компаниялар
- 33. Лизинг дегеніміз не?**
- А) шағын және орта бизнеске көмек көрсететін компаниялар
  - Ә) фискалдық және трансферттік агенттіктер
  - Б) сертификаттау процесі
  - В) қаржылық есептің ерекше бір түрі
  - Г) ұзақ мерзімді жалдау шарты
- 34. Жанама салыққа келесілердің қайсысы жатады?**
- А) қосылған құн салығы
  - Ә) қорпоративті табыс салығы
  - Б) заңды тұлғалардың мүлік салығы
  - В) жеке табыс салығы
  - Г) жеке тұлғалардың мүлік салығы
- 35. ҚР салық жүйесінің біртұтастығы қалай анықталады?**
- А) ҚР мемлекет және әрбір салық төлеуші ортақ салықтардың біртұтас жүйесі ретінде әрекет етеді
  - Ә) мемлекеттік органдар салықтарды бекітеді және өзгертеді
  - Б) салық төлеу салық төлеушілерге міндетті болып табылады
  - В) ҚР салық органдарының жүйесі республикаға бағынатын біртұтас орталықтандырылған жүйе болып табылады
  - Г) ҚР Президентінің арнайы Жарлығы негізінде анықталады

**36. Салық қызметі –**

- А) бюджеттің табыс бөлігінің орындалуына жауап беретін бірден-бір мемлекеттік орган
- Ә) мемлекет табысын бөлуге, қайта бөлуге жауапты мемлекеттік орган
- Б) салық заңдылығының тиімділігіне жауапты орган
- В) салық заңдарының орындалуын бақылайтын орган
- Г) барлық жауап дұрыс

**37. Корпорациялық табыс салығын ... төлейді.**

- А) коммерциялық банктер
- Ә) резидент заңды тұлғалар
- Б) мемлекеттік мекемелер
- В) резидент жеке тұлғалар
- Г) жеке кәсіпкерлер

**38. Ең алғашқы бағалы қағаз қайда пайда болды және оның нысаны қандай?**

- А) ежелгі Римде, варрант түрінде
- Ә) ежелгі Грекияда, акция түрінде
- Б) ежелгі Венецияда, облигация түрінде
- В) ежелгі Кипрде, варрант түрінде
- Г) ежелгі Францияда, опцион түрінде

**39. Салық төлеушінің белгілі бір объектісінен төлейтін салық сомасы:**

- А) салық оклады
- Ә) салық өлшем бірлігі
- Б) салық объектісі
- В) салық ставкасы
- Г) салық субъектісі

**40. ... жанама салықтарға жатады.**

- А) корпоративті салық
- Ә) акциз, жеке табыс салығы
- Б) көлік салығы, акциз
- В) қосылған құн салығы, әлеуметтік салық
- Г) қосылған құн салығы, акциз

**41. Салық салу элементіне жатпайды:**

- А) субъект
- Ә) объект
- Б) салық ставкасы
- В) акша
- Г) салық оклады

**42. Келесілердің қайсысы туынды бағалы қағаздарға жатады?**

- А) барлық жауап дұрыс
- Ә) мемлекеттік облигация

- Б) корпоративті облигация
- В) акция
- Г) опцион

**43. Салықтың түсінігі:**

- А) шаруашылық жүргізуші субъектілерді
- Ә) акционерлік қоғамдар қызметінің ұйымдық нысаны
- Б) мемлекет белгілейтін, белгілі бір мөлшерде және мерзімде мемлекетке төленетін төлем
- В) қазынашылық кәсіпорын
- Г) мемлекеттен алынатын ақшалай төлем

**44. Салық салу элементінің дұрыс емес жауабын табыңыз:**

- А) субъект және объект
- Ә) салық көзі және салық салу бірлігі
- Б) салық ставкасы, салық төлеу мерзімі мен тәртібі
- В) салық салу қағидалары
- Г) салықтық жазалау шаралары

**45. Мүліктік құқықты куәландыратын белгілі бір жазбалар мен басқа да белгілеулердің жиынтығы –**

- А) инвестициялық портфель
- Ә) қор биржасының операциялары
- Б) қор биржасының индекстері
- В) туынды бағалы қағаздар
- Г) бағалы қағаздар

**46. Бағалы қағаздар қанша түрге бөлінеді?**

- А) 3
- Ә) 4
- Б) 2
- В) 5
- Г) бағалы қағаздар тек бір түрлі болып келеді

**47. Негізгі бағалы қағазға келесілердің қайсысы жатады?**

- А) облигация
- Ә) опцион
- Б) варрант
- В) фьючерс
- Г) форвард

**48. Акция –**

- А) инвестициялық портфель
- Ә) бағалы қағаздарға қатысты құқықтарды растайтын құжат
- Б) қолма-қол ақша
- В) қарыздық бағалы қағаз
- Г) үлестік бағалы қағаз

**49. Жүргізетін операциясына қарай банктер бөлінеді:**

- А) жай және күрделі
- Ә) арнайыландырылған, мамандандырылған
- Б) әмбебап, мамандандырылған
- В) салалық, салааралық
- Г) республикалық және халықаралық

**50. Дүниежүзілік банк (Дж.банк) өз жұмысын ... жылы бастады.**

- А) 1950 жылы
- Ә) 1946 жылы
- Б) 1945 жылы
- В) 1947 жылы
- Г) 1944 жылы

**51. Дамушы елдердегі жан басына шаққандағы ЖҰӨ қандай сомдан асқанда ғана бұл ел халықаралық қайта құру және даму банкінен несие алуға мүмкіндігі бар?**

- А) 2000 АҚШ долл.
- Ә) 1500 АҚШ долл.
- Б) 1000 АҚШ долл.
- В) 1200 АҚШ долл.
- Г) 2500 АҚШ долл.

**52. Еуропа қайта құру және даму банкі (ЕҚҚДБ) қашан құрылған?**

- А) 1989 жылы 29 мамыр
- Ә) 1991 жылы 29 мамыр
- Б) 1990 жылы 29 мамыр
- В) 1992 жылы 29 мамыр
- Г) 1993 жылы 29 мамыр

**53. ЕҚҚДБ-нің штаб-пәтері қай қалада орналасқан?**

- А) Парижде
- Ә) Лондонда
- Б) Берлинде
- В) Брюссельде
- Г) Мадридте

**54. Азия Даму Банкі (АДБ) қашан құрылған?**

- А) 1970 жылы
- Ә) 1975 жылы
- Б) 1968 жылы
- В) 1966 жылы
- Г) 1965 жылы

**55. АДБ-нің штаб-пәтері қай қалада орналасқан?**

- А) Сеулде
- Ә) Токиода

- Б) Алматыда
- В) Сингапурда
- Г) Манилада

**56. Ислам Даму Банкіне (ИДБ) қанша ел мүше болып табылады?**

- А) 50
- Ә) 55
- Б) 51
- В) 52
- Г) 53

**57. ИДБ-нің аймақтық кеңселерінің бірі төмендегі қалалардың қайсысында орналасқан?**

- А) Ташкент
- Ә) Астана
- Б) Алматы
- В) Абу-Даби
- Г) әл-Кувейт

**58. Сақтандыру қоғамы акционерлерінің акцияға төлемі түріндегі түсімдер есебінен құралған қор ... деп аталады.**

- А) сақтандыру қоры
- Ә) жарғылық қор
- Б) инвестициялық қор
- В) сақтандыру резервтері
- Г) жинақтау қоры

**59. ҚР-дың «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңы қашан қабылданған?**

- А) 2003 жылы 2 шілде
- Ә) 2002 жылы 2 шілде
- Б) 2000 жылы 2 шілде
- В) 2001 жылы 2 шілде
- Г) 2005 жылы 2 шілде

**60. Брокер, дилер, басқарушы компания, инвестор және эмитент – бұлардың бәрі ... деп аталады.**

- А) қор биржасының мүшелері
- Ә) қор рыногының субъектілері
- Б) қор рыногының кәсіби қатысушылары
- В) бағалы қағазға ақша салушылар
- Г) инвестициялық портфель иелері

#### **4.1. Еңбек биржасы және оның қызметтік операциялары**

Рыноктық экономикалы елдерде еңбек биржалары ерекше орын алады. Себебі мемлекеттің экономикалық саясатының ба-сым бағыттарының бірі жұмыссыздықты жойып, халықтың әл-ауқатын арттыру болса, еңбек биржасы жұмыссыздар мен жұмыс берушілерді түйістіретін орын. Басқаша айтқанда, жоғарыдағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың құралы ретінде көрінеді. Демек, еңбек биржасының қызмет етуін жандандыра түсу, оның қызметін инфрақұрылымдық, ақпараттық-коммуникациялық, тех-ника-технологиялық және құқықтық қамтамасыз ету мемлекет үшін де, сондай-ақ рыноктың басқа субъектілері үшін де тиімді әрі маңызды.

Еңбек рыногының пайда болуы мен қызмет етуі үшін оның құрамында келесідей бөліктер болуы қажет:

- еңбек рыногының субъектілері (жалдамалы еңбеккерлер жә-не олардың кәсіподағы, жұмыс берушілер және олардың ұйымдары, мемлекет және оның тиісті органдары);
- осы субъектілермен қабылданған экономикалық бағдарла-малар, стратегиялар, шешімдер мен заң нормалары;
- рыноктық механизм (жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныс, оның бағасы және бәсекелестік);
- жұмыссыздық және соған байланысты әлеуметтік төлемдер;
- рыноктың инфрақұрылымы.

Еңбек рыногының екі түрін бөліп көрсетуге болады:

1. Жұмыс күшінің территория бойынша қозғалысына бейім-делген түрі, яғни жұмыс орындарын еңбеккерлер мен фирма ара-сында ауыстыруы жолымен толтырады. Мұндай рынокты сыртқы рынок деп атайды.



2. Еңбеккерлердің фирма ішінде қозғалысына бейімделген. Мұны ішкі рынок деп атайды.

Еңбек рыногының белгілі үш моделі бар:

1. *Америкалық модель.* Америкалық моделіне экономиканың бәсекелестік жағдайын қолдау саясаты, оның шектен тыс орталықтануына жол бермеу, кәсіпкерлерді белсенділікке және қызметкерлерді жеке табысқа, ақша табуды мақсат етуге итермелеу тән. Қызметкерлер кәсіпорындар арасында жиі ауысады, оқу орындарында кәсіптік даярлау толық болады. Қордың негізгі сомасын кәсіпкерлерден түсетін салық құрайды. Бұл салық төленген жалқының белгілі бір пайызы ретінде алынады.


2. *Жапондық модель.* Бұл модельдің ерекшелігі – «өмір бойына жалдану жүйесінің» орын алуы, яғни қызметкерлер осы жүйе бойынша еңбекпен қамтамасыз етілуіне кепілдеме алады. Кепілдеме заңды түрде бекітілмеген, жалданған қызметкерлер мен кәсіпкерлердің ұзақ жыл бойы қатынастарынан туындаған нәтиже. Мұндай жүйені кәсіподақтар қолдап, фирмаға түзу ниетпен қарайды. Кейінгі жылдары Жапонияның үлкен экономикалық қиындықтарға душар болғаны белгілі. Осыған байланысты дәстүрлі «өмір бойына жұмысқа жалдану жүйесі» өзгеріске ұшырау үстінде, сәйкесінше, тұрақты жұмыспен қамтылатын адамдар саны азаюда.

3. *Шведтік модель.* Шведтік модельдің ерекшелігі – мемлекеттің белсенді түрде жұмыспен қамтамасыз ету саясатын жүргізуі. Рыноктың даму дәрежесіне қарай талдау мақсаты және де басқа қолданылатын критерийлер бойынша үш түрлі сегментке бөледі. Мысалы, еңбек қатынастарының тұрақтылығына қарай еңбек рыногын үш секторға бөледі.

Қазақстан жағдайында рыноктың инфрақұрылымы, оның ішінде еңбек рыногының инфрақұрылымы жеткілікті дамымағандықтан мемлекет өз тарапынан қолдау көрсетуі керек. Бұл ретте мемлекеттің атқаратын іс-шаралары рыноктың қызмет етуіне қажетті нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау және олардың қоғамда әрекет етуін қадағалау, заман талабына қарай жаңалап, жетілдіріп отыру, еңбек ұйымдарын республиканың барлық территориясын қамтитындай етіп орналастыру, еңбек ұйымдарына жергілікті жерде кездесетін қиындықтар мен кемшіліктерді заңға сәйкес өз бетінше шешуіне заңды түрде мүмкіндік беру, жұмыс берушілердің жұмысшылар кәсіподағымен ынтымақтастықта жұмыс

істеуіне жағдай жасау және соған итермелеу секілді бағыттарда жүргізілуі тиіс.

Келесі 12-диаграммада еліміздегі 2012 – 2014 жылдар аралығындағы жұмыссыздар саны, жұмыссыздық деңгейі берілген. Соңғы кездердегі ел экономикасының өрлеуіне байланысты жұмыссыздық деңгейі 2014 жылы алдыңғы жылдармен салыстырғанда 0,2-0,3%-ға біршама қысқарған. Сәйкесінше, жұмыссыздар саны 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда 13 мың адамға азайған. Бірақ қазіргі таңдағы әлемдік дағдарысқа сәйкес жұмыс орындарының қысқаруы жұмыссыздар армиясының толығына әкелуі мүмкін.



Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері негізінде. stat.kz.

**12-диаграмма.** Негізгі экономикалық қызметтер бойынша жұмыспен қамтылу

Қазақстанда еңбек рыногындағы саясат жүргізудің алғашқы қадамдарын көбіне пассивтік шара ретінде бағалауға болады. Ал батыс елдерінде жұмыспен қамтуда негізгі салмақ белсенді саясатқа түседі. Пассивтік шаралар, әдетте, жұмыссыздарға жәрдем ақша төлеумен ғана шектеледі. Мұндай саясат экономика құрылымының ұтымды бағытта өзгеруін тежейді. Германияда «Жұмыссыздарды қаржы жағынан қолдау орнына жұмыс бер» деген ұран кең таралған.

Дағдарыс жағдайында ел үкіметінің ұстанып отырған саясаты қайта оқыту орталықтарын ашу, шағын бизнеске жан-жақты қолдау сияқты және т.б. шаралар жиынтығынан көрінеді.

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №149 Заңы бойынша төмендегідей анықтамалар беріледі:

«Жұмыспен қамту – бұл халықты еңбекке кірісу мөлшерін, жұмысшы мен оның жеке мұқтаждықтарының қанағаттандырылу дәрежесін көрсетеді, ақы төленетін жұмыс орындарындағы табыс табудың мүмкіндігін жасайтын мемлекеттің жұмыспен қамту саясаты».

Жұмыспен қамтылу – жеке қажеттіліктерді қанағаттандырумен және жалақы немесе табыс алумен байланысты еңбек қызметі.

Жұмыссыздар – жұмыс іздеуші және жұмыс істеуге дайын, табыс әкелетін еңбек қызметімен айналыспайтын еңбекке қабілетті жастағы жеке тұлғалар.

Халықты жұмыспен қамту орталықтары – жұмыспен қамтуды қолдаудың белсенді шараларын жүзеге асыру мақсатында республикалық және облыстық мәндегі қалалардың, аудандардың жергілікті атқарушы органдарының жанынан құрылатын мемлекеттік мекеме.

Еңбек рыногы – экономикалық белсенді халыққа сұраныс пен ұсыныстың қалыптасу саласы.

Еркін таңдалған жұмыспен қамтылу – еңбекке қабілеттерін еркін пайдалану және жұмыс орны мен мамандықты еркін таңдау жолымен жүзеге асырылатын Қазақстан азаматтарының қызметтері.

Жұмыспен қамту бойынша жеке агенттіктер – заңмен тағайындалған ережеге сәйкес тіркелген жұмысқа тұрғызуға көмек беретін жеке және заңды тұлға [39].

Қазіргі уақытта жеке жұмыспен қамту агенттіктерінің (ЖЖҚА) рыногы қалыптасты деп айтуға болады және жыл сайын оның дамуында біршама сапалы және сандық өсу байқалады. Бірақ заңдық, инфрақұрылымдық, функционалды-техникалық және өзге де сипаттағы өзекті мәселелері толық шешімін тапқан жүйе деп айтуға әлі ерте. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми деректері бойынша жалпы республика бойынша көптеген жеке жұмыспен қамту агенттіктері өз қызметтерін жүзеге асырады.

Кейінгі жылдары жұмысқа орналастыру және ірі қалаларда кадрларды іріктеу бойынша коммерциялық агенттіктер санының көбею тенденциясы байқалады. Мысалы, ресми тіркелген ЖЖҚА жалпы санының шамамен 50%-ы Астана қаласында орналасқан.

Сонымен бірге бірқатар облыстарда тіркелген жеке жұмыспен қамту агенттіктерінің саны өте аз не мұндай ЖЖҚА-лар мүлдем жоқ. Мысалы, Қызылорда облысында бірде-бір жеке жұмыспен қамту агенттігі жоқ. ЖЖҚА орналасуының өңірлік дисбалансын шетелдік жұмыс күшін тартумен және Қазақстан Республикасынан жұмыс күшін шетелге шығарумен байланысты қызметті жүргізуге Министрліктің лицензияларын алған заңды және жеке тұлғалар жөніндегі соңғы деректер растайды. Жалпы аймақтық дисбаланс көбінесе, облыстық еңбек рыноктарында жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың арақатынасына сәйкес қалыптасатын нақты жағдайға байланысты болады. Бұдан басқа бірқатар шалғай облыстарда делдалдық жұмыстың бас кеңселері қалаларда тіркелген ЖЖҚА филиалдары жүзеге асырады.

Қазақстанда жеке жұмыспен қамту агенттіктерінің жұмысын реттейтін бөлек мамандандырылған заң жоқ. Сондықтан негізгі заң «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасында 2001 жылғы 23 қаңтардағы №149 Заңы болып табылады. Ол халықты жұмыспен қамту саласындағы құқықтық, экономикалық және ұйымдық қатынастарды реттейді. Заңның 10-бабында: «Жеке жұмыспен қамту агенттігінің:

1) өтініш жасаған адамдарға Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы және Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасының мәселелері бойынша консультация беруге;

2) жұмысқа орналасу мүмкіндігі туралы ақпарат беруге және өтініш жасаған адамдардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесуге;

3) жұмыс берушілер мен жұмысқа орналасқысы келетін адамдар туралы мәліметтер қалыптастыруға;

4) жұмыскерлердің жұмыс берушілердің біліктілік талаптарына сәйкес келуін ескере отырып, оларды іріктеуді жүзеге асыруға;

5) халықаралық шарттар бар болған кезде, бір елден екінші елге жұмысқа орналастыру үшін жұмыскерлер жинауды жүзеге асыруға;


6) өтініш жасаған адамдарды кәсіптік даярлау мен қайта даярлауды ұйымдастырып, бұдан кейін жұмысқа орналастыруға;

7) адамдарды шетелде жұмысқа орналастырған жағдайда, оларды әкету үшін рұқсат құжаттарын ресімдеуге құқығы бар», – деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасының еңбек рыногындағы жағдайға келер болсақ, 2014 жылдың наурызында жұмыссыздар саны 463,5 мың

адамды, жұмыссыздық деңгейі экономикалық белсенді тұрғындар санына 5,1%-ды құрады. 2014 жылдың ақпан айының аяғына қарай жұмыспен қамту органдарында тіркелгендердің саны 52,3 мың адамды немесе экономикалық белсенді тұрғындар санына 0,6%-ды құрады. Жасырын жұмыссыздық деңгейі бағалау бойынша экономикалық белсенді тұрғындар санының 0,5%-ын құрады. Тұрғындардың жан басына номиналды ақшалай табысы 2014 жылдың қаңтар – наурызында 173,3 мың теңгені құрады. 2013 жылдың қаңтар – наурызымен салыстырғанда өсім номиналды бейнеде 9,0%, нақты 3,4%-ды көрсетті. 2014 жылдың қаңтар – наурызында еңбеккерлерге аударылған орта айлық номиналды еңбекақы 108,8 мың теңгені құрады және номиналды бейнеде 7,5%-ға, нақты 1,9%-ға өсіп отыр.

2014 жылдың 3-тоқсанындағы 15 және одан жоғары жастағы экономикалық белсенді халық саны 9,1 млн адамды құрады, ол өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 0,7%-ға артық. 8,7 млн адам ел экономикасында жұмыспен қамтылды [16].



Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері негізінде. stat.kz.

**13-диаграмма.** 2012 – 2014 жылдардың 3-тоқсанындағы Қазақстан Республикасының еңбек рыногындағы негізгі индикаторлар

Жалдану бойынша жұмысшылардың негізгі үлесі кәсіпорындарда 83,6% (5,1 млн адам) жұмыспен қамтылған. Өз бетінше жұмыспен қамтылғандар саны 2,6 млн адамды құрады. Өз бетінше жұмыспен қамтылғандар санының едәуір бөлігі өз қызметтерін ауылшаруашылығында (50,6%), сауда саласында (23,7%), құрылыста (7,7%) және көлік қызметін көрсетуде (7,4%) жүзеге асыруда.

18-кесте

**2014 жылғы 3-тоқсандағы білім деңгейі және жынысы бойынша  
жұмыспен қамтылған халық**

|                                   | Барлығы  |                 | Соның ішінде |                 |          |                 |
|-----------------------------------|----------|-----------------|--------------|-----------------|----------|-----------------|
|                                   |          |                 | ерлер        |                 | әйелдер  |                 |
|                                   | мың адам | үлес салмағы, % | мың адам     | үлес салмағы, % | мың адам | үлес салмағы, % |
| Жұмыспен қамтылған халық, барлығы | 8678,6   | 100,0           | 4454,7       | 100,0           | 4223,9   | 100,0           |
| олардан білімі барлар:            |          |                 |              |                 |          |                 |
| жоғары                            | 2697,0   | 31,1            | 1216,9       | 27,3            | 1480,1   | 35,0            |
| аяқталмаған жоғары                | 309,9    | 3,6             | 144,6        | 3,2             | 165,3    | 3,9             |
| орта кәсіптік (арнаулы)           | 2891,6   | 33,3            | 1515,5       | 34,0            | 1376,1   | 32,6            |
| бастауыш кәсіптік                 | 551,8    | 6,4             | 340,8        | 7,7             | 211,0    | 5,0             |
| жалпы орта                        | 2075,4   | 23,9            | 1152,1       | 25,9            | 923,3    | 21,9            |
| жалпы негізгі                     | 140,7    | 1,6             | 79,5         | 1,8             | 61,2     | 1,4             |
| жалпы бастауыш                    | 12,2     | 0,1             | 5,3          | 0,1             | 6,9      | 0,2             |

*Дерек көзі:* ҚР Статистика агенттігінің еңбек және өмір сүру деңгейі статистика басқармасы мәліметтері негізінде. stat.kz.

18-кестеге сәйкес, елімізде жоғары және орта кәсіби білімі бар адамдардың саны 5,9 млн, ол жұмыспен қамтылғандардың 68%-ы. Жоғары және орта кәсіби білімі бар әйелдердің үлесі еркектерге қарағанда жоғары.

Жұмыспен қамтылған халықтың жалпы орта білімі барларының үлес салмағы 23,9%-ды құрайды, оның ішінде ерлердің үлесі әйелдерге қарағанда 4%-ға артық.

2014 жылы жалпы жұмыссыздар санында 15-24 жастағы жастардың үлесі 9,6% немесе 43,9 мың адам, 15-28 жастағы 22,4% немесе 102,6 мың адам. 15-24 жасындағы жастар жұмыссыздығының деңгейі – 3,7%, 15-28 жастағылар – 4,3%-ды құрады [16].

Еңбек нарығы – бұл тауар болып табылатын еңбек ресурстарының рыногы екендігі белгілі, олардың тепе-теңдік бағасы мен саны, оларға сұраныс пен ұсыныстың бір-біріне әсер етуімен ерекшеленеді. Кәсіпкерлер мен еңбекке қабілетті адамдар рыноқтың агенттері, олар еңбек биржасында өзара қарым-қатынаста болады. Сондықтан еңбек рыногы сұраныс пен ұсыныс механизмі арқылы экономикалық агенттердің арасындағы бәсекелестікті

дамыта отырып, белгілі дәрежеде жұмыспен қамту мен еңбек төлемі орнайтын экономикалық орта болып табылады.

Жетілген бәсекелік рынокта жекелеген жұмыс берушілер, жекелеген жұмыскерлер жалпы рыноктық жағдайға әсер ете алмайды: жалақының тепе-теңдік ставкалары жекелеген фирмалардың немесе жұмыскерлер топтарының әрекеттеріне тәуелді болмайды, олар жалпы конъюнктурамен, яғни рыноктық процестің барлық мүшелерінің жалпы өзара әсерлерімен белгіленеді.

Еңбек рыногы өзінің интегралдық бірлігінде көптеген локалдық еңбек рыноктарынан, сегменттерден, секторлардан тұрады. Бұлар аймақтық, салалық ерекшеліктерімен, маманданған топтардың рөлімен, біліктілік топтармен, жыныс-жастық, ұлттық және т.б. айырмашылықтармен сипатталады.

Еңбек рыногында жұмысшы күші жаппай жылжып, оның сандық және сапалық құрылымы үнемі өзгеріп отырады, өйткені өндірістің кеңеюі, оның модернизациясы, құрылымдық өзгерістері жұмыскерлердің ерекше жоғары дәрежеде дайындалуын талап етеді, олардың жаңа, осы замандық мамандықты жете игеруін тілейді.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Еңбек ресурстары және оның рыногы.
2. Еңбек ресурстарының сипаттамасы. Еңбек биржасы.
3. Жұмыспен қамтудың мемлекеттік қызметі және оның функциялары.
4. ҚР-дағы еңбек рыногының құрылуы мен даму мәселелері.
5. Аймақтардағы тұрғындарды жұмыспен қамту мәселесі.
6. Жұмыссыздық мәні және түрлері.

#### **4.2. Ақпарат рыногының базалық институты ретіндегі аудиторлық және консалтингтік фирмалар**

Кез келген қоғамда ақпарат үлкен мәнге ие. Мемлекеттік билік органдары қабылдаған нормативтік-құқықтық актілер, шешімдер мен өзге де жаңалықтар тұрғындарға дәл осы ақпарат көздері арқылы жететіні жасырын емес. Жаһандану жағдайында ақпарат бұрынғыдан да маңызды рөлге атқаруда. Бүгінде ақпараттық ресурс рыноктық инфрақұрылымның ажырамас құрамды бөлігіне айналды. Егер XX ғасыр индустрияның ғасыры болып тарихта қалса, XXI ғасырдың ақпарат ғасыры болып мойындалуы тегін емес.

Қазақстан да өз кезегінде әлемдік қоғамдастықтың бір мүшесі ретінде ақпарат тасқынынан тысқары қала алмайды. Осы ретте ақпарат рыногын құқықтық тұрғыдан реттеу мақсатында 2007 жылғы 11 қаңтарда №217-III «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданған болатын. Осы заңға сәйкес, ақпараттық ресурсқа келесідей анықтама берілген: «Ақпараттық ресурс – ақпараттық жүйелерде бар, тиісті бағдарламалық қамтамасыз етумен біріктірілген және ақпаратты пайдаланушылардың мүдделілігін туғызатын электрондық жүйелендірілген ақпарат» [40].

Ақпараттандырудың нысаны: электронды ақпараттық ресурстар, ақпараттық жүйелер, ақпараттық жұмыстар және электронды ресурстар.

Ақпараттандырудың субъектілері: Қазақстан Республикасының территориясында ақпараттандыру саласында қызметін атқаратын немесе құқықтық қатынастарға түсетін мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар.

Экономикалық теория курсынан білетініміз, барлық материалды және материалды емес игіліктер секілді ақпарат та тауар. Олай дейтініміз, ақпараттың да өзіндік құны, сатылу құны, сондай-ақ бағасы бар. Демек, ақпарат сатылады және сатып алынады. Олай болатын болса, ақпарат рыногында объектісі ақпараттың өзі болып табылатын бірқатар мәселелер туындайды. Соның бірі ақпарат рыногындағы аудиторлық және консалтингтік фирмалар болмақ.

Жалпы бухгалтерлік есеп негізінің ұйымдастырылып, қаржылық қорытынды есеп мәліметтерінің сенімді ақпарат көздеріне айналуына, заңдар мен нормативтік актілердің талаптарының сақталуына дербес әрі тәуелсіз тексеру жүргізіп, дер кезінде көмек көрсететін шаруашылықтың берген тапсырмасын қанағаттандырудың құралы – аудиторлық қызметтің рыноктық экономикада, қоғамда алатын орны, атқаратын рөлі мен маңызы ерекше.

*Аудит* – жүргізілген қаржы және шаруашылық операцияларының дұрыстығын және олардың сенімділігін бағалау мақсатында аудиттелетін субъектілердің қаржылық есептілігін және өзге де құжаттарын аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың тәуелсіз тексеруі.

90-жылдардың басында Қазақстанда рыноктық экономиканың өріс алуы, өндіріс құралдарының жеке меншікке берілуі, банк, сақтандыру қызметінің және инвестициялық белсенділіктің ар-



туы аудиторлық қызмет секілді кәсіпкерлік қызметтің мүлдем жаңа түрінің пайда болуына алып келді.

Аудиттің басты бағыты – қаржы есептерін тексеру. Аудит, ең алдымен меншік иелерінің мүліктік мүдделерін қорғау мақсатымен жүзеге асырылады және бухгалтерлік, салық есептіліктерінде көрсетілген ақпараттың растығына бақылау жасауды қамтамасыз етеді. Аудиторлық қызмет – бақылаудың айрықша түрі. Ол шаруашылық жүргізуші субъектінің растығы мен толықтығын, қолданыстағы заңдар мен бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті жүргізуге қойылатын талаптарға сәйкестігін айқындау мақсатында жүргізілетін тәуелсіз сараптама мен талдауды білдіреді. Жалпы, аудитте объективті себеп-салдарларға байланысты қате қорытынды берудің ішкі тәуекелі бар.

Сонымен, *аудиторлық қызмет* дегеніміз – аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың аудит жүргізу жөніндегі кәсіпкерлік қызметі. Оның негізгі мақсаты – активтердің, міндеттемелердің, меншікті құралдар мен кәсіпорынның белгілі бір кезеңдегі қаржылық қызметінің нәтижелерін есептілікте толық, рас түрінде және жедел көрсетілуіне объективті баға беру, қабылданған есеп саясатының қолданыстағы заң нормаларына сәйкестігін тексеру.

Аудиттің түрлері:

1. Міндетті аудит.
2. Бастамашылық аудит.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашада қабылданған №304-І «Аудиторлық қызмет туралы» Заңына сәйкес аудиторлық қызметтің келесідей қағидалары бар:

- тәуелсіздік;
- объективтілік;
- кәсіби құзыреттілік;
- құпиялылық;
- адалдық;
- ұйымдардың стандарттарын сақтау.

Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, аккредитация – осы заңда көрсетілген кәсіби аудиторлық ұйымдардың құқығын өкілетті органдардың ресми мойындауы. Сонымен қатар заңда келесідей анықтамалар берілген:

Аудит – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, қаржылық есептеулерді тексерумен байланысты қаржылық есептілік және басқа да ақпарат туралы тәуелсіз пікір білдіру мақсатындағы тексеру.

Аудитор – «аудитор» біліктілігі берілгені туралы куәлігі бар аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау бойынша Біліктілік комиссиясымен аттестатталған жеке тұлға.

Аудиторлық есеп – жүргізілген аудиттің нәтижесі болып табылатын жазбаша ресми құжат.

Аудиторлық қызмет – қызмет бағытына қарай қызметтер көрсету бойынша және қаржылық есептілікпен байланысты қаржылық есептілік және басқа да ақпараттың аудитін жүргізу бойынша кәсіпкерлік қызмет.


Аудиторлық қызмет – аудиторлық қызметті жүзеге асыру үшін құрылған коммерциялық ұйым [41].

Елімізде KASE биржасында листингтен өтетін ұйымдарға аудит жүргізуге жіберілген 17 аудиторлық компания бар.

Қазақстан Республикасында кәсіби аудиторлық ұйым «Қазақстан Республикасының Аудиторлар Палатасы» 1993 жылы 1 маусымда құрылды. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен 03.01.2008 жылы берілген аккредитациядан өткен Куәлігі бар.

Аудиторлар Палатасы – Қазақстан Республикасында бірінші рет құрылған қоғамдық ұйым, қызметі Қазақстан Республикасындағы аудиторлық қызметті дамытуға, біріздендіру мен жетілдіруді қолдауға, өз мүшелерінің құқығы мен заңды мүдделерін қорғау және көтеруге бағытталған.

#### Аудиторлар Палатасының құрылымы



Аудиторлар Палатасының басқару органдары:

– жоғары орган – Аудиторлар Палатасы мүшелерінің жалпы жиналысы;

- коллегиялды атқарушы орган – Аудиторлар Палатасының Кеңесі;
- бақылаушы орган – Ревизиялық комиссия;
- басқа да органдар – Аудиторлар Палатасының Президенті, Аудиторлар Палатасының вице-президенттері, атқарушы директор.

*Консалтинг* бұрынғы Кеңес Одағы елдеріне 80-жылдардың соңы мен 90-жылдардың басында экономикалық және саяси түбегейлі өзгерістерден кейін таныстырылды. Мұндай өзгерістердің өзегі демократиялық қоғамдық бастауларды құруға және рыноктық экономикаға өтуге деген ұмтылыс болып табылды.

Кеңес беру (консультация немесе консалтинг) – бұл міндеті арнаулы салада ұйымдық-экономикалық және ғылыми-техникалық инновацияларды қолдану мен дамыту, перспективаны анықтау болып табылатын интеллектуалды іс-әрекеттің бір түрі.

Консалтинг бағалар қозғалысы, өткізу рыногын зерттеу және болжау, бизнесті жүргізу, компанияның жалпы жұмысын оптималдау, стратегиялық жоспарлау, ұйымды басқару, экономикалық, қаржылық, инвестициялық іс-әрекеті және т.б. сұрақтарды шешеді. Басқаша айтқанда, кеңес беру – бұл нақты сол немесе басқа мәселелерді шешуде кеңес алушыларға көрсетілетін кез келген көмек. Консалтингтің негізгі мақсаты басқару сапасын жақсарту, компания іс-әрекетінің тиімділігін арттыру, тұтастай алғанда, әрбір жұмысшының жеке еңбек өнімділігін арттыруға негізделген. Кеңес беру қызметі түсінігі Қазақстан Республикасы заңнамаларында қарастырылмаған. Консалтинг ұйымның басқару, экономикалық, қаржылық, инвестициялық қызметтерінің, стратегиялық жоспарлау, бизнесті жүргізу, өткізу рыноктарын, баға қозғалысын зерттеу мен болжаудың мәселелерін шешеді. Басқаша айтқанда, консалтинг – сыртқы кеңес берушілермен көрсетілетін қандай да бір мәселені шешудегі кез келген көмек.

Халықаралық тәжірибеде консалтингке келесідей анықтама-лар беріледі:

Менеджмент басқару мен бағалауды қоса алғанда басқару мәселелері бойынша тәуелсіз кеңестер мен қызметтер көрсетеді. Кеңес берушілер менеджерлерге жалпы басқару, әкімшілік, қаржылық басқару, кадрларды басқаруды және т.б. жүзеге асыру бойынша кеңестер береді.

Жалпы басқару бойынша кеңес берушілер бизнесті жүргізу мен оның перспективаларымен байланысты мәселелерді шешеді.

Әкімшілік басқару бойынша кеңес берушілер бизнесті жүргізумен байланысты мәселелерді шешеді, яғни ұйымды басқару ісін оңтайландыруға көмектеседі.

Қаржылық басқару бойынша кеңес берушілер үш негізгі міндетті шешуге көмектеседі:

- қаржыландыру көздерін іздестіру және оны тиімді пайдалану;
- ұйымның қаржылық іс-әрекетін талдау және оның тиімділігін арттыру;
- ұйымның қаржылық жағдайын басымдықта басқару.

Кадрларды басқару бойынша кеңес берушілер еңбек ресурстарын тарту мен қолдануды тиімдендіруде менеджерлерге көмектеседі.

Маркетинг бойынша кеңес берушілер ұйымның өндірген өнімдерін тұтынушылармен сатылып алынуына жәрдемдеседі.

Ақпараттық технология бойынша кеңес берушілер кәсіпорында ақпараттық технологияны жобалаумен және енгізумен байланысты міндеттерді шешеді.

Мамандандырылған қызмет бойынша кеңес берушілер жоғарыда айтылған қызмет түрлерімен байланыссыз және олардан әдісі, объектісі немесе енгізілетін білімнің сипаты жөнінен ерекшеленетін мамандандырылған сұрақтарды шешеді.

Көрсетілетін консалтингтік қызметтің келесідей түрлері барынша кең таралған:

- басқарушылық консалтинг;
- инвестициялық консалтинг;
- қор консалтингі;
- инжинрингтік консалтинг;
- ақпараттық-техникалық консалтинг;
- маркетингтік консалтинг;
- кадрлық консалтинг;
- құқықтық консалтинг.

Әдісіне қарай:

- сараптамалық консалтинг;
- үрдістік консалтинг;
- үйретуші консалтинг.

Пәніне қарай:

- IT-консалтинг;
- басқарушылық консалтинг;
- экологиялық консалтинг;

- HR-консалтинг;
  - корпоративті оқыту аясындағы консалтинг.
- Аумағына қарай:
- ішкі консалтинг;
  - халықаралық консалтинг.

Консалтингтің негізгі мақсаты компанияның жалпы қызметінің тиімділігін көтеруден, басқарудың сапасын жетілдіру және әрбір жұмыскердің еңбек өнімділігін арттырудан көрінеді.

Соңғы уақытта консалтингтік компаниялардың барынша сұранысқа ие қызметтерінің бірі ұйымдардағы басқару жүйесін құру болып табылды.

### **4.3. Коммуникативтік инфрақұрылым және оның даму динамикасы**

Әлемдік рынокта отандық көлік-коммуникациялық кешеннің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мен сауда ағымын арттыру ел саясатының басты бағдары болуы қажет. Коммуникация қызметтері экономиканың динамикалық дамушы саласы болып табылады. Коммуникацияны дамытуда ауқымды әлемдік үрдістер Қазақстанды қолданыстағы желілерді жедел жаңартуға, жаңа қызмет түрлерін енгізуге, қайта құрылымдауға итермелейді.

Көлік және коммуникация – инфрақұрылымдық кешеннің ең негізгі саласы. Сонымен қатар ақпарат көзі мен басқару жүйесінің негізі болып табылады. Коммуникацияның дамуы әлемдік экономикада елдің әлеуетті артықшылықтарын көрсетеді. Көлік және коммуникация қызметінің тарихи дамуы Қазақстан Республикасының экономикалық және кеңістіктік дамуын алдын ала айқындай отырып, оның халықаралық әсерін күшейтуге ықпалын тигізді.

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында коммуникацияны дамыту басым бағыттардың бірі болып табылады. Коммуникация саласы көрсетілетін қызметтерін тұрақты түрде кеңейтіп, көлемін арттырып келеді. 2014 жылдың қаңтар – наурызында байланыс қызметтерінің көлемі 11,2%-ға өсіп, 159,3 млрд теңгені құрады. Қазақстанның өңірлерін қамтуда коммуникацияның маңызы жылдан-жылға артып келеді. Бұл саланың дамуы тұрғындардың байланыс қызметіне деген сұраныстарын қана-

ғаттандыру саясатын ұстануда және жаңа технологияларды енгізуге мүдделі болып отыр. Ақпараттық технологиялардың шапшаң жылдамдықпен дамуы экономиканы өзгертуге әсерін тигізіп отыр. Ақпарат қоғамында байланыссыз іскер қатынастар дамымайды. Сондықтан да ақпараттың маңызы артып отыр. Инфрақұрылымның маңызды бөлігі ретінде байланыс экономиканың барлық салаларының өз қызметтерін жүзеге асырулары үшін қажетті ақпараттар және мәліметтер жеткізуді қамтамасыз етеді.

Байланыс (ақпараттық коммуникация) – ақпараттарды таратуға арналған әртүрлі коммуникация жиынтығы. Байланыс түрлеріне пошта байланысы, сым байланысын (телефон, телеграф, факсималды) қоса алғанда, электр байланыс (жердегі және ғарыштық), радио байланыс, оптикалық байланыс және т.б. жатады. Жалпы, елдегі байланыстың даму деңгейі экономиканың даму деңгейін басып озады.

19-кесте

**Көлік және байланыс (тиісті кезеңге, %-бен)**

|   |      | қаңтар | қаңтар – сәуір | қаңтар – шілде | қаңтар – қазан | қаңтар – желтоқсан |
|---|------|--------|----------------|----------------|----------------|--------------------|
| 1   | 2    | 3      | 4              | 5              | 6              | 7                  |
| <b>Барлық көлік түрлерімен тасымалданған жүктер</b> | 2010 | 114,7  | 113,7          | 118,0          | 116,9          | 115,5              |
|   | 2011 | 116,1  | 118,1          | 120,0          | 121,6          | 122,0              |
|   | 2012 | 120,0  | 119,9          | 117,8          | 112,5          | 108,7              |
|   | 2013 | 106,1  | 108,4          | 108,3          | 108,3          | 108,6              |
|   | 2014 | 103,3  | 103,7          | 104,3          | 103,9          | 103,7              |
| <b>Барлық көлік түрлерінің жүк айналымы</b>         | 2010 | 101,3  | 104,3          | 110,4          | 112,0          | 113,1              |
|   | 2011 | 123,2  | 114,8          | 115,0          | 115,7          | 116,6              |
|   | 2012 | 119,4  | 116,7          | 113,6          | 110,0          | 107,0              |
|   | 2013 | 91,8   | 100,0          | 101,5          | 102,4          | 103,8              |
|   | 2014 | 95,9   | 97,2           | 98,2           | 98,9           | 98,8               |
| <b>Барлық көлік түрлерінің жолаушылар айналымы</b>  | 2010 | 116,7  | 112,1          | 113,0          | 113,7          | 113,8              |
|   | 2011 | 124,2  | 125,9          | 125,6          | 126,2          | 126,8              |
|   | 2012 | 126,4  | 125,7          | 121,7          | 115,6          | 112,2              |
|   | 2013 | 110,6  | 111,7          | 111,3          | 110,7          | 110,6              |
|   | 2014 | 107,8  | 107,2          | 107,1          | 106,6          | 106,8              |


| 1   | 2    | 3     | 4     | 5     | 6     | 7     |
|---|------|-------|-------|-------|-------|-------|
| <b>Пошталық және курьерлік қызметтер көлемі</b> | 2010 | 99,5  | 104,8 | 107,3 | 108,3 | 107,9 |
|   | 2011 | 116,2 | 119,2 | 116,6 | 117,9 | 119,1 |
|   | 2012 | 116,1 | 113,0 | 115,8 | 119,0 | 116,6 |
|   | 2013 | 98,7  | 98,9  | 97,0  | 92,8  | 93,2  |
|   | 2014 | 102,8 | 96,0  | 101,8 | 108,3 | 111,6 |
| <b>Байланыс қызметтерінің көлемі</b>            | 2010 | 101,9 | 105,2 | 104,9 | 104,8 | 105,0 |
|   | 2011 | 110,9 | 115,6 | 116,7 | 117,8 | 118,7 |
|   | 2012 | 117,6 | 114,0 | 112,2 | 110,5 | 109,6 |
|   | 2013 | 109,1 | 113,5 | 114,4 | 114,1 | 114,0 |
|   | 2014 | 112,7 | 110,4 | 109,3 | 108,5 | 108,5 |

*Дерек көзі:* ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері негізінде. ҚР ЭБЖМ Экономикалық көрсеткіштерінің мониторингі. stat.kz.

19-кестеде берілген көрсеткіштер еліміздегі байланыс рыногының қарқынды дамып келе жатқандығын айқындайды. Байланыс қызметтерінің көлемі 2010 жылмен салыстырғанда 2014 жылдың желтоқсан айында 3,2%-ға өскен, әсіресе 2012 жылдың көрсеткіші жоғары. 2014 жылдағы әлемдік рыноктағы тұрақсыздыққа байланысты көлік түрлерінің айналымы біршама баяулағанын байқауға болады.

Ішкі және әлемдік рынокта да көлік және коммуникация қызметтеріне ерекше рөл беріліп отыр. Барлық өңірлермен экономикалық қарым-қатынастарды дамытуға мемлекет мүдделі. Сондықтан қауіпсіз әрі сапалы көлік-коммуникация қызметтеріне қол жеткізу арқылы халықтың әл-ауқатын арттыру мен экономикалық өсуге қол жеткізуге ұмтылады.

Байланыстың маңызды элементтерінің бірі ауқымды интернет компьютерлік желісі және оның «www» негізгі сервисі болып табылады. Интернет жарнама үшін бірегей мүмкіндіктерге ие. Интернет – көптеген қызмет түрлері пайдаланушылардың үлкен бөлігіне ұсынылатын жаңа коммуникация құралы, оның негізінде пайдаланушылармен ақпарат алмасуға мүмкіндік беретін «pull» модель қолданылады. Сондай-ақ интернет – тауарларды интерактивті сатып алуға мүмкіндік беретін және тауар қозғалысындағы кәсіпорындардың мүмкіндігін және орнын өзгертетін виртуалды рынок.



Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері негізінде. stat.kz.

**14-диаграмма.** Интернет желісін пайдаланудың негізгі мақсаттары, пайызбен

Диаграммада интернет желісін коммуникацияда пайдалану 2013 жылы 2011, 2012 жылдармен салыстырғанда, сәйкесінше 3,2%, 1,9%-ға баяулаған. Сонымен қатар қоғамдық және мемлекеттік ұйымдармен байланыс, жұмыс, білім беру, біліктілікті арттыру мақсаттарында интернет желісін пайдалану үш жыл көлемінде баяулағанын көреміз. Керісінше, ақпараттық іздеу мен он-лайн қызметтері 4,4%-ға, тауар мен қызметтерді сатып алу 0,1%-ға өсіп отыр.

Коммуникация салаларына келесілерді жатқызамыз:

- радио байланыс және телевизиялық қызметтер;
- пошта және курьерлік байланыс;
- сымсыз байланыс және интернет;
- телеграфтық, ауыл-қала-халықаралық телефондық станциялар.

Қазіргі уақытта ақпараттық өнім тауарлы өнімге айналып барады. Әлемдік және жергілікті ақпараттық жүйелер капитал қозғалысын жер шарының кез келген аймағында күні, түні басқарып және реттеу операцияларын жүргізуде. Ақпараттық технологиялар (IT) қызмет өнімдерін электронды түрде тұтынушыға, оның компьютеріне жеткізіп тапсырады. Электрондық қызмет құны арзан, көлемі шексіз, икемділігі өте жоғары бір мезгілде есепсіз тұтынушыларға өнімдерді жеткізіп, мезетінде төлем ақшасын шотына түсіріп үлгереді. Арзан, тиімді, жылдам ақпарат-



тық байланыс жүйесі, барлық сала бойынша әлемдік бизнес құралына айналып отыр. Электрондық құжат, е-қол қою, е-пошта, е-кітапхана, е-мәдени орталықтары, е-оқу ордасы, оның ішінде дистанциялық жоғары білім оқу орталықтары, т.с.с. қоғамдық ұйымдар кеңінен тарап келеді.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасында «Электронды үкімет» құру бағдарламасының мақсаты азаматтар мен мекемелерге жылдам да сапалы ақпараттық қызмет көрсетуге жол ашу, мемлекет органдарының қызмет көрсету тиімділігінің жоғарғы деңгейде атқарылуына бағытталған. «Электронды үкімет» – бұл қазіргі заман талабына сай елде телекоммуникациялық-ақпараттық қоғам құруда, әр азаматқа мемлекеттік ұйымдар қызметкерлерімен тікелей сөйлесумен қатар өздерінің өтініштері мен ұсыныстарына да жедел жауап алып, қажеттілігіне қарай жоғары отырған шенеуніктерге мән-жағдайды жеткізу мүмкіншілігі.

Әлемдік экономиканың жаһандануы жағдайында көлік интеграциялық үдерістердің аса маңызды факторы ретінде көрінеді. Қаржы, еңбек және тауар әлеуетін қамтып, кеңейте түскен арналар жүйелі түрде АҚШ-Еуропа-Оңтүстік-Шығыс Азия және Қытай ұштағанында шоғырлануда. Еуропа мен Азия арасындағы трансконтиненталдық көпір қызметін өзінің геостратегиялық рөлін іске асыратын Қазақстан орындауда. Бүгінде «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы АҚШ-тың, Қытайдың, Үндістанның, ЕО-ның, Ресей мен Украинаның компанияларынан кейін жүк тасымалының көлемі жағынан әлемдегі аса ірі теміржол компанияларының жетілігіне кіріп отыр. Қазақстанға 2015 жылға дейінгі көлік стратегиясының негізінде халықаралық тасымал көлемінің өсе түсуі жағдайында елдің бірегей көлік транзитінің мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдалану керек.

Көлік (*transporto* – латын тілінен аударғанда тасымалдау дегенді білдіреді) – барлық көлік құралдарының түрлі бағытқа адамдарды және жүктерді тасымалдау процесін қамтамасыз ететін, қатынас жолындағы техникалық құрылғылар мен құрылыстардың, қатынас жолдарының жиынтығы. Көлік қажеттілігі бойынша өнеркәсіптік көлік, жалпы және жеке қолданыстағы көлік болып бөлінеді. Тасымалдау сипатына қарай жүк және жолаушылар тасымалдау көлігі болып бөлінеді [42].

Көлік – бұл адам және жүк тасымалдау қызметін көрсететін сала ғана емес, ең алдымен, шаруашылықты жүргізу мен тіршілік әрекетіне жағдай жасайтын салааралық жүйе.

Көлік инфрақұрылымы бірыңғай рыноктық механизмнің негізгі жүйесі ретінде әрекет ете отырып, экономиканың барлық салаларын, еліміздің экономикалық аудандарын, облыстарын, аймақтарын байланыстырады. Инфрақұрылымның даму жағдайы мен деңгейі еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының өсу қарқынына белгілі бір дәрежеде әсер етеді және халықтың әлауқатының өсуі мен тұрмыс деңгейінің елеулі жақсаруын әлі де қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасындағы көліктік қызметтер рыногының автокөлік кәсіпорындарының шығуы, әуе компанияларының акционерленуі өнеркәсіптік және тасымалдау қызметін көрсетуші кәсіпорындардың коммерциялық қызметтерінің кеңінен ұсынылуынан көрінеді. Көліктік қызмет рыногындағы бәсекелестік тек әртүрлі көліктер арасында ғана емес, сонымен қатар көлік жүйесі саласындағы көлік кәсіпорындарының арасында (мемлекеттік монополия болып саналатын теміржолдан басқа) сипат алады [43].

Көліктік тариф – кеңістіктегі материалдық объектінің тасымалдануының бағасы. Көліктік тарифтер өз құрамына жүк тасымалдау мен жолаушылар тарифтерін енгізеді. Жүк тасымалдау көлігі өндірушіден тұтынушыға өнімді жеткізе отырып, оның құнын ұлғайтады және өндірістік салаға тиесілі болады. Жолаушы тасымалдау көлігі қызмет көрсетушілік сипатта болатындықтан, оны қызмет көрсету аясына тиесілі деп санаймыз. Жүк тасымалдау тарифтерінің негізінде ақшалай айқындамасы ретінде көліктік тариф болып табылатын, тасымалдау құнын анықтайтын жүкті жеткізу бойынша қоғамдық қажетті шығындар жатыр.

Теміржол көлігі – Қазақстанның негізгі көлік кешені. Жүк айналымы көлемі бойынша ол бірінші орынды алады. Теміржол көлігінің негізгі ерекшелігі өндірістік және ауылшаруашылық жүктерін үлкен партиялармен тасымалдауында. Теміржол көлігі үнемі реттілікте жұмыс істеуімен сипатталады.

Теміржол көлігінің тарифтері вагон типтеріне, қандай қызмет үшін тиесілі екендігіне, жөнелту түрлеріне, тасымалдау жылдамдығы мен арақашықтарына, вагонның жүк көтеріміне, тасымалдаудың ерекше шарттары мен басқа да шарттарға байланысты бекітіледі.

Жүктерді жеткізу түрлеріне байланысты теміржол тарифтері вагондық, контейнерлік, аз тонналы және ұсақ жеткізу тарифтері болып бөлінеді.

Вагондық тариф негізінде оған жүкті тиеудің белгілі бір нормасы арқылы анықталған жағдайдағы вагон үшін мөлшерлемесі жатыр. Тиелу дәрежесіне қарамай вагон үшін тасымалдау төлемі алынады. Ол вагонның жүк көтеру және сыйымдылығын толығымен қолдануын реттейді.

Контейнерлік тасымалдау тарифтері контейнердің толық жүк көтерімін қолданумен есептелінеді. Ол әр вагондық тарифтен жоғары, сондықтан контейнерді қамтамасыз ету үшін қосымша шығындарды алмастыру қажеттілігі туындайды.

Тонналық тарифтер ұсақ және аз тонналы жүк тасымалдауларда қолданылады.

*Автомобильдік көлік* жүкті жеткізудегі жоғарғы жылдамдығымен ерекшеленеді. Оның негізгі артықшылығы – сатушы қоймасының сатып алушы қоймасына жүкті жеткізуде үзілістің бомауы. Автомобильдік көліктің тиімділігі жүкті тасымалдау түрлеріне, жол тораптарының жағдайы мен дамуына байланысты.

Автомобильдік тасымалдаудың өзіндік құны басқа көлік түрлеріне қарағанда жоғары болады. Ол автокөліктің аз жүкті тиеушілік мүмкіндігімен және де энергия шығындарының жоғарылығымен түсіндіріледі.

Тасымалдаудың өзіндік құны әртүрлі жол-климаттық шарттар мен жүктер түріне, жүру құрылымының типіне байланысты ауытқып отырады.

Автомобильдік тасымалдаудың өзіндік құнына аймақтық ерекшелік әсер етеді, яғни еңбекақы деңгейі, жанар-жағармай бағалары және т.б.

20-кестеде Қазақстандағы жеңіл автомобильдердің қолда бары – 3 906 196. Елдегі жеңіл автомобильдердің басым бөлігі Алматы қаласы мен облысына тиесілі. Оңтүстік және Шығыс Қазақстан облыстары келесі кезекте. Жеңіл автомобильдердің санының көптігі сол аймақтың экологиялық мәселелерін ушықтырып отыр.

Жаһандану жағдайында Қазақстанның кең-байтақ аумағын ескере отырып, экономиканың және мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі көбінесе көлік-коммуникация кешенінің тиімді қызметіне байланысты және осы салалық инфрақұрылымды дамыту басты мәселеге айналып отыр. Жоғары технологиялы көлік инфрақұрылымы отандық тауарлардың, қызмет көрсетулердің және тұтас экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің кепілдігі болып табылады.

20-кесте

## 2014 жылғы 1 желтоқсанда Қазақстан Республикасындағы жеңіл автомобильдердің қолда бары, бірлік

|                        | Барлығы   | оның ішінде, қозғалтқыш көлемімен |                                       |                                       |                                       |                                       |                                       |                           |         |     |  | 4000 куб. см-ден жоғары** | өзге де |
|------------------------|-----------|-----------------------------------|---------------------------------------|---------------------------------------|---------------------------------------|---------------------------------------|---------------------------------------|---------------------------|---------|-----|--|---------------------------|---------|
|                        |           | 1100 куб. см-ге дейін             | 1100-ден жоғары 1500 куб. см-ге дейін | 1500-ден жоғары 2000 куб. см-ге дейін | 2000-нан жоғары 2500 куб. см-ге дейін | 2500-ден жоғары 3000 куб. см-ге дейін | 3000-нан жоғары 4000 куб. см-ге дейін | 4000 куб. см-ден жоғары** | өзге де |     |  |                           |         |
| Қазақстан Республикасы | 3 906 196 | 41 963                            | 603 799                               | 1 613 893                             | 599 136                               | 404 286                               | 110 369                               | 67 494                    | 465     | 256 |  |                           |         |
| Ақмола                 | 179 627   | 1 233                             | 37 796                                | 77 326                                | 21 571                                | 12 715                                | 2 288                                 | 1 439                     | 25 259  |     |  |                           |         |
| Ақтөбе                 | 161 021   | 1 435                             | 20 674                                | 76 660                                | 17 334                                | 15 668                                | 2 960                                 | 1 861                     | 24 429  |     |  |                           |         |
| Алматы                 | 489 787   | 6 820                             | 85 510                                | 209 835                               | 99 029                                | 56 222                                | 11 476                                | 6 802                     | 14 093  |     |  |                           |         |
| Атырау                 | 114 626   | 839                               | 14 290                                | 54 368                                | 12 512                                | 13 494                                | 2 285                                 | 1 393                     | 15 445  |     |  |                           |         |
| Батыс Қазақстан        | 115 412   | 919                               | 12 337                                | 55 336                                | 10 448                                | 8 765                                 | 1 434                                 | 702                       | 25 471  |     |  |                           |         |
| Жамбыл                 | 189 594   | 1 541                             | 31 172                                | 76 193                                | 30 912                                | 16 299                                | 3 148                                 | 1 607                     | 28 722  |     |  |                           |         |
| Қарағанды              | 346 424   | 2 894                             | 41 962                                | 144 430                               | 51 208                                | 36 727                                | 9 297                                 | 5 376                     | 54 530  |     |  |                           |         |
| Қостанай               | 213 117   | 1 561                             | 40 884                                | 93 334                                | 24 719                                | 13 366                                | 3 501                                 | 2 035                     | 33 717  |     |  |                           |         |
| Қызылорда              | 108 928   | 485                               | 15 630                                | 45 642                                | 18 307                                | 12 455                                | 1 925                                 | 1 616                     | 12 868  |     |  |                           |         |
| Манғыстау              | 141 570   | 1 237                             | 15 428                                | 66 361                                | 21 648                                | 20 476                                | 4 840                                 | 3 570                     | 8 010   |     |  |                           |         |
| Оңтүстік Қазақстан     | 466 058   | 7 000                             | 101 550                               | 199 650                               | 70 086                                | 32 488                                | 6 781                                 | 4 688                     | 43 815  |     |  |                           |         |
| Павлодар               | 167 413   | 1 510                             | 26 069                                | 65 418                                | 23 074                                | 11 471                                | 3 312                                 | 1 678                     | 34 881  |     |  |                           |         |
| Солтүстік Қазақстан    | 164 978   | 1 183                             | 28 638                                | 64 178                                | 16 359                                | 10 454                                | 1 879                                 | 1 019                     | 41 268  |     |  |                           |         |
| Шығыс Қазақстан        | 309 234   | 2 969                             | 62 026                                | 117 519                               | 40 974                                | 24 013                                | 6 132                                 | 3 154                     | 52 447  |     |  |                           |         |
| Астана қаласы          | 241 575   | 2 576                             | 23 753                                | 111 701                               | 44 062                                | 31 449                                | 13 089                                | 8 643                     | 6 302   |     |  |                           |         |
| Алматы қаласы          | 496 832   | 7 761                             | 46 080                                | 155 942                               | 96 893                                | 88 224                                | 36 022                                | 21 911                    | 43 999  |     |  |                           |         |

Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері негізінде. stat.kz.

*Су көлігі* көліктердің жалпы түрлеріне жатады. Су жолдарының үлкен өткізу икемділігімен ол үлкен жүктерді тасымалдайды [44].

Су көлігі климаттық және ауа райы шарттарымен, жағдайларымен тығыз байланысты. Су көлігінің жеткізуінің орташа жылдамдығы теміржолға қарағанда анағұрлым төмен болады. Ол кемелердің су порттарына жиі тоқталуымен түсіндіріледі. Су көлігі көбінесе халықаралық қатынастармен жиі ұштастырылады, сондықтан флотты ең алдымен импорттық және экспорттық жүктерді тасымалдауға қолданған тиімді.

Су көлігі тарифтері нақты жағдайларға қолданумен байланысты негізгі, ерекше және жергілікті деп бөлінеді. Негізгі тарифтер төлемі жақсы жағдайларда жүктерді тасымалдағанда қолданылады. Ерекше тарифтер төлемі кейбір жеке жүктерді немесе жеке аймақтарға тасымалдағанда, жолдың жеке бөлігіне немесе белгілі бір жыл мезгілінде жүкті тасымалдағанда қолданылады. Жергілікті тарифтер тек қана қандай да бір аймақтағы жергілікті кеме порттарымен бекітіледі.

Қазақстанның су жолдарының ұзақтығы – 3982 км. Су көлігінің тасымалы үшін су жолдарын Ертіс, Сырдария, Орал, Қиғаш, Іле және Есіл өзендері, Бұқтырма, Өскемен, Шульбинск, Қапшағай су қоймалары және Балқаш, Зайсан теңіздері құрайды. Ақтау порты Қазақстанның жалғыз қатпайтын теңіз порты және халықаралық бағыттағы стратегиялық пункт болып табылады.

*Әуе көлігі* – бұл авиациялық техника көмегімен жолаушыларды, жүктерді, поштаны тасымалдайтын көліктің бір түрі. Әуе көлігі – көліктің ең тез және қымбат түрі. Оның негізгі қолданылуы – мың километрден жоғары биіктікте жолаушылар тасымалы.

Қазақстанның үлкен географиялық кеңістігіне байланысты әуе көлігі үлкен маңызға ие және көбіне баламасы жоқ. Қазақстанда 22 ірі аэропорт бар, оның 14-і халықаралық тасымалдауға қызмет көрсетеді. Сала үшін Еуропа мен Азия арасындағы жүк және жолаушы әуетасымалы аса үлкен мәнге ие. Қазақстанның ірі авиакомпаниясы – «Air Astana». «Air Astana» Қазақстан Республикасының ұлттық әуетасымалдаушысы болып табылады.

21-кесте

## Экономикалық қызмет түрлері бойынша көлік жұмысының негізгі көрсеткіштері

|  | Тасымалданған жүк, мың тонна |                                  | Жүк айналымы, млн ткм |                                  | Тасымалданған жолаушылар, мың адам |                                  | Жолаушылар айналымы, млн жкм |                                  | Тасымалданудан түскен көшірмнің табысы, млн теңге |
|--|------------------------------|----------------------------------|-----------------------|----------------------------------|------------------------------------|----------------------------------|------------------------------|----------------------------------|---|
|  | есепті кезең                 | 2013 жылғы тиісті кезеңге, %-бен | есепті кезең          | 2013 жылғы тиісті кезеңге, %-бен | есепті кезең                       | 2013 жылғы тиісті кезеңге, %-бен | есепті кезең                 | 2013 жылғы тиісті кезеңге, %-бен |   |
| <b>Барлығы</b>                                     | 3 627 931,79                 | 103,7                            | 487375,68             | 98,8                             | 21 292 989,32                      | 106,5                            | 249 579,0                    | 106,8                            | 1 751 130,1                                       |
| оның ішінде:                                       |                              |                                  |                       |                                  |                                    |                                  |                              |                                  |   |
| Теміржол көлігі                                    | 273 399,58                   | 94,5                             | 214110,90             | 93,4                             | 34 427,07                          | 121,0                            | 23 750,5                     | 115,2                            | 779 798,1   |
| Автомобиль және қалалық электр көлігі              | 3 128 501,32                 | 104,9                            | 155069,38             | 106,8                            | 21 253 048,30                      | 106,4                            | 215 238,5                    | 105,8                            | 163 173,2   |
| автобустармен тасымалдау <sup>1)</sup>             | -                            | -                                | -                     | -                                | 16 773 498,86                      | 106,5                            | 172 533,5                    | 105,0                            | 75 242,5  |
| трамвайлармен тасымалдау                           | -                            | -                                | -                     | -                                | 39 106,50                          | 96,7                             | 183,8                        | 100,3                            | 1 898,1   |
| троллейбустармен тасымалдау                        | -                            | -                                | -                     | -                                | 16 560,70                          | 92,8                             | 77,7                         | 99,1                             | 870,5   |
| такси қызметі <sup>1)</sup>                        | -                            | -                                | -                     | -                                | 441693,00                          | 106,4                            | 42 391,0                     | 109,3                            | 1 529,5   |
| өзге де құрылқтағы жолаушылар көлігі <sup>2)</sup> | -                            | -                                | -                     | -                                | 6 951,20                           | 105,0                            | 52,5                         | 105,0                            | 579,1   |
| жүк автомобиль көлігі <sup>1)</sup>                | 3 128 501,32                 | 104,9                            | 155069,38             | 106,8                            | -                                  | -                                | -                            | -                                | 83 053,5  |
| Құбыр желісі бойынша жүк тасымалдау                | 221 086,44                   | 100,1                            | 115651,40             | 99,6                             | -                                  | -                                | -                            | -                                | 620 666,7   |
| Теңіз және жағалау көлігі                          | 3 630,19                     | 91,1                             | 2 468,50              | 91,1                             | -                                  | -                                | -                            | -                                | 7 743,1   |
| Ішкі су көлігі                                     | 1 294,64                     | 118,5                            | 26,20                 | 81,3                             | 66,24                              | 71,3                             | 1,1                          | 117,0                            | 376,2   |
| Әуе көлігі   | 19,62                        | 81,8                             | 49,30                 | 77,9                             | 5 447,71                           | 109,1                            | 10 588,9                     | 109,1                            | 179 372,8   |

Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері негізінде. stat.kz.

21-кестеге сәйкес, 2014 жылы 1-тоқсанда жүк тасымалының жалпы көлемі 754,5 млн тоннаны құрап, 2013 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 3,5%-ға өсті. Соның ішінде автомобиль көлігімен жүк тасу 5,5%-ға өссе, теміржол көлігімен 11,7%-ға қысқарған, әуе көлігімен 6,6%-ға, құбырмен тасу көлігінде 0,8%-ға өскен.

2014 жылы 1-тоқсанда жүк айналымы 104,5 млрд ткм құрап, өткен жылмен салыстырғанда 3,9%-ға аз. Жолаушы айналымы аталған жылда 57,9 млрд жкм құрап, өткен жылмен салыстырғанда 6,9%-ға өскен.

Сонымен қатар қазіргі таңда телекоммуникациялық қызмет көрсетуге сұраныс кеңейуде, себебі ақпаратпен алмасу жеделдеуде. Елдегі ешбір сала, әрине, байланыссыз жұмыс жасамайды. Сондықтан да байланыстың нақтылығы және сенімді жұмыс жасауы, әлеуметтік-экономикалық тиімділігі шаруашылықты тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Көлік және коммуникация саласын елімізде дамытудың негізгі бағыттарын:

- көлік және коммуникация жүйесінің бәсекеқабілеттілігін арттыру;
- көлік және коммуникация жүйесіндегі қауіпсіздікті нығайту;
- тасымалдау мен байланыс рыногындағы қызмет көрсетулердің сапасын арттыру;
- шалғай аймақтарда көлік және байланыс инфрақұрылымдарының дамуына жағдай жасау арқылы оң әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге қол жеткізуге болады.

Қазақстан әлемдік көлік-коммуникация жүйесінің бөлігі болуы үшін елімізде жұмыстар атқарылып жатыр. Ғаламдану заманы еліміздің барлық көлік инфрақұрылымын жеделдете дамытуды талап етіп отыр. Аймақтық дамумен байланысқан ұзақ мерзімді көлік стратегиясының нақты бағыты Елбасының «Нұрлы жол» халыққа жолдауында айқындалды. Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – ұшқан құстың қанаты талатын ұлан-ғайыр аумақтың иесі... «Елдің өркенін білгің келсе, жолына қара» деген қағида қалыптасқан... Көне замандарда ірі қалаларымыздың көбі Ұлы Жібек жолын жағалай қоныс тепкен. Қазір де қайнаған тіршілік күре жолдардың бойында. Жол – шын мәнінде өмірдің өзегі, бақуатты тірліктің қайнар көзі. Барлық аймақтар теміржолмен, тас жолмен, әуе жолымен өзара тығыз байланысуы керек.

Астанада тоғысқан тоғыз жолдың торабы елорданың жасампаздық рухын тарататын өмір-тамырға айналуы тиіс. Аймақтардың өзара байланысын жақсарту елдің ішкі әлеуетін арттырады. Облыстардың бір-бірімен сауда-саттығын, экономикалық байланыстарын нығайтады...», – деп көлік инфрақұрылымын дамытудың сәулетілік қағидасын көрсетіп берді [2].

Көрсетілген бағытқа сәйкес, *біріншіден*, транспорттық-логистикалық инфрақұрылымды дамыту ұсынылды. Хабтар қағидасы бойынша макроаймақтарды қалыптастыру аясында жүзеге асырылатын болады. Бұл жерде инфрақұрылымдық каркас сәулетілік қағида бойынша Астанамен және макроаймақтарды магистралды автомобиль, теміржол және әуе жолдарын бір-бірімен байланыстыратын болады. *Екіншіден*, бәрінен бұрын негізгі авто жолдар жобаларын жүзеге асыру қажеттігі айтылды, олар Батыс Қытай – Батыс Еуропа; Астана – Алматы; Астана – Өскемен; Астана – Ақтөбе – Атырау; Алматы – Өскемен; Қарағанды – Жезқазған – Қызылорда; Атырау – Астрахань жобалары. Сонымен қатар шығыста логистикалық хаб және елдің батысында теңіз инфрақұрылымын жасауды жалғастыру қажеттігі ескерілді.

Әлеуметтік рыноктық экономикада ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда инфрақұрылым қызметтерін, атап айтқанда, көлік және коммуникация салаларының халыққа сапалы қызмет көрсетулерін жақсартуда тиімді механизмдерді пайдалану орын алады. Көлік және коммуникация қызметтері инфрақұрылым қызметтерінің құрамды бөлігі ретінде қоғамның еңбек әлеуетінің қалыптасуымен, әлеуметтік кепілдіктерді іске асырумен, адамның өмір сүру сапасы және оның әл-ауқатымен байланысты мәселелерді шешеді. Қазіргі таңда экономиканың әртүрлі салаларының қызмет ету тиімділігіне және халықтың өмір сүруін қамтамасыз ету мүдделеріне қолайлы жұмыс жасайтын, тиімді, қауіпсіз көлік және коммуникация саласы қоғамның әлеуметтік үрдістерінің дамуына әсер етеді.

Дамыған елдердің тәжірибесіне көз салатын болсақ, әрбір байланысқа салынған 1 АҚШ долл. 3-4 АҚШ долл.-ына дейін пайда әкелетінін байқаймыз. Инфрақұрылымның, әсіресе көлік және байланыстың дамуы жалпы дүниежүзілік экономикалық және саяси үдерістерге байланысты.

Көлік және коммуникация қызметтері тұтынушылардың талғамына және экономикаға бағытталған болуы тиіс. Олар республи-



ликадағы қалалық және ауылдық мекендердің арасын байланыстыра отырып, мемлекеттің әкімшілік және аймақтық тұтастығын, қорғаныс қабілеттілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды орын алуа.

Қызмет көрсететін көлік және коммуникация инфрақұрылымының басқа түрлерімен қатар сыртқы саяси, экономикалық, әлеуметтік мақсаттарға жетудің маңызды факторы бола отырып, қоғамның тіршілік әрекетін негізгі жағдайлармен қамтамасыз етеді.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Коммуникативтік инфрақұрылым және оның даму динамикасы.
2. Рыноктық инфрақұрылым аясындағы коммуникативтік жүйе.
3. Коммуникативтік жүйенің классификациясы.
4. Байланыс инфрақұрылымы және оның дамуы. Коммуникативтік жүйе элементтері.
5. Көлік инфрақұрылымы және оны дамыту мәселелері.

**«Еңбек және ақпарат рыноктарының инфрақұрылымы»  
бөлімі бойынша білімді бағалау формалары**

**СӨЖ сұрақтары**

1. Еңбек рыногындағы сұраныс пен ұсынысқа талдау.
2. Жұмыспен қамтудың мемлекеттік қызметінің міндеттері.
3. Биржа қызметкерлерінің жауапкершілігі.
4. Жұмыссыздарды тіркеу, жұмыссыздық бойынша жәрдемақы төлеу.
5. Еңбек биржасы қызметкерлерінің жауапкершілігі.
6. Ақпарат рыногы: ақпараттық, бағдарламалық, техникалық қамтамасыз ету.
7. Аудиторлық фирмалардың қызметіне талдау.
8. Консалтингтік қызмет: мәні, ерекшелігі.
9. Рыноктық инфрақұрылым аясындағы коммуникативтік жүйенің классификациясы.
10. Транспорттық инфрақұрылым және оның қызметтері.

**Рефераттар мен баяндамалар тақырыптары**

1. Еңбек рыногының инфрақұрылымы және оның даму перспективалары.
2. Қазақстандағы еңбек рыногының қазіргі жағдайына талдау.
3. Еңбек рыногы қызметінің ерекшеліктері.
4. Оқу орталықтарындағы азаматтарды кәсіби бағыттау, дайындау және қайта дайындау бойынша қызметтер.
5. ҚР ақпарат рыногының даму перспективалары.
6. Ақпараттық-коммерциялық қызмет көрсетулер: жарнамалық, делдалдық.
7. Аудиторлық компаниялардың Қазақстан Республикасында қалыптасуы мен дамуы.

8. ҚР консалтингтік компаниялардың қызметіне талдау.
9. Байланыс инфрақұрылымы және оның дамуы.
10. Энергожүйелер және олардың коммуникативтік қатынастағы маңызы.
11. Көлік инфрақұрылымын дамытудың сәулелік қағидасын сипаттаңыз.

### Тест тапсырмалары

**1. Жұмыс күшін, яғни адамның еңбек қабілетін тауар түрінде сату-сатып алуға байланысты болатын экономикалық қатынастар жүйесі ... деп аталады.**

- А) қор рыногы
- Ә) еңбек рыногы
- Б) тауар биржасы
- В) еңбек биржасы
- Г) еңбек жәрмеңкесі

**2. Еңбек биржасы –**

- А) жұмыс күшін тауар түрінде сату-сатып алуға байланысты болатын экономикалық қатынастар жүйесі
- Ә) еңбек қатынастары саласындағы реттеуді ұйымдастырушы, бағыттаушы және бақылаушы
- Б) еңбекті жалдау барысында жұмыскерлер мен кәсіпкерлердің арасындағы делдал
- В) жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің ортақ келісімі
- Г) жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің арасындағы еңбек қатынастарының ерекше формасы

**3. Еңбек рыногының қанша моделі бар?**

- А) 5
- Ә) 3
- Б) 4
- В) 1
- Г) 2

**4. «Жұмыссыздарды қаржы жағынан қолдау орнына жұмыс бер» деген ұран қай елде кең қолданылады?**

- А) Ұлыбританияда
- Ә) Францияда
- Б) Германияда
- В) Оңтүстік Кореяда
- Г) Жапонияда

**5. «Өмір бойына жалдану жүйесінің» орын алуы еңбек рыногының қайсы моделінің басты ерекшелігі болып табылады?**

- А) америкалық модель
- Ә) ағылшандық модель
- Б) германдық модель

- В) шведтік модель  
Г) жапондық модель
- 6. Экономикалық әдебиеттерде еңбек рыногының қандай екі түрін бөліп көрсетеді?**
- А) сыртқы және ішкі  
Ә) ашық және жабық  
Б) жетілген және жетілмеген  
В) толық және ішінара  
Г) мемлекеттік және мемлекеттік емес
- 7. ҚР-дың «Ақпараттандыру туралы» Заңы қашан қабылданған?**
- А) 2002 жылы 14 маусымда  
Ә) 1998 жылы 20 қарашада  
Б) 2003 жылы 8 мамырда  
В) 2000 жылы 25 мамырда  
Г) 2001 жылы 3 шілдеде
- 8. ҚР-дың «Аудиторлық қызмет туралы» Заңы қашан қабылданған?**
- А) 2002 жылы 14 маусымда  
Ә) 2003 жылы 8 мамырда  
Б) 2000 жылы 25 мамырда  
В) 1998 жылы 20 қарашада  
Г) 2001 жылы 3 шілдеде
- 9. «Аудиторлық қызмет туралы» Заңға сәйкес аудиттің келесідей түрлері бар?**
- А) рұқсат етілген және бастамашылық  
Ә) республикалық және халықаралық  
Б) міндетті және міндетті емес  
В) мемлекеттік және мемлекеттік емес  
Г) міндетті және бастамашылық
- 10. Заңға сәйкес аудиторлық қызметтің негізгі принциптері төмендегідей:**
- А) тәуелсіздік, құпиялылық, объективтілік  
Ә) тәуелділік, есеп берушілік  
Б) толық дербестік, ресмилік  
В) объективтілік, бағыныстылық  
Г) шеберлік және ептілік
- 11. Қаржылық есептілігі және өзге де ақпараты бойынша аудит жүзеге асырылатын заңды тұлға ... деп аталады.**
- А) аудиттелетін субъект  
Ә) аудиттелетін объект  
Б) аудиторлық ұйым  
В) аудитор  
Г) уәкілетті мемлекеттік орган

- 12. Аудиторлық қызметті жүзеге асыру үшін құрылған коммерциялық ұйым ... деп аталады.**
- А) аудиттелетін субъект
  - Ә) аудиттелетін объект
  - Б) аудиторлық ұйым
  - В) аудитор
  - Г) уәкілетті мемлекеттік орган
- 13. Міндеті арнаулы салада ұйымдық-экономикалық және ғылыми-техникалық инновацияларды қолдану мен дамыту, перспективаны анықтау болып табылатын интеллектуалды іс-әрекеттің бір түрі:**
- А) консалтинг
  - Ә) аудит
  - Б) лизинг
  - В) листинг
  - Г) делистинг
- 14. Еңбек ресурстарын тарту мен оларды қолдануды оптималдауда менеджерлерге көмек көрсететін кеңес берушілер қалай аталады?**
- А) маркетинг бойынша кеңес берушілер
  - Ә) әкімшілік басқару бойынша кеңес берушілер
  - Б) кадрларды басқару бойынша кеңес берушілер
  - В) ақпараттық технология бойынша кеңес берушілер
  - Г) қаржылық басқару бойынша кеңес берушілер
- 15. Аудиттің басты арналымы ... болып табылады.**
- А) ақылы кеңес беру
  - Ә) қаржылық есептілікті тексеру
  - Б) мүліктерді басқару
  - В) бағалы қағаздарды орналастыру
  - Г) еңбек күшін тарту
- 16. Қаржылық басқару бойынша кеңес берушілер келесі негізгі міндетті шешуге қабілетті:**
- А) өткізу нарығын зерттеу
  - Ә) еңбек ресурстарын тарту
  - Б) бюджет қаражаттарын тарту
  - В) бюджет шығындарын азайту
  - Г) қаржыландыру көздерін іздестіру және оны тиімді пайдалану
- 17. ... кәсіпорынның өндірген өнімінің тұтынушылармен сатылып алынуына жәрдемдеседі.**
- А) ақпараттық технология бойынша кеңес берушілер
  - Ә) әкімшілік басқару бойынша кеңес берушілер
  - Б) маркетинг бойынша кеңес берушілер
  - В) қаржылық басқару бойынша кеңес берушілер
  - Г) кадрларды басқару бойынша кеңес берушілер

**18. ҚР телекоммуникация желісін дамыту модернизациясының Ұлттық бағдарламасының ғаламдық міндеті:**

- А) мемлекеттің жалғыз ақпараттық технологиялық инфрақұрылымын қалыптастыру
- Ә) теледидарды дамыту
- Б) байланыс құралын дамыту
- В) шетелдік тікелей және портфельдік инвестициялар
- Д) ақпараттық супермагистраль құрылысы

**19. Трансазиялық магистраль бойынша Стамбул (Түркия) және Тяньюньган (ҚХР) арасындағы жүк тасудың теңіз жолымен салыстырғандағы (Парсы шығанағы және Суэц арнасы арқылы) қысқаруы:**

- А) 8,5 мың км
- Ә) 5,7 мың км
- Б) 3,4 мың км
- В) 2 мың км
- Г) 10 мың км құрайды

**20. Көлік –**

- А) әлеуметтік инфрақұрылым
- Ә) институционалдық инфрақұрылым
- Б) саяси инфрақұрылым
- В) магистральдық инфрақұрылым
- Г) ақпараттық инфрақұрылым

**21. Көліктің негізгі көлем көрсеткіші:**

- А) қозғалыс құрамының жүк көтеруі
- Ә) тасымалдаудың орташа қашықтығы
- Б) байланыс жолының ұзақтығы
- В) орташа тәуліктік жол жүруі
- Г) жүк айналымы

**22. Еуропа – Азия байланысындағы арналар саны:**

- А) 1500 арна
- Ә) 10000 арна
- Б) 8000 арна
- В) 20000 арна
- Г) 18000 арна

**23. Лизингке берілген мүлікке қызмет көрсету көлемі бойынша лизинг:**

- А) таза лизинг
- Ә) толық қызметтер жиынтығы бар лизинг
- Б) ішінара қызметтері бар лизинг
- В) таза лизинг, толық қызметтер жиынтығы бар лизинг, ішінара қызметтері бар лизинг
- Г) таза лизинг, толық қызметтер жиынтығы бар лизинг болып бөлінеді

**24. Лизингтік төлемдер сипаты бойынша:**

- А) ақшалай төлемді лизинг
- Ә) өтемақы лизинг
- Б) аралас төлемді лизинг
- В) ақшалай төлемді лизинг, өтемақы лизинг, аралас төлемді лизинг
- Г) ақшалай төлемді лизинг, аралас төлемді лизинг болып бөлінеді

**25. Ақпараттық-коммерциялық қызметтер:**

- А) сату және сатып алуды ұйымдастыру үшін клиенттің тапсырысы бойынша ақпарат беру
- Ә) ақпаратты кім және қандай жағдайларда беретіндігіне тәуелді емес
- Б) олардың соңғы өнімі тек ақпарат емес, жасалған келісімшарт
- В) коммерциялық құпия туралы заңдылыққа байланысты емес
- Г) жарнама қызметіне ұқсас

**26. Қазақстанның 2015 жылға дейін көлік стратегиясын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан территориясы арқылы өтетін ірі автомобиль магистралін көрсетіңіз:**

- А) Астана – Алматы
- Ә) Транссібір
- Б) Шымкент – Самара
- В) Батыс Еуропа – Батыс Қытай
- Г) Алматы – Өскемен

**27. Қазақстандағы телефон байланысын жүзеге асырушы монополист компаниясын көрсетіңіз:**

- А) K'cell
- Ә) Beeline
- Б) «Қазақтелеком»
- В) «Қазпошта»
- Г) Activ



## 5 ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТТЕР РЫНОГЫ

Туризм әлемдік экономикада маңызды рөлге ие екендігі белгілі. Рыноктық экономиканың тиімді қызмет етуі мен дамуының негізгі механизмі – бәсеке. Сондықтан да бәсеке мен өндірген өнімнің бәсекеге қабілеттілігі жоқ рыноктық экономиканы тиімді, ал оның өсуін тұрақты деп айтуға болмайды. Туризмді дамыту бағдарламаларына қарамастан елімізде туризм саласында бәсекелік орта әлі қалыптаспаған.

Қазіргі заманғы туризм индустриясы халықаралық инвестицияның 11%-дан астамын берсе, әлемдік өндірістегі әрбір 9-ыншы жұмыс орны осы салаға тиесілі. Бүгінде туризм тұрақты дамушы әрі жоғары табысты салалардың бірі болып табылады. Туризмнен түскен табыс мұнай мен мұнай өнімдерінің экспорты мен автомобиль саудасынан кейін үшінші орында тұр. Егер Бүкіләлемдік Туристік Ұйымның (БТҰ) зерттеуіне көз салсақ, туризмді мемлекеттің экономикалық, мәдени және әлеуметтік дамуына тікелей әсер ететін сала деп түсінуге болады.

*Туризм* – саяхаттап жүрген және демалыс мақсатында, іскерлік және басқа мақсаттармен, қатарынан бір жылдан аспайтын кезең ішінде әдеттегі ортасынан тыс жерлерде болуды жүзеге асыратын адамдардың іс-әрекеті.

Сарапшылардың пікірінше, туризмді дамыту бойынша Қазақстанның бәсекелестік артықшылығы келесілер:

- бірегей мәдениетінде (мәдени-танымдық туризм);
- бай табиғи әлеуетінде (экологиялық туризм);
- өсіп келе жатқан іскерлік белсенділігінде (іскерлік туризм);
- сондай-ақ спорт және хикаялы туризм секілді демалыстың белсенді түрлерімен шұғылдану мүмкіндігінде деп есептеледі.



Италия (Рим, Венеция), АҚШ (Лас-Вегас, Гавай аралдары), Египет (Каир, Гиза, Александрия) пен Түркиядағы (Бодрум, Мармарис, Анталья) әлемдік туристік орталықтар туризм инфрақұрылымының негізін заманауи үш, төрт және бес жұлдызды қонақүйлер, театрлар, ойын-сауық орталықтары құрайды. Сонымен қатар бұл туристік орталықтардың бай тарихи-мәдени мұра мен табиғи-климаттық жағдайлардың рөлі маңызды болды. Осыған сәйкес, мемлекет туризмді дамыта отырып шағын және орта кәсіпкерліктің және инфрақұрылымның дамуын жан-жақты қолдайды. Республикада шағын кәсіпкерлікті қолдау қоры мен басқа да отандық даму институттарының мүмкіндіктері мен ресурстарын тарту арқылы туристік және жәдігерлік өнімдер индустриясын құру және дамыту жөнінде шаралар қабылданды [45].

Туристік кластердің ядросы қызметтерді пайдаланушы туристерді елімізге тартушы туристік агенттіктер болып табылады. Демалыс үйлері, қонақүйлер, тамақтану орындары, жолаушы тасымалдау компаниялары және т.с.с. туристік бизнесте маңызды болып табылатын нысандар туристерге ұсынылатын қызметтерді қамтиды. Сондай-ақ туристердің қызығушылығын тудыратын нысандар жеткілікті. Отандық туристік компаниялар туризмнің келесі түрлерін көрсете алады. Олар: мәдени, тарихи, экологиялық, спорттық, сауықтыру және аң аулау. Бірақ елімізде олардың дамуы баяу. Туристік инфрақұрылымның даму деңгейіне елдің ішкі туризмінің дамуы тәуелді болады. Қазақстан Республикасында қазіргі уақытта 1 386 туристік фирма қызметтерін жүзеге асырады. Солардың аз ғана бөлігі ішкі туризмді дамытуға үлестерін қосуда. Қалғандары, негізінен, сыртқа шығу қызметтерін ұсынады.

Төмендегі 22-кестеде 2014 жылы елімізде ішкі туризм тек 16%-ды құраса, шығу туризмі 84%-ды құрап отыр. Келу туризмі 2 307 бірлікті ғана құраған. Бұл мәліметтерден туристік инфрақұрылымның толық дамымағандығынан сыртқа шығушылардың саны келушілерге қарағанда бұрынғыша артып отырғандығын көреміз.

Қазіргі таңда туристік инфрақұрылымды дамыту мәселелерінің жеткілікті деңгейде көтеріліп отырғандығына қарамастан, демалушы алатын қызмет көрсету орындарының кейбір аймақта

айтарлықтай дамымағандығы, бар жерлердің өзінде туристік қызметтердің сапаларының төмендігі байқалады.

22-кесте

**Сатылған жолдамалардың саны мен құны туризм түрлері бойынша**

|                               | Барлығы, бірлік | Соның ішінде  |                 |  |                 | Сатылған жолдамалар құны, мың теңге | Келген адам-күндер |
|-------------------------------|-----------------|---|-----------------|--|-----------------|-------------------------------------|--------------------|
|                               |                 | туристік қызметтердің толық кешені кіретін жолдамалар |                 | қызметтердің жекелеген түрлері ғана кіретін жолдамалар |                 |                                     |                    |
|                               |                 | саны, бірлік  | құны, мың теңге | саны, бірлік   | құны, мың теңге |                                     |                    |
| <b>Барлығы</b>                | 168 460         | 113 671   | 20 186 823,0    | 54 789   | 2 021 478,5     | 22 208 301,5                        | 1 512 357          |
| Келу туризмі                  | 2 307           | 805   | 133 442,5       | 1 502  | 137 262,0       | 270 704,5                           | 8 876              |
| ТМД                           | 747             | 67  | 6 861,7         | 680  | 80 386,7        | 87 248,4                            | 3 018              |
| ТМД-дан тыс                   | 1 560           | 738   | 126 580,8       | 822  | 56 875,3        | 183 456,1                           | 5 858              |
| Шығу туризмі                  | 143 660         | 100 060   | 19 439 948,9    | 43 600   | 1 674 966,9     | 21 114 915,8                        | 1 394 003          |
| ТМД                           | 4 189           | 3 540   | 171 715,0       | 649  | 73 780,9        | 245 495,9                           | 23 634             |
| ТМД-дан тыс                   | 139 471         | 96 520  | 19 268 233,9    | 42 951   | 1 601 186,0     | 20 869 419,9                        | 1 370 369          |
| одан 16 жасқа дейінгі балалар | 12 567          | 11 871  | 1 657 423,1     | 696  | 74 014,0        | 1 731 437,1                         | 143 619            |
| Ішкі туризм                   | 22 493          | 12 806  | 613 431,6       | 9 687  | 209 249,6       | 822 681,2                           | 109 478            |
| одан 16 жасқа дейінгі балалар | 3 611           | 3 438   | 296 486,1       | 173  | 2 641,0         | 299 127,1                           | 36 427             |

Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері негізінде. stat.kz.

23-кесте

## Орналастыру орындарының түрлері бойынша, саны

|                               | Барлығы | Соның ішінде                |                             |              |         |                         |                 |                    |   | басқа да орналастыру орыны |         |
|-------------------------------|---------|-----------------------------|-----------------------------|--------------|---------|-------------------------|-----------------|--------------------|---|----------------------------|---------|
|                               |         | мейрамханасы бар қонақүйлер | мейрамханасы жоқ қонақүйлер | дема-лыс үйі | мо-тель | туристтік база (лагерь) | балалар лагерьі | дема-лыс пансионат | бунгало, ауылдық үйлер (шале), коттеждер, кішігірім үйлер және пәтерлер |                            | кемпинг |
| <b>Қазақстан Республикасы</b> | 1 654   | 386                         | 759                         | 31           | 4       | 22                      | 54              | 22                 | 340   | 4                          | 32      |
| Ақмола                        | 225     | 56                          | 51                          | 1            | 2       | 2                       | 14              | 2                  | 91  | 1                          | 5       |
| Ақтөбе                        | 47      | 17                          | 18                          | -            | -       | 3                       | 6               | -                  | -   | 3                          | -       |
| Алматы                        | 189     | 36                          | 88                          | 2            | -       | -                       | -               | -                  | 63  | -                          | -       |
| Атырау                        | 43      | 27                          | 14                          | -            | -       | -                       | -               | -                  | -   | -                          | 2       |
| Батыс Қазақстан               | 44      | 14                          | 20                          | -            | -       | 1                       | -               | -                  | 6   | -                          | 3       |
| Жамбыл                        | 62      | 15                          | 45                          | -            | -       | -                       | -               | -                  | 1   | -                          | -       |
| Қарағанды                     | 150     | 48                          | 54                          | 5            | 2       | 2                       | 9               | 18                 | 6   | -                          | 6       |
| Қостанай                      | 81      | 18                          | 56                          | -            | -       | 2                       | -               | -                  | 3   | -                          | 2       |
| Қызылорда                     | 58      | 11                          | 35                          | -            | -       | -                       | -               | -                  | 12  | -                          | -       |
| Маңғыстау                     | 53      | 19                          | 27                          | 1            | -       | -                       | 1               | -                  | 1   | -                          | 5       |
| Оңтүстік Қазақстан            | 104     | 17                          | 62                          | -            | -       | 1                       | 7               | -                  | 17  | -                          | -       |
| Павлодар                      | 59      | 13                          | 25                          | 19           | -       | -                       | 1               | 1                  | -   | -                          | -       |
| Солтүстік Қазақстан           | 53      | 10                          | 26                          | -            | -       | 10                      | -               | -                  | 5   | -                          | 2       |
| Шығыс Қазақстан               | 265     | 23                          | 84                          | 3            | -       | 1                       | 15              | 1                  | 135   | -                          | 3       |
| Астана қаласы                 | 136     | 36                          | 100                         | -            | -       | -                       | -               | -                  | -   | -                          | -       |
| Алматы қаласы                 | 85      | 26                          | 54                          | -            | -       | -                       | 1               | -                  | -   | -                          | 4       |

Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері негізінде. stat.kz.

23-кестеде туристерді орналастыру орындары Шығыс Қазақстан, Ақмола, Алматы, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстарында және Астана қаласында көп орналасқан. Ал Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарында олардың саны салыстырмалы аз. Қазақстан бойынша орналастыру орындары – 1 654. Оның 69,2%-ын қонақүйлер құрайды. Оның 1,3% -ы – туристік базалар, 1,9%- ы – демалыс үйлері. Ал тарихи орындар бойынша туристік қызметтерді жергілікті жердегілер өз деңгейінде ұсына алмай отыр. Мұның бәрі туризмді дамытатын орындардың болғанымен, оған қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету деңгейі төмендігінен орын алып отыр.

24-кесте

**Туризм түрлері бойынша келушілер сапарларының негізгі мақсаттары**

| Адам           | Барлығы | Соның ішінде                      |                                |                                |        |              |                   |
|----------------|---------|-----------------------------------|--------------------------------|--------------------------------|--------|--------------|-------------------|
|                |         | бос уақыт, рекреация және демалыс | таныстар мен туыскандарға бару | іскерлік және кәсіби мақсаттар | емделу | дін, қажылық | өзге де мақсаттар |
| <b>Барлығы</b> | 10 000  | 2 602                             | 3 656                          | 2 264                          | 1 167  | 141          | 170               |
| Келу туризмі   | 905     | 252                               | 409                            | 160                            | 70     | 2            | 12                |
| Шығу туризмі   | 1 264   | 535                               | 397                            | 163                            | 129    | 11           | 29                |
| Ішкі туризм    | 7 831   | 1 815                             | 2 850                          | 1 941                          | 968    | 128          | 129               |

*Дерек көзі:* ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері негізінде. stat.kz.

24-кестеде сырттан келушілердің таныстар мен туыскандарға баруы келу туризмінің негізінен 45%-ын құрап отыр. Келушілердің 27,8%-ы ғана бос уақыт, рекреация және демалыс мақсатында елге келген. Сырттан келетіндердің туристік орындар туралы хабарының жоқтығынан немесе инфрақұрылымның дамымағандығынан бұл мақсатпен келушілер аз екендігін байқауға болады. Шығу туризмі елдегі туризм түрлерінің 12,6%-ын құрайды. Керісінше, бұл жерде сыртқа шығушылардың көбі бос уақыт, рек-

реация және демалыс мақсатында 42,3%-ы шығу туризмін жасайды, ал таныстар мен туысқандарға баруы 31,4%-ды көрсетіп отыр. Ішкі туризм еліміздегі туризмнің 78,3%-ын құрап отыр. Оның 23,2%-ын бос уақыт, рекреация және демалыс мақсатында демалушылар алады. Емделуге тұрғындардың 12,4%-ы ғана барады. Бұл жерде тұрғындар емделу орындарын білмейді немесе бағасы қолжетерлік емес және денсаулыққа мән бере бермейтіндігімен байланыстыруға болады.

25-кесте

## Туристік қызметтің негізгі көрсеткіштері

|                                      | Туризм түрлері бойынша қызмет көрсетілген келушілер саны, мың адам |         |          |
|--------------------------------------|--|---------|----------|
|                                      | Соның ішінде   |         |          |
|                                      | шығу   | келу    | ішкі     |
| 2014 жылдың қаңтары – қыркүйегінде   |  |         |          |
| <b>Барлығы</b>                       | 7 843,6  | 4 777,7 | 3 150,5* |
| Соның ішінде                         |  |         |          |
| орналастыру орындармен               | -  | 500,7   | 2 420,4  |
| санаторийлік-курорттық мекемелермен  | -  | 53,0    | 212,0    |
| ерекше қорғалатын табиғи аумақтармен | -  | 222,0   | 518,1    |
| 2013 жылдың қаңтары – қыркүйегінде   |  |         |          |
| <b>Барлығы</b>                       | 7 714,4  | 5 068,7 | 2704,0*  |

Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері негізінде. stat.kz.

25-кестеде 2014 жылы қызмет көрсетілген келушілер саны 2013 жылмен салыстырғанда 6%-ға төмендеген. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда қызмет көрсетулер келу туризміне қарағанда ішкі туризм бойынша 43%-дан көп келушілерге қызметтер көрсетілген. Шығу туризмі бойынша қызмет көрсетілген сыртқа шығушылар саны 1,6%-ға өскен.

26-кесте

## Туристік фирмалардың қызметі мен дара кәсіпкерлер

|                               | Кәсіпорындар саны, бірлік |  |                 |                         |         |              | Есепті кезеңде орта есеппен алғандағы қызметкерлердің тізімдік саны, адам |       |    | Маусымдық қызметкерлер |
|-------------------------------|---------------------------|--|-----------------|-------------------------|---------|--------------|---|-------|----|------------------------|
|                               | барлығы                   | Соның ішінде туристік қызмет түрлері бойынша |                 |                         | барлығы | Соның ішінде |   |       |    |                        |
|                               |                           | тур-агенттік                                 | тур-операторлық | өзге де туристік қызмет |         | ерлер        | әйелдер   |       |    |                        |
| <b>Қазақстан Республикасы</b> | 1 386                     | 400  | 931             | 1                       | 54      | 4 693        | 1 014   | 3 679 | 47 |                        |
| Ақмола                        | 44                        | 17   | 26              | -                       | 1       | 104          | 28  | 76    | 28 |                        |
| Ақтөбе                        | 32                        | 12   | 20              | -                       | -       | 85           | 12  | 73    | -  |                        |
| Алматы                        | 35                        | 19   | 8               | 1                       | 7       | 119          | 55  | 64    | -  |                        |
| Атырау                        | 38                        | 12   | 26              | -                       | -       | 154          | 25  | 129   | 6  |                        |
| Батыс Қазақстан               | 25                        | -  | 25              | -                       | -       | 61           | 7   | 54    | -  |                        |
| Жамбыл                        | 27                        | 17   | 10              | -                       | -       | 56           | 19  | 37    | 1  |                        |
| Қарағанды                     | 150                       | 33   | 116             | -                       | 1       | 378          | 60  | 318   | 1  |                        |
| Қостанай                      | 56                        | 10   | 45              | -                       | 1       | 177          | 39  | 138   | -  |                        |
| Қызылорда                     | 10                        | 2  | 8               | -                       | -       | 32           | 7   | 25    | -  |                        |
| Маңғыстау                     | 13                        | 4  | 9               | -                       | -       | 61           | 8   | 53    | -  |                        |
| Оңтүстік Қазақстан            | 90                        | 19   | 69              | -                       | 2       | 181          | 61  | 120   | 7  |                        |
| Павлодар                      | 51                        | 5  | 45              | -                       | 1       | 170          | 18  | 152   | 1  |                        |
| Солтүстік Қазақстан           | 19                        | 7  | 12              | -                       | -       | 71           | 17  | 54    | -  |                        |
| Шығыс Қазақстан               | 31                        | 13   | 18              | -                       | -       | 188          | 50  | 138   | -  |                        |
| Астана қаласы                 | 252                       | 63   | 186             | -                       | 3       | 696          | 99  | 597   | -  |                        |
| Алматы қаласы                 | 513                       | 167  | 308             | -                       | 38      | 2 160        | 509   | 1 651 | 3  |                        |

Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері негізінде. stat.kz.

26-кестеге сәйкес, елдегі туристік кәсіпорындардың саны – 1 386, олардың көбі Алматы, Астана, Қарағанды және Оңтүстік Қазақстанда орналасқан. Негізінен, көрсетілетін туристік қызмет түрлері – турагенттік және туроператорлық. Экскурсиялық қызмет тек Алматы облысында тіркелген. Туристік кәсіпорындарда жұмыспен қамтылғандар саны – 4 693, оның үлкен бөлігі Алматы қаласында. Маусымдық қызметкерлер саны – 47.

Қазақстандағы туризмнің әлсіз дамуының себептері:

- туристік кадрларды дайындаудың тиімсіз жүйесі;
- туристік инфрақұрылым дамуының төмен деңгейі (қонақүйлер, көлік, жолдар);
- ғылыми және жарнамалық-ақпараттық қамтамасыз етуде инвестицияның жоқтығы;
- жетілмеген туристік заңнамалар;
- кедендік қатынастар мен басқа да экономикалық байланыстардың әлсіз реттелушілігі;
- сервистік қызмет көрсету деңгейінің төмендігі;
- экологиялық проблемалар.

Туризм инфрақұрылымының жеткіліксіз дамуын, қаржылық ресурстардың шектеулігін ескере отырып, келесі өңірлерде үш, екі жұлдызды қонақүйлер желісі мен туркластер құрылысына бағытталған өңірлік деңгейдегі «Еурокемпинг» жобасын іске асыру шеңберінде мейманханалар, қонақүйлер мен мотельдер, сондай-ақ кемпингтер желісін Ақмола облысы – Көкшетау қ. Зеренді қ. және Щучинск қ.; Алматы облысы – Текелі қ. Жаркент қ.; Жамбыл облысы – Тараз қ. («Тектұрмас» архитектуралық кешенінің аумағында), Байзақ ауданы («Ақыртас» көне қалашығының аумағында), Жуалы ауданының Б. Момышұлы ауылында салудың бірінші кезектегі құрылысының басымдықтарын айқындау қажет.

Келесі 27-кестеде еліміздегі курорттық аймақтардың келушілерді орналастыру мүмкіндіктері берілген. Кестеден қай курорттық зонаның қызмет көрсету көлемі мен орналастыру орындарының аз екендігін көруге болады, мысалы Нұртау таушаңғы курорты, Окуньки демалыс аймағы, Сарыағаш курорттық аймағы. Қызмет көрсетілген келушілер саны, негізінен, Шортанды-Бурабай курорттық аймағында, Алакөл курорттық аймағында, Бұқтырма курорттық аймағында, Алматы курорттық аймағында 45 мыңнан асады. Кендірлі курорттық аймағының орналастыру орындарының санының аздығына қарамастан көрсетілген қызмет көлемі салыстырмалы жоғары және ол 177 097 мың теңгені құрап отыр.

27-кесте

## Қурорттық аймақтар бойынша орналастыру орындарының негізгі көрсеткіштері

|                                   | Орналастыру орындарының саны, бірлік | Қызмет көрсетілген келушілер саны, адам | Бөлмелер саны, бірлік | Бір жолғы сыйымдылығы, төсек-орын | Ұсынылған төсек-тәулік | Көрсетілген қызмет көлемі, мың теңге |
|-----------------------------------|--------------------------------------|---|-----------------------|-----------------------------------|------------------------|--------------------------------------|
| <b>Қазақстан Республикасы</b>     | 566                                  | 416 920                                 | 11 634                | 36 669                            | 1 110 874              | 5 701 297                            |
| Шортанды-Бурабай курорттық аймағы | 184                                  | 99 400                                  | 2 986                 | 8 188                             | 282 874                | 2 613 361                            |
| Алматы курорттық аймағы           | 125                                  | 49 725                                  | 1 723                 | 4 230                             | 125 781                | 750 698                              |
| Баянауыл курорттық аймағы         | 17                                   | 19 658                                  | 784                   | 2 306                             | 68 823                 | 279 288                              |
| Қарқаралы курорттық аймағы        | 13                                   | 19 586                                  | 1 275                 | 3 005                             | 74 752                 | 268 053                              |
| Кендірлі курорттық аймағы         | 1                                    | 9 344                                   | 92                    | 158                               | 10 266                 | 177 097                              |
| Сарыағаш курорттық аймағы         | 4                                    | 1 860                                   | 48                    | 80                                | 1 958                  | 10 890                               |
| Қостанай курорттық аймағы         | 7                                    | 5 201                                   | 169                   | 2 004                             | 33 350                 | 84 937                               |
| Алтай курорттық аймағы            | 13                                   | 8 171                                   | 165                   | 419                               | 24 510                 | 118 188                              |
| Нұрғау таушаңғы курорты           | 1                                    | 328                                     | 17                    | 111                               | 420                    | 1 319                                |
| Алтай Альпісі таушаңғы курорты    | 8                                    | 9 482                                   | 181                   | 1 201                             | 28 415                 | 121 260                              |
| Алакөл курорттық аймағы           | 73                                   | 92 261                                  | 1 065                 | 3 388                             | 146 914                | 398 044                              |
| Зеренді курорттық аймағы          | 11                                   | 11 264                                  | 225                   | 688                               | 27 159                 | 115 140                              |
| Балқаш көлінің жағалық аймағы     | 41                                   | 33 367                                  | 676                   | 1 932                             | 49 162                 | 211 781                              |
| Бұқтырма курорттық аймағы         | 62                                   | 49 040                                  | 2 016                 | 8 129                             | 214 824                | 479 026                              |
| Сібір көлдері                     | 5                                    | 5 417                                   | 143                   | 548                               | 16 096                 | 62 428                               |
| Оқуныкі демалыс аймағы            | 1                                    | 2 816                                   | 69                    | 282                               | 5 570                  | 9 786                                |

Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері негізінде. www.stat.kz.



Туристік бизнес кәсіпкерлері үшін елімізде гранттар, техникалық көмек және инвестициялар тарта отырып, бизнес-жоспарлар құру мен инвестициялық жобалар жасау бойынша оқытып үйрету семинарларын жыл сайын өткізу қамтамасыз етілген. Туристік инфрақұрылымды дамыту мақсатында туристік қызметті мемлекеттік реттеу мен қолдау жүйесін дамыту негізінде 2007 жылы бірнеше бағдарламалар: «Туризм және спорт саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету», «Қазақстанның туристік имиджін қалыптастыру», «Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2007 – 2011 жылдарға арналған» мемлекеттік бағдарламалары қабылданған. Туризм инфрақұрылымын дамыту және инвестициялық ахуалды жақсарту мәселелерін шешу үшін мынадай шараларды:

- туризмді мемлекеттік реттеу мен қолдаудың тиімді тетігін жасау;
- елдің тартымды туристік имиджін қалыптастыру;
- рекреациялық шаруашылық мамандануы бар аймақтар қалыптастыру;
- туристік кадрларды сапалы дайындауды қамтамасыз ету;
- аймақтарда сапалы электр беру желісін жүргізу;
- сумен жабдықтау және су беру жүйесінің құрылысын салу;
- телефон желісін төсеу немесе өткізу және спутниктік байланыспен қамтамасыз ету;
- көлік жолдарын салуды жүзеге асыру қажет.

Туристік инфрақұрылымды Қазақстанда дамыту, азаматтардың бос уақыттарын тиімді пайдалану және денсаулықтарын нығайту да маңызды әлеуметтік мәселені шешуге өз әсерін тигізеді. Елімізде оның дұрыс ұйымдастырылуы еңбек өнімділігінің деңгейін және қалыпты моральды-психологиялық жағдайды қолдап, жұмыс күшінің ұдайы өндірілуіне жағдай туғызады.

#### **«Туристік қызметтер рыногы» тақырыбы бойынша білімді бағалау түрлері**

##### **СӨЖ сұрақтары**

1. Қазіргі таңда елімізде туризмді аймақтарда дамыту мәселелері.
2. Туроператор, турагенттер сипаттамалары.
3. Қонақүй шаруашылығы: маңызы, дамыту жолдары.
4. Туристік салаға кадрларды дайындау және сапалылықты қамтамасыз ету.
5. Туристік қызмет көрсетулер рыногының қызметтері.

6. Қазақстандық туристік өнім және оның потенциалы.
7. Туризмді дамыту саясатының мақсаттары мен қағидалары.
8. Туризм инфрақұрылымын дамыту мәселелері.
9. Туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

#### **Рефераттар мен баяндамалар тақырыптары**

1. ҚР-да туризмді дамытудың қазіргі жағдайы және проблемалары.
2. Қазақстанның туристік имиджін қалыптастыру.
3. Қазақстандағы туристік қызмет көрсетулер рыногы және оны дамытудың болашағы.
4. Қонақүй кешені (қонақүй жұмысын ұйымдастыру негіздері).
5. Туристік қызмет көрсетулер рыногының экономика үшін маңыздылығы.
6. ҚР-да туризмді дамытудың негізгі бағыттары.

#### **Тест тапсырмалары**

##### **1. Табыстылығы жөнінен туризм индустриясы келесі салалардан кейінгі үшінші орынды алады:**

- А) мұнай экспорты мен алтын саудасы
- Ә) мұнай экспорты мен автомобиль саудасы
- Б) автомобиль саудасы мен қор рыногы
- В) мұнай экспорты мен банктік сектор
- Г) сақтандыру нарығы мен банктік сектор

##### **2. Қазақстанда туризмді дамыту бағдарламасында келесі аймақтар перспективті деп саналады:**

- А) Ақмола, Алматы, Жамбыл облыстары
- Ә) Алматы, Қарағанды, Қостанай облыстары
- Б) Ақмола, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары
- В) Маңғыстау, Ақмола, Жамбыл облыстары
- Г) Шығыс Қазақстан, Атырау, Алматы облыстары

##### **3. Қазіргі заманғы туризм индустриясы халықаралық инвестицияның неше пайызын құрайды?**

- А) 15% шамасында
- Ә) 10%-дан астам
- Б) 25% шамасында
- В) 50% шамасында
- Г) 11%-дан астам



Қазақстанда алғашқы кедендік жарғы жаңа экономикалық саясатқа сәйкес 1924 жылы қабылданды. Одан кейін 1928 жылы қабылданған кедендік кодекс шаруашылық өмірдің толық мемлекеттендірілуге көшкенін білдірді. Сол кезеңдердегі кедендік реттеу құралдарының дамымағандығы халықаралық сауда бойынша әріптестермен жаңа қатынастарды құруды қиындатты, әлемдік рыноктағы экспортерлер көзқарасын қорғау мүмкіндіктерін шектеді. Сыртқы экономикалық қызметтің негізгі буыны министрліктер мен ведомстволар емес, жеке шаруашылық субъектісі болған жағдайда контрабанда және т.б кедендік заң бұзушылықтарға төтеп беру механизмі өз қызметін дұрыс атқара алмайтын еді. Мұның барлығы осы саладағы әлемдік тәжірибені ескеретін кедендік реттеудің жаңа құралдарына көшуге себеп болды.

Кедендік шарада шешуші жағдай болып импорттық тауарлардың кедендік бақылауы көрсетіледі. Көптеген елдердің кедендік бақылау негізіне БСҰ ережелері жатады. 1994 жылғы тарифтер және сауда туралы Бас Ассамблея (ГАТТ) бойынша импорттық баж төлеудің басты мақсатты негізі болып мәміле құны саналады, ол бағаның түзетуін ескереді.

Қазақстан Республикасындағы кедендік саясатты жүзеге асырушы орган – қазақстандық кедендік қызмет, ол ҚР Президентінің 1991 жылғы 12 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Кеден комитетін құру туралы» Жарлығы негізінде құрылған. Қазақстанның кеден органдары біртұтас жүйені құрайды, оның құрамына Орталық кеден органы, кедендік комитет, кедендік басқарма және еркін экономикалық аймақта орналасқан дербес кедендік органдар кіреді. Республикадағы кедендер мен кедендік бекеттер саны 100-ден астам.

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы №296-IV Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы кодексіне сәйкес *кеден* дегеніміз – кедендік шаралардың жүруі үшін арнайы белгіленген және тиісінше жабдықталған орган [46].

Кеден елдің кедендік шекарасында орналасуы міндетті емес. Ол кедендік территорияның ішінде де орналасуы мүмкін. Кеден қызметіне кедендік реттеу нәтижелері тікелей тәуелді болады. Кедендік органдардың төмендегі буынының жоғарғы буынға орталықтануы және бағынуы, кедендердің жергілікті әкімшілікке тәуелсіздігі жүйені құрудың айрықша белгісі болып табылады.

Кедендік құн – қазіргі кеден тарифтік жүйелердің негізгі элементі, бірақ ол кедендік бажды есептеу үшін де, ұлттық өнеркәсіпті қорғау үшін де керек. Баж салынатын базаны анықтау үшін БСҰ-ның ұсыныстары бойынша кедендік құнды анықтап алу керек. Төленетін баж келесі формуламен анықталады:

$$C=KQ*KM,$$

мұндағы  $C$  – кедендік баждың сомасы;  $KQ$  – кедендік құн;  $KM$  – кедендік мөлшерлеме.

Кеден органдарының жүйесі орталық кеден органынан, кедендік қызмет басқармасынан, кеденнен, кедендік бекеттерден тұрады.

*Кедендік басқармалар* – орталық орган мен жергілікті кедендік мекемелер арасындағы кедендік органдар жүйесіндегі аралық буын болып табылады.

ҚР кеден органдарының негізгі қызметтері:

- ҚР кедендік саясатын жасау мен оны жүзеге асыруға қатысады;
- өз құзыреті шегінде экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді және біздің мемлекеттің экономикалық мүдделерін қорғайды;
- кедендік төлемдер, алымдар мен салықтарды алып отырады, Қазақстанның шекарасы арқылы тауарлар мен транспорттық құралдардың қозғалысы кезінде кедендік ережелердің сақталуын қамтамасыз етеді.

*Кедендік бекет* – кеден органдары жүйесінің алғашқы буыны, ол белгілі бір нүктеде немесе белгілі бір территорияда кедендік құжаттарды толтыру және кедендік тексерулер жүргізуге арналған өкілетті орган. Бүгінде кедендік қызметтер комитет аппара-

тынан, 14 облыстық кедендік басқармадан, 22 кеденнен және 127 кедендік бекеттен тұрады. Кедендік қызмет сонымен бірге әскери-шекаралық міндетті орындайды.

Кеден органдарының ұйымдастырушылық құрылымы мен олардың қызметтерін қарастырғанда, оның құрамына төмендегідей бөлімдер кіреді:

1. Кедендік тексеруді ұйымдастыру бөлімі.
2. Кедендік төлемдер бөлімі.
3. Контрабандамен және кеден ережесін бұзушылықпен күрес бөлімі.
4. Кедендік қорғау мен режим бөлімі.
5. Тауарлардың жеткізілуін транзиттік бақылау бөлімі.
6. Кедендік статистика бөлімі.
7. Өзіндік қауіпсіздік бөлімі.
8. Кадрлар бөлімі.
9. Бухгалтерлік есеп пен есеп беру бөлімі.
10. Қамтамасыз ету бөлімі.
11. Ақпараттық қорғау бөлімі.
12. Баспасөз бөлімі.
13. Сыртқы экономикалық байланыс бөлімі.
14. Ақциздік кедендік бекет.
15. Заң бөлімі.

Кеден ісін ұйымдастыру.

Бірінші буын. Республикамыздың тәуелсіз мемлекет болуы және әлемдік шаруашылықтың қатысушысы болуы халықаралық экономикалық қатынасты дамытуды талап етеді, сондықтан халықаралық байланыстың бірінші буынына елдің әлемдік шаруашылыққа ену дәрежесін айтуға болады, ол экономиканың ашықтығымен сипатталып бағаланады.

Екінші буын. Бұл мақсатты жүзеге асыру мен күткен нәтижені алуда мемлекет және әрбір жеке адам үшін мемлекеттің сыртқы экономикалық, қаржы, салық, валюта, сыртқы сауда салаларына деген ғаламдық мүдделілікті арттыру болып табылады.

Үшінші буын. Бұған кедендік саясат жатады және ол кедендік іс арқылы жүзеге асады. Кедендік іс Қазақстан кеден саясатының мына мақсаттарын ұстанады: қазақстандық рынокты және қазақстандық өндірушілер мен тұтынушыларды қорғау; мемлекеттің экономикалық дамуына ықпал ету; одан кейінгі экономиканың құрылымдық жағынан қайта құрылуына көмектесу; бәсекелес-

тікті нығайту; дайын өнім экспорты мен импорты алмастырушы өндірісті ынталандыру; шетел инвестицияларын тарту және т.б.

Қазақстан Республикасы ашық экономикаға көшуі басқа мемлекеттермен кедендік одақ және еркін сауда аймақтарын құруды, халықаралық экономикалық бірігуді одан әрі дамыту мен тереңдету мақсатында кеден мәселелері жөнінде келісімдер жасау дегенді білдіреді. Сол сияқты жеке және заңды тұлғалар әлемдік қоғамдастық өмірге қатысуға, республика кедені шекарасында және одан тыс жерлерде сыртқы экономикалық қызмет жасауға құқылы. Мұндай процестерді реттеуде мемлекеттің кедендік шекарасынан тауарлар мен көлік құралдарын өткізудің негізгі қағидалары қолданылады.

*Бірінші қағида.* Республиканың кедендік аумағына тауарлар мен көлік құралдарын еркін әкелу және оларды территориядан шығару жатады. Мұнда кедендік территорияға жататындар: еркін кедендік аймақтар мен еркін қоймалардан басқа құрғақ жолды аймақтар, территориялық сулар, ішкі сулар және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі.

*Екінші қағида.* Республикаға тауарлар, транспорттық құралдарды енгізу мен оған тыйым салу жатады. Алғашқы қағиданы ескере отырып, мұндай қарама-қайшылық тәжірибеде болатын тауарлар және транспорттық құралдарды енгізуге, шығаруға шек қоюға қажеттілігімен түсіндіріледі. Кейбір жағдайларда шетел өнімдерінің мөлшерден тыс көп болып кеткенде ұлттық экономикаға теріс әсер етуі мүмкін, сол кезде оған шек қойылады. Сыртқы сауда айналымын реттеудің мұндай әдісі тәуекелді және ыңғайсыз болып келеді, сондықтан кедендік баждар орнату тиімдірек.

Кедендік шекара арқылы алып өтуге рұқсат етілмеген немесе шектелген тауарлар және транспорттық құралдар Қазақстан Республикасының заңына сәйкес иелеріне қайтарылады немесе кеден органдары арқылы конфискацияланып, соттың шешімімен мемлекет меншігіне ауысып, аукционға шығарылып, сатылуы мүмкін.

*Үшінші қағида.* Тауарлар және транспорттық құралдарды әкелу мен шығаруға лимит қою. Жаңадан қойылған шектеулер – заңды акті түрінде 30 күннен кейін күшіне енеді.

*Төртінші қағида.* Тауарлар және транспорттық құралдардың кедендік шекара арқылы өту қағидасы кедендік режиммен сәйкес жүзеге асады. Оның мағынасы: шекара арқылы тек еркін қозғалуға сәйкес кедендік режим таңдауға мүмкіншілік береді. Мұнда

дұрыс кедендік режим таңдап алу керек, өйткені дұрыс таңдау кедендік төлемдердің көлеміне байланысты болады. Тауар иесі алдында тандалған кедендік режимді өзгерте алады. Шекарадан өтпес бұрын тауарлар мен транспорттық құралдар кедендік құжаттау және кедендік бақылаудан өтуі тиіс.

Қазақстан Республикасының *кедендік шекарасына* жататындар: кедендік территория параметрі, кедендік аймақтар және еркін қоймалар параметрі. Кедендік құжаттауды жүзеге асыру кезінде кедендік режим анықталады және кедендік шекара арқылы өту процесі аяқталады.

Кедендік бақылау Қазақстан Республикасының кеден органымен, кеден заңын орындау және осы заңды бұзуды болдырмау үшін жүзеге асырылады.

*Бесінші қағида.* Кедендік режимдерге сәйкес тауарлар мен транспорттық құралдарды тауар иесі пайдалана алады. Оны бақылау және оның орындалуын кеден органдары жүзеге асырады. Мысалы, экспортқа арналған тауарлар кедендік территориядан тыс жерлерде өңделе алмайды.

*Алтыншы қағида* – шартты шығарылған тауарлар мен транспорттық құралдарды пайдалану және қолдану қағидасы. Бұларға кедендік төлемдер мен салықтар бойынша жеңілдіктер беріледі. Тауарлар иесі берілген мақсаттар мен кеден органдары белгілеген түрде шарттарды орындауға міндеттенеді.

*Негізгі кеден операцияларын жүргізу технологиясы.* Кеден шекарасы арқылы өтетін барлық тауарлар сыртқы экономикалық қызмет процесінде мәлімдегенде ғана өткізіледі. Тауарларды мәлімдеу нақты көрсетілген тәртіп бойынша жасалады. Кеден органына кеден декларациясын беру кедендік мәлімдеудің негізгі шарты болып табылады. Жүк кеден декларациясы нақты қалыптарға сәйкес толтыруға тиісті белгіленген үлгі ретінде қолданылады. Мәлімдеу процесі екі түрлі жолмен жүзеге асырылуы мүмкін: тікелей жүк жіберушілермен не кедендік делдал фирмалар көмегімен. Екінші жағдайда кедендік шараларды өту және кеден құжаттарын дайындау бойынша барлық қызметтер көрсетіледі. Кеден декларациясын толтырудағы сәйкессіздік, кеден шараларын өтудің талаптарын орынсыз орындау және төлемсіздік мәселелері тауарды өткізбеуге жеткілікті негіз болады. Сонымен қатар сыртқы экономикалық қызметте қолданылатын заңдылықтармен мұқият танысуы және сауалдарға жауап берулері қажет.



*Кедендік бақылау* – Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды тұлғаларымен келесі нысанда жүзеге асады:

- кедендік бақылауға қажетті құжаттар мен мәліметтерді тексеру;
- тауарлар мен транспорттық құралдары кедендік тексеру;
- жеке тексеру;
- республика кеден шекарасы арқылы өтетін заттарды есепке алу;
- жеке және лауазымды тұлғаларды ауызша сұрау;
- есептілік және құжаттылық жүйесін тексеру;
- кедендік бақылауға жатқызылатын заттар орналасатын уақытша сақтау қоймасы, кеден қоймасы, бажсыз сауда дүкені және өзге жерлердің аймақтары мен бөлмелерін тексеру;
- кеден баждары мен өзге төлемдерді жинау.

Кедендік бақылау механизмі кедендік комитетпен анықталады және кеден органдары адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, тауарлар мен көлік құралдарына зиян келтірмейтін техникалық құралдарды қолдана алады.

ҚР Кеден комитеті экономиканың әртүрлі секторларында Қазақстан Республикасының кедендік саясатын жүзеге асырудың экономикалық, ұйымдастырушылық және құқықтық механизмдерін жасайды, олардың тәжірибеде қолданылуын қамтамасыз етеді.

Қазақстанда болып жатқан терең саяси және әлеуметтік-саяси өзгерістер кедендік істің кеңеюі мен күрделенуіне жағдай жасады, нәтижесінде кедендік бақылау құзырына өзгерістер енгізілді. Сыртқы сауданың мемлекеттік монополиясынан бас тартуға және өндірушілердің сыртқы рынокқа өз бетінше шығуына байланысты кедендік тексеру шаралары да бірқатар өзгерістерге ұшырады.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Кедендік инфрақұрылымның мақсаты және бағыты.
2. Кедендік органдардың фискальдық, бақылаушы және реттеуші қызметтері.
3. Кедендік істің халықаралық координациядағы орны.
4. Кедендік органының құрылымы.
5. Кедендік саясаттың негізгі қағидалары.
6. Кедендік жүйенің негізгі операциялары.

**«Кедендік инфрақұрылым және оның дамуы» тақырыбы бойынша  
білімді бағалау түрлері**

**СӨЖ сұрақтары**

1. Сыртқы экономикалық операциялар.
2. Сыртқы экономикалық қызметтегі тарифтік реттеу.
3. Тауарлардың кедендік режимдері.
4. Кедендік төлемдер.
5. Кедендік бақылау қызметі.

**Рефераттар тақырыптары**

1. Кедендік саясаттың негізгі қағидалары.
2. Кедендік жүйенің негізгі операциялары.
3. ҚР кеден саясатының мәселелері мен болашағы.
4. Сыртқы сауда жүктерін тасымалдау технологияларына сипаттама.
5. Транспорттық кәсіпорындардың жауапкершілігі.
6. Ұлттық стандарттар – техникалық және санитарлық нормалар.
7. Импорт үшін қоймаларды пайдалану жолдары.

**Тест тапсырмалары**

**1. Қазақстанда алғашқы кеден Жарғысы қашан қабылданған?**

- А) 1924 жылы
- Ә) 1923 жылы
- Б) 1922 жылы
- В) 1925 жылы
- Г) 1928 жылы

**2. Кеден бажы келесі формуламен есептеледі:**

- А)  $C = KК / КМ$
- Ә)  $C = KК * КМ$
- Б)  $C = KК * КМ / 2$
- В)  $C = (KК * КМ) / 2 * 100\%$
- Г)  $C = КМ / KК$

**3. ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының Кеден комитетін құру туралы» Жарлығы қашан шықты?**

- А) 1990 жылы 12 желтоқсан
- Ә) 1992 жылы 12 желтоқсан
- Б) 1991 жылы 12 желтоқсан
- В) 1993 жылы 12 желтоқсан
- Г) 1994 жылы 12 желтоқсан

**4. ... дегеніміз – кедендік шаралардың жүруі үшін арнайы белгіленген және тиісінше жабдықталған орган.**

- А) кеден басқармасы
- Ә) кеден бекеті

- Б) орталық кеден органы  
В) кеден  
Г) кеден комитеті
- 5. ... дегеніміз – орталық кеден органы мен жергілікті кедендік мекемелер арасындағы кедендік органдар жүйесіндегі аралық буын.**
- А) кеден басқармасы  
Ә) кеден бекеті  
Б) орталық кеден органы  
В) кеден  
Г) кеден комитеті
- 6. Кеден органдары жүйесінің алғашқы буыны:**
- А) кеден басқармасы  
Ә) кеден бекеті  
Б) орталық кеден органы  
В) кеден  
Г) кеден комитеті
- 7. Кедендік қызмет қосымша қандай міндетті орындайды?**
- А) кәсіпкерлік  
Ә) әлеуметтік  
Б) әскери-шекаралық  
В) білім беру  
Г) қайта даярлау
- 8. Қазақстан Республикасы кеден органдары жергілікті әкімшіліктерге ... .**
- А) тәуелді  
Ә) тәуелсіз  
Б) ішінара тәуелді  
В) толық тәуелді  
Г) дұрыс жауап жоқ
- 9. Кеден органдарының жүйесі неше сатыдан тұрады?**
- А) 5  
Ә) 2  
Б) 3  
В) 4  
Г) 6
- 10. Кедендік бақылаудың негізі келесі халықаралық ұйымның ережелеріне бағынады:**
- А) БҰҰ  
Ә) ГАТТ  
Б) НАТО  
В) БСҰ  
Г) БТҰ

- 11. Қазақстан тарихында кедендік кодекс алғаш рет қай жылы қабылданған?**
- А) 1924 жылы
  - Ә) 1923 жылы
  - Б) 1922 жылы
  - В) 1925 жылы
  - Г) 1928 жылы
- 12. Қазақстан Республикасы Кеден жүйесінің ең жоғары органы:**
- А) кеден бекеті
  - Ә) кеден басқармасы
  - Б) орталық кеден органы
  - В) кеден
  - Г) барлық жауап дұрыс
- 13. Төмендегілердің ішінен кеден органы қызметіне сай келетінін белгілеңіз:**
- А) шикізат ресурстарын барлау, өндіру, өңдеу
  - Ә) ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерді өңдеу
  - Б) нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау
  - В) шекара арқылы өтетін тауарлар мен транспорттық құралдардың қозғалысы кезінде кедендік ережелердің сақталуын қамтамасыз ету
  - Г) дұрыс жауап жоқ
- 14. Кеден органдары құрылымына келесі бөлімдер кіреді. Дұрыс емес жауабын табыңыз:**
- А) кедендік төлемдер бөлімі
  - Ә) кедендік статистика бөлімі
  - Б) акциздік кедендік бекет
  - В) кадрлар бөлімі
  - Г) бағалы қағаздарды орналастыру бөлімі
- 15. Қазақстанда неше кедендік бекет жұмыс істейді?**
- А) 110
  - Ә) 120
  - Б) 125
  - В) 127
  - Г) 130
- 16. Төмендегілердің ішінен кеден органының құрылымына кіретін бөлімді көрсетіңіз:**
- А) жұмыспен қамту бөлімі
  - Ә) кедендік статистика бөлімі
  - Б) ауылшаруашылығы бөлімі
  - В) заң шығару бөлімі
  - Г) білім беру бөлімі

- 17. Қазақстанның «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы әлемнің аса ірі теміржол компанияларының ішінде нешінші орында?**
- А) бесінші
  - Ә) сегізінші
  - Б) жетінші
  - В) төртінші
  - Г) тоғызыншы
- 18. Қазақстан Республикасының кеден органдары жүйесі ... негізінде құрылған.**
- А) ҚР Президентінің «Кеден комитетін құру туралы» Жарлығы
  - Ә) ҚР-дың «Кеден органдарын құру туралы» Заңы
  - Б) ҚР-дың «Кеден органдарын және кеден бекеттерін құру туралы» Заңы
  - В) ҚР Президентінің «Қазақстанның біртұтас кеден органдарын құру туралы» Заң күші бар Жарлығы
  - Г) ТМД елдері қабылдаған Алматы Декларациясы

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Назарбаев Н.Ә.* «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Президенттің Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2006. – №55(24632) – 01 наурыз.
2. *Назарбаев Н.Ә.* «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол». Президенттің Қазақстан халқына жолдауы. – Астана, 11 қараша 2014 ж.
3. *Говорин А.А.* Инфраструктура современного предпринимательства: проблемы теории и практики. – М., 2009.
4. *Голиков Н.Ф.* Инфраструктурно-территориальный комплекс. – Алматы, 1990. – С. 13-14.
5. Абалкин Л., Григорян Г., Мотылев В. [и др.]. Исследование новых явлений в экономике капитализма // Коммунист. – 1968. – №18. – С. 114.
6. *Мамыров Н.К.* [и др]. Основы рыночной инфраструктуры. – Алматы: КазЭУ им. Т.Рыскулова, 2000.
7. *Муханова Е.Б.* Теоретические основы и пути формирования рыночной инфраструктуры. – М.: ИЭ РАН, 1999. – С. 13-14.
8. *Кульмухамедова Г.Р.* Инфраструктурная роль образования как сферы приложения труда // Аль-Пари. – 2012. – №3.
9. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңы (2014.29.09 берілген өзгерістер мен толықтырулармен). – Астана, 2014.
10. «Жекешелендіру туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 08.01.2003 ж. №373-ІІ Заңы (2014.12.06 берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
11. «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы (2011.10.02 берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
12. *Ибрагимов Л.А.* Инфраструктура товарного рынка. – М., 2011.
13. Официальный сайт Комитета торговли Министерства экономики и бюджетного планирования Республики Казахстан // [www.minplan.gov.kz](http://www.minplan.gov.kz).
14. «Тауар биржалары туралы» Қазақстан Республикасының 04.05.2009 ж. №155-ІV Заңы («Тауар биржалары туралы» Қазақстан Республикасының 07.04.1995 ж. Заңы күшін жойды). Ақорда, 2009.
15. *Усоскин В.М.* Современный коммерческий банк. – М., 2014.

16. ҚР Статистика агенттігі // Ресми статистикалық ақпарат. <http://www.stat.gov.kz>.
17. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі №303-III «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы (29.09.2014 ж. толықтырулар мен өзгерістермен).
18. *Килячков А.А., Чалдаева Л.А.* Рынок ценных бумаг и биржевое дело. – М., 2008.
19. Закон Республики Казахстан от 2 июля 2003 года №461-III «О рынке ценных бумаг» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 29.09.2014 г.)
20. «Қазақстандық қор биржасы» АҚ мәліметтері // [www.kase.kz/](http://www.kase.kz/).
21. ҚР ҰБ ресми интернет ресурсы // Қаржы секторы көрсеткіштері негізінде <http://www.nationalbank.kz/>.
22. Закон Республики Казахстан «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан» №2444 31.08.1995 г. (с изменениями и дополнениями по состоянию на 15.01.2014 г.).
23. ҚР ҰБ ресми интернет ресурсы. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің 2014 жылға мәліметтері // [www.nationalbank.kz/](http://www.nationalbank.kz/).
24. *Чалдаева Л.А.* Фондовая биржа. Орг. управл. структуры. – М., 2008.
25. *Рубцов Б.Б.* Зарубежные фондовые рынки: инструменты, структура, механизм функционирования. – М., 2006.
26. *Шалғымбаев К.Б., Шалғымбаева Т.Н., Дивиденко Н.Б.* Казахстанский фондовый рынок: организация, потенциал, императивы роста. – Алматы: Қаржы-қаражат, 2007.
27. *Аубакирова Ж.Б.* Инфраструктура как экономическая категория // Аль-Пари. – 2007. – №2.
28. *Сажин А.Ф., Смирнова Е.Е.* Институты рынка. – М., 2002.
29. ҚР даму институттары.
30. ҚР даму институттары.
31. ҚР даму институттары.
32. ҚР даму институттары.
33. ҚР даму институттары.
34. Закон Республики Казахстан от 8 января 2003 года №373-III «Об инвестициях» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.06.2014 г.).
35. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы. – Астана, 2013.
36. *Муравьев А.И.* Предпринимательство: учебник. – СПб., 2011.

37. Закон Республики Казахстан от 18 декабря 2000 года №126-ІІ «О страховой деятельности» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 28.11.2014 г.).
38. *Алыкпашев Ж.Т.* Зарубежный опыт развития инфраструктуры: сравнительный анализ // ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы. – 2012. – №1(47).
39. «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №149 Заңы. Астана.
40. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтарда №217-ІІІ «Ақпараттандыру туралы» (29.12.2014 ж. өзгертулері мен толықтыруларымен) Заңы.
41. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашада қабылданған №304-І «Аудиторлық қызмет туралы» (29.12.2014 ж. өзгерістер мен толықтырулармен) Заңы. 4-бап. – Астана, 2014.
42. *Сухова Л.Ф.* Транспортное обслуживание международных экономических связей: учебное пособие. – Алматы, 2008.
43. *Игалиев М.* Новая энерготранспортная политика Казахстана в начале XXI века // Саясат. – 2008. – №4.
44. *Баяхметов Т.Б., Омарова Б.А.* Пути развития транспортных услуг в Казахстане. – Алматы, 2001.
45. *Курбанов Р.* Современное состояние туризма в Казахстане: проблемы и перспективы развития. – 2002.
46. *Папирян Г.А.* Экономика туризма МЭО. – М.: Финансы и статистика, 2009.
47. Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы №296-ІV Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы Кодексі (2014.29.12 берілген өзгерістер мен толықтырулармен). – Астана.
48. *Ахметова Г.И.* Экономическая сущность социальной инфраструктуры и механизм ее функционирования // Вестник КазНУ. Серия экономическая. – 2010. – №3 (49).
49. *Қуанышбаев А.* Инновационная инфраструктура развития экономики // Саясат –Policy. – 2009. – №12.
50. *Кисилев Г.* Инфраструктура рыночного хозяйства. – М., 2012.



## **МАЗМҰНЫ**

|   |     |
|---|-----|
| <b>АЛҒЫ СӨЗ</b> .....   | 3   |
| <b>1. ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ТАЛДАУДЫҢ<br/>ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ</b> .....                                      | 7   |
| 1.1. Экономиканың инфрақұрылымдық қамтамасыз<br>етілуінің негіздері.....  | 7   |
| 1.2. Рыноктық шаруашылық жүйесіндегі<br>инфрақұрылым: мәні, түрлері, элементтері<br>және дамыту бағыттары .....   | 20  |
| <b>2. ТАУАР РЫНОГЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ<br/>ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ</b> .....                                     | 29  |
| 2.1. Тауар рыногының инфрақұрылымы: мәні,<br>элементтері және түрлері .....                                       | 29  |
| 2.2. Тауар биржалары – рыноктық инфрақұрылымның<br>элементі ретінде .....   | 33  |
| 2.3. Тауар рыногының инфрақұрылымдық кешеніндегі<br>көтерме және бөлшек сауда. Көрме, жәрмеңке<br>қызметтері..... | 43  |
| <b>3. КАПИТАЛДАР РЫНОГЫНЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ</b> .....  | 65  |
| 3.1. Қор биржасы – қазіргі кезеңдегі капиталдар рыногының<br>негізгі институты.....                               | 65  |
| 3.2. Қазіргі кезеңдегі банк құрылымы: институттары,<br>қызметтері және динамикасы.....                            | 77  |
| 3.3. Капиталдар рыногының<br>инвестициялық институттары.....  | 96  |
| 3.4. Зейнетақы және зейнетақы қорлары .....   | 99  |
| 3.5. Капиталдар рыногының сақтандыру институты.....   | 107 |

---

|   |            |
|---|------------|
| <b>4. ЕҢБЕК ЖӘНЕ АҚПАРАТ РЫНОКТАРЫНЫҢ<br/>ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ.....</b>                                  | <b>127</b> |
| 4.1. Еңбек биржасы және оның қызметтік операциялары .....   | 127        |
| 4.2. Ақпарат рыногының базалық институты ретіндегі<br>аудиторлық және консалтингтік фирмалар..... | 134        |
| 4.3. Коммуникативтік инфрақұрылым және оның даму<br>динамикасы.....                               | 140        |
| <b>5. ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТТЕР РЫНОГЫ.....</b>  | <b>159</b> |
| <b>6. КЕДЕНДІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖӘНЕ<br/>ОНЫҢ ДАМУЫ .....</b>   | <b>171</b> |
| <b>ӘДЕБИЕТТЕР.....</b>  | <b>181</b> |

Оқу басылымы

*Бимендиева Лейла Абдрашиқызы*

## **РЫНОКТЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ**

*Оқу құралы*

Редакторы *К. Сәбит*  
Компьютерде беттеген және  
мұқабасын көркемдеген *Ғ. Қалиева*

Мұқабаны безендіруде пайдаланылған сайт  
[www.money-11.com](http://www.money-11.com)

### **ИБ № 8184**

Басуға 22.04.2015 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>.  
Көлемі 11,62 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс № 766.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды